Когда встал вопрос о присвоении имени нашему Северо – Казахстанскому государственному университету, мы с Канаевой Тamarой Михайловной, которая в то время была заведующей кафедрой «Всемирная история», а я заведовал кафедрой «История Казахстана и археология» обратились с письмом о присвоении нашему вузу имени замечательного человека и видного ученого Казахстана академика Манаша Кабашевича Козыбаева. Для нас, историков это было особо значимо, поскольку Манаш Кабашевич был истинным историком и, кроме того, нашим хорошим знакомым, с которым мы встречались не только в стенах Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Валиханова, но и в здании нашего университета.

Позднее, когда наш университет уже был удостоен имени академика Манаша Козыбаева я познакомился с его супругой, милой апашечкой Сарой Пшембаевной, которая посвятила всю свою прекрасную жизнь Манашу Кабашевичу. С высоты прожитых лет начинаешь признавать, какую роль в твоей жизни играет или играла спутница жизни, которая всегда была рядом с тобой и была готова поддержать тебя в любых жизненных ситуациях. Эта красивая, небольшого роста женщина, была воплощением любви и нежности к своему мужу – Манашу Кабашевичу.

Десять лет назад, к светлому празднику Наурыз мы торжественно открыли музей университета в отреставрированном двухэтажном старинном здании братьев Светлинских – памятнике архитектуры XIX века, находящегося на территории университетского городка, что было удобно для создания музея университета и интернет – кафе в этом архитектурном ансамбле. Архитектурно – планировочный проект реставрации и приспособления здания под музей был подготовлен по моей рекомендации. Реставрационные работы несколько затянулись, в связи, с чем сроки написания тематико – экспозиционного плана, подготовка чертежей и заявок по изготовлению экспозиционного оборудования сдвинулись, из – за чего резко сокращались сроки создания экспозиции. Приходилось работать почти целыми сутками. Необходимо было расставить витрины, протереть стекла, разместить и закрепить экспонаты, написать и наклеить тексты, вся эта рутинная и в тоже время творческая работа и атмосфера царил в залах будущего музея.

Зал имени академика Козыбаева получился самым красочным и насыщенным и в этом неопределимую помощь оказала лично Сара Пшембаевна и родственники Манаша Кабашевича. При оформлении зала не возникало проблемы в поиске смотрительных экспонатов, рассказывающих о жизни и деятельности ученого, коллеги, друга, семьянина и гражданина Республики Казахстан. Прошло уже десять лет, но я считаю, что этот зал в нашем музее самый красивый и содержательный.

Стало доброй традицией нашего вуза – первокурсников, студентов университета для знакомства с учебным заведением посещение музея Северо – Казахстанского университета им. М. Козыбаева, в котором отражена история вуза, достижения университета, преподавателей и студентов. Особое значение имеет представление в музее зала академика Козыбаева, где молодежь узнает о великом ученом, имя которого носит наш замечательный университет.

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АТЫНА ЖОЛДАНҒАН ХАТТАР:
АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ТАРИХИ
ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРЫ**

Сүлейменова Ә.

(Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің бас сарапшысы)

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері өз кезегінде республиканың қоғамдық – саяси өміріне белсене араласады. Олардың алар орнын қоршаған ортамен, немесе өзі өмір сүріп, қызмет еткен қоғамның дамуымен байланыстыра қарау қажет.

Өзгермелі өмірдің өзегіндегі тарихшы ғұмыры академик М.Қ. Қозыбаевтың маңдайына жазылған ақиқат. Отандық тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы жолындағы оның ұйымдастырушылық қызметіне тиісті бағалар беріліп те жатыр. Ғалымның ұлттық мәдени мұраларды жаңғырту, оны насихаттау, тарихнамасы мен зерттеу методологиясына және т. б. тақырыптарға қатысты айшықты еңбектері қазақ тарихының библиографиясында өзіндік орынға ие. Тәуелсіз елді қалыптастыру кезеңінде М.Қ. Қозыбаев республикадағы тарихи ақтандақтар мен бозтандақтардың қайта қалпына келтірілуіне, тарихи мұраларды насихаттау мен сақтау мәселелеріне қатысты нормативтік актілер мен тұжырымдамалардың құрастырылуына үлкен үлесін қосты. Бұқаралық ақпарат құралдарында басқа да белгілі тұлғалармен бірлесе және өз атынан ашық хаттар мен мақалалар жариялап, халық санасында сілкіністердің орын алуына жағдай жасады. Халық қалаулысы бола жүріп, халық атынан ел билігіне қарата тұрғындардың талап – тілектерін жеткізді. Оның аталған кезеңдегі жұмысы төмендегі қызметтерімен тығыз байланыста жүргізілді.

1990 – 1992 жж. – Қазақ КСР – і Жоғарғы Кеңесінің Ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі, 1990 – 1993 жж. – Қазақ КСР Халық депутаты болып сайланды.

1992 – 1993 жж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мүшесі.

1993 ж. – ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі.

– ҚР Тарих және мәдениет қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми–методикалық кеңесінің төрағасы.

– Республикалық тарихи ағартушылық «Әділет» қоғамының президенті.

– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Жаппай саяси қуғын – сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» комиссиясының төрағасы болып тағайындалды [1, 224 б].

М.Қ. Қозыбаевтың өмірі мен қоғамдық – саяси қызметі туралы еңбегінде М. Асылбеков пен З. Төленова академик ғалымның өмірін бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынады. Соның ішінде «... Төртінші кезең – 1985 – 1991 жылдар. Кеңес Одағында жариялылық, демократияға бет бұру, оның соңы Кеңес Одағының тарауымен аяқталған кезең. Бұл кезде де М. Қозыбаев Қазақ КСР Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызмет істеп, ғылыми белсенділігін күшейте түскен жылдар болатын» деп көрсетеді [1, 23 – 24 б]. Тәуелсіз елдің саяси тарихының жаңаша көзқарастармен қарастырылып, жаңа бағыттардың жолға қойылуына мұрындық болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне мемлекеттік сақтауға алынған жеке қорының дереккөздері

негізінде дайындалған құжаттар жинағының алғысөзінде Т.Е. Әбілова: «М.Қ. Қозыбаев көптеген алыс және жақын шетелдерде өткізілген X Халықаралық тарихшылар конгресінің, XIX Халықаралық әскери тарихшылар конгресінің жұмыстарына қатысты. Қазақстанда тарих саласы бойынша жалпы және әлемдік тарих, шығыстану, дипломатия, әскери тарих, көптеген қосымша тарихи жанрлардың (тарихнама, дереккөзтану, нумизматика, музейтану және т. б.) дамуы кенжелеп қалған болатын» – деп атап көрсетеді [2, 80 б].

Жоғарыда аталған халықаралық құрылтайларға қатыса жүріп ел ертеңіне қажетті мәселелерді елге алып келу, елде дамыту мәселесін жиі көтеріп отыратын. Ғылым Академиясының салалық институтында әскери тарих ғылымын өркендету мақсатында, арнайы бөлім ашуды жоспарлады. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Тарих және этнология институтының директоры, академик, халық депутаты М.Қ. Қозыбаевтың ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа, ҚР Қорғаныс министрі, генерал – полковник С.Қ. Нұрмағамбетовтың атына жазған әскери – ғылыми зерттеулер ұлттық орталығын, ұлттық әскери музей, әскери архив және баспахана базасын және т.б. бейіндік мекемелерді құру мәселелерін қарастыру жөніндегі ұсыныс хаты 1993 жылы 2 тамызда жолданған.

«Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Әскери тарихшылардың халықаралық ұйымының (1938 ж. бастап өмір сүруде) шақыруымен биылғы жылғы 16 – 26 шілде аралығында Стамбул қаласында өткен Әскери тарихшылардың Халықаралық XIX конгресінің жұмысына қатыстым. Халықаралық коллоквиумның жұмысына қатысу, түрік және басқа да мемлекеттердің тәжірибесін сараптау барысында төмендегідей ұсыныстарды Сіздің қарауыңызға ұсынуға негіздеме болады:

1. Республикамызда Қорғаныс министрлігі жанынан Әскери – ғылыми зерттеу жөніндегі ұлттық орталығын құру қажет.

2. Ұлттық орталықты құрғанға дейін Қазақстан Республикасы ҰҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында уақытша әскери тарих мәселелері бөлімін құру.

3. Әскери тарихшыларды біріктіретін республикалық әскери – тарихи ғылыми қоғам ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық әскери музейін құру жөніндегі дайындық жұмысын бастау қажет.

5. Қазақ халқының ауқымды хронологиялық көлемдегі әскери тарихын қайта жасақтау үшін түпнұсқа құжаттармен жабдықталған Қазақстан Республикасының Әскери архивін құруды қолға алу.

6. Әскери баспаға, «Әскери білім» (екі тілде) журналын шығаруға қажетті дербес баспа базасын құру.

7. Бірқатар елдердің тәжірибесі бойынша әскери тілашар, әскери терминдер сөздігін, қазақ тіліндегі жарғылар, әскери лексиканы дайындау жөніндегі жұмыстарды шұғыл бастау қажет.

8. Ұлттық әскери оркестрді құру жөніндегі жұмыстарды бастау.

Бұл мәселелерді шешу қаржы мен уақытты талап ететінін түсінемін. Бірақ, бір анығы, олардың шешілуін ерте ме кеш пе уақыт талап ететін болады» [3]. Ал ғалымның Архивтегі жеке қорына сақтауға алынған есеп осы жазбаның мәліметтерін нақтылай түседі. Құрастырушылар жазылған уақытын шамамен 1993 жылғы шілде деп көрсеткен «Стамбул қаласында өткен әскери тарихшылардың XIX халықаралық коллоквиумының (Конгресі) жұмысының нәтижелері туралы есебі» аталған шараның барысын жан – жақты баяндайды.

«Коллоквиумның аясында архив және библиографиялық комитеттер жұмыс істеді. Библиографиялық комитеттің 20 шілдедегі мәжілісінде Қазақстан оның

мүшелігіне қабылданды. Осы күні Әскери тарихшылардың халықаралық комиссиясының президенті Стултен (Голландия) мені қабылдады және Қазақстанның бұл ұйымның мүшелігіне бірнеше жыл қатарынан мүшелік жарнасыз мүшесі болып қабылдануы туралы мәселені қарауға келісім берді. Конгресс қатысушылары негізінен бұрынғы әскерилер, бұрынғы бас штаб қызметкерлері, әскери академиялардың басшылары, өз елдерінің жоғарғы санаттағы ықпалды адамдары болды. Түрік тарапы конгреске ерекше, мұқият назарын аударды.

НАТО елдерінің әскери доктриналарының білгірлерімен, қызықты адамдармен араласу өте пайдалы болды. Польша Әскери институтымен, Түркия мен Швейцария, Израиль елдерінің әскери тарихшыларымен ғылым серіктестік туралы келісімге қол жеткізілді. Израильдік делегациямен кездесу барысында бұл елде Б. Момышұлы атындағы офицерлік мектеп бар екендігі, генерал И.В. Панфиловтың аты ерекше құрметтелетіндігі анықталды. Б. Момышұлы атындағы мектеппен байланыс орнату туралы келісім жасалды. Швейцариялық «Военное обозрение» журналы Қазақстан Республикасының әскери доктринасы туралы менің мақаламды қабылдады. Ол француз тілінде жарияланатын болады. Келгеннен кейін мен ҚР Президенті мен ҚР Қорғаныс министрінің атына төмендегі жазбаны қарауға ұсындым» [4]. Бұл есеп академиктің жеке қорындағы екінші нұсқасы, шимайжазба түрі. Жоғарыдағы хатта көрсетілген 1993 жылғы 2 тамыз уақыты екі құжаттың бір мезгілде дайындалғандығын көрсетеді.

Манаш Қабашұлы еліміз егемендігін жариялаған тұста Қазақстан Қарулы Күштерін қайта құру жөніндегі қоғамдық пікірлерге қызу араласты. Аталған саланың қажеттілігін ғылыми тұрғыдан дәлелдей отырып, жоғары билік алдына бірнеше рет нақты ұсыныстарын айтты. Бұл жөнінде: «республика Үкіметіне Қазақстанның әскери тарихын дайындау жөніндегі Үйлестіру Кеңесін құру қажеттілігі туралы хат түсіреді. Қазақстан ҰҚК Әскери институты мен Қарулы күштердің Әскери академиясында әскери ғылым, тарихы, әскери педагогика мен психология бойынша мамандар дайындайтын адъюнктураның ашылуында М. Қозыбаевтың үлкен үлесі бар» [1, 100 б].

Аталған оқу орындарында Диссертациялық кеңес ашу қажеттілігі туралы алғашқы ұсыныс та Манаш Қабашұлы тарапынан жасалған болатын. Кейіннен ҚР ҰҚК Әскери институты мен Қорғаныс министрлігінің Әскери – ғылыми орталығының Біріккен Диссертациялық кеңесінің төрағасы, Әскери академияның әскер тарихы жөніндегі Диссертациялық кеңесінің мүшесі ретінде әскери ғылымның дамуына елеулі ықпалын тигізеді [1, 100 б]. Жеке тектік қорындағы суреттерде қайраткер ғалымның еңбегінің нәтижесі көрсетілген. Алматы қаласында 2000 жылы өткізілген «Ұлттық қауіпсіздік пен әскери құрылысты қамтамасыз етудегі ғылымның ролі» атты ғылыми – теориялық конференция қатысушыларының топтасып түскен суреті сақталған. Ондағы тұлғалар қатарында солдан оңға қарай: 2. ҚР ҰҚК Әскери институтының бастығы М.А. Мәжитов, 3. ҚР ҰҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры М.Қ. Қозыбаев, 10. ҚР Қарулы Күштері Әскери академиясының бастығы А. Тасболатов бейнеленген [2, 111 б].

Саяси және экономикалық дамудың тарихы, атрихи кезеңдерді ғылыми зерттеулер саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың барысы мен нәтижелері жайында бұқаралық ақпарат құралдарында мәселе көтеріп отырды. М.Қ. Қозыбаев «Столичное обозрение» газетіне 1998 жылғы 3 сәуірде жарияланған «Әлемдік өркениет тарихындағы қазақтардың орнын анықтау» атты сұхбатында «Қазір тарихшы ғалымдар қандай жұмыс атқарып жатыр?» деген тілші сұрағына: «Қазақстан тарихының көптомдығымен жұмыс жүргізілуде. Бірінші, екінші томдары шықты. Қазір баспаға қазақ тіліндегі екінші том дайындалып жатыр. Үшінші томның жұмысын бар күшімізбен жүргізудеміз, төртінші, бесінші томдар кезекте тұр. Қорытындылаушы

жұмысты құрудың посткеңестік кеңістіктегі алғашқы тәжірибе екендігін атап өткім келеді. Әскери тарих бойынша жұмыс аяқталды. Ол қазіргі таңда редакцияда. Жақында менің әскери реформаның қажеттілігі туралы мақалам республикалық газетте жарияланды» деп жауап береді [2, 141 б]. Тәуелсіздігіміз жарияланған кезеңде қолға алынған ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстар оң нәтижелерін берді. Қазіргі таңда Қазақстандағы әскери ғылымның қол жеткізген жетістіктері молынан. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанынан Ұлттық әскери – патриоттық орталық – Әскери – тарихи музейі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві заңнамалық талаптарға сәйкес өз міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Қазіргі таңдағы Әскери – тарихи музей – бүкіл еліміздегі техникалық жағынан үздік жабдықталған мекеме. ҚР Қорғаныс министрлігінің ансамблі мен әскери оркестрдің штабы осы музейде орналасқан. Бүкіл елден жиналған 6000 экспонат музейге сақтауға алынған [5]. ҚР Қорғаныс министрінің 1998 жылғы 6 мамырдағы бұйрығымен Қазақстан Республикасының Әскери – ғылыми орталығы – 10234 әскери бөлімі құрылған. 2003 жылдан бастап Ұлттық Қорғаныс университетінің қарамағына Ғылыми орталық ретінде берілді, 2014 жылдан бастап Ғылыми – зерттеу институты болып қайта құрылды [6]. Мемлекеттің саяси–әлеуметтік тарихын жазу, даму кезеңдерін ғылыми – зерттеу барысында эпистолярлық жанрдағы деректер қосымша құнды ақпараттарға ие. М.Қ Қозыбаевтың билік атына жазған хаттары, естеліктері, жеке қорындағы жоғарғы билік атына жазған хаттарының шимайжазба нұсқалары Қазақстан тарихының тәуелсіздік кезеңіндегі салалық дамуын көрсететін маңызды ақпараттарды ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Асылбеков М., Төленова З., Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. –280 бет + 16 бет суретті жапсырма.
2. Козыбаев М.К. Общественный деятель Республики Казахстан, академик АН РК, доктор исторических наук. К 80 – летию со дня рождения (16 ноября 1931 г. – 31 января 2002 г.): Сборник документов. / Отв. редактор. Айдарбеков З. С. Алматы: Архив Президента РК, 2011 – 175 с.
3. ҚР ПА. 5 – Н – қ. 1 – т. 4525 – іс. 3,4 – п.
4. Сонда. 163 – НЛ – қ. 1 – т. 86 – іс. 8 – 10 – п.
5. www.Tourister.ru. Қаралған уақыты 27 шілде 2021 ж.
6. www. nuo.kz Қаралған уақыты 27 шілде 2021 ж.

ӘОЖ. 94. (574)

КӨСЕМСӨЗДЕГІ КЕМЕҢГЕР ОЙЛАР (М. Қозыбаевтың ұлтжандылығы қаһында)

Төлешова Г.Қ., Қожабекова Б.С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

«... ұлт ұлықты болса, ол – мемлекет – орда құрып, өз мәдениетін қалыптастырып, өркенитпен қабыса дамып, белгілі бір кеңістік пен мерзімде оның есігінен сығаламай, төріне шығатын бақыт қонады. Ұлтың рухты болса, ұлың ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба аламаса – ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана», [1] – деп тарихшылардың құлағына алтын сырға іліп кеткен Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың артында қалған мұрасын зерттеудің өзі адамның бойына қасиетті ұлттық сезімді, елжандылықты ұялата түседі. Манаш Қабашұлы – еліміз тәуелсіздік алған

жылдан өмірінің соңына дейін дала өркениетін, ұлттық болмыс, елдің қалыптасуына сүбелі үлес қосқан даналары мен тұлғалары, тәуелсіздік туы астында қазақ елінің қалыптасуының дара жолын қаламымен тарих таспасына жазып кеткен ұлы ғалымымыз.

Өркенниет және ұлт болмысы туралы академик ағамыздық жарық көрген публицистикалық еңбектерін ақтара отырып, халқының ұлы болған жанның ішкі тебіреністерін, ой – санасын, адами тұжырымдары мен құндылықтарын оқып, өзімізге тәлім ала аламыз. Осы мақсатпен ғалымның соңғы жылдары жарық көрген публицистикалық еңбектеріне шолу жасауды жөн көрдік. Манаш Қабашұлы қазақ тарихын, Қазақстанның өркенниеттік тұғырын нығайта түскен заман тарихын тереңінен зерттеп, ел, халық, ұлт болып қалыптасудағы уақыт пен қоғамның қалдырған ізін зерделеуде, саралауда алғыр ой, ұшқыр қиял, жігерлі сөз саптай білген ғалымдарымыздың бірегейі. Академик ағамыздың артында қалған том–том еңбектерінің әр парағында ұлтына, жеріне, ғасырлар бойы қалыптасып, жеткен салт–дәстүріне деген үлкен сүйіспеншілікті сезбеу мүмкін емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап мемлекеттің тарихын, ғасырлар қойнауында жатқан оқиғалар мен тұлғалардың бейнесінен суырып алған тарихи деректері мен дәйектерді елдің елдігін дәлелдеу жолына пайдаланып, тынымсыз еңбектің үлкен жемісі мен жеңісі ретінде артына мұра етіп қалдырды. Манаш Қабашұлы қаламы қарымды, ойы тұжырымды публицист ретінде де танылған тұлға. Оның тәуелсіздік жылдарында жария көрген публицистикалық еңбектері бүгінде сан қырынан зерттеуді талап ететін тақырып. Өмірінің соңғы күніне дейін қаламы қолынан түспеген жанның көземсөз шеберлігі түйсіне білген адамға баға жетпес ақыл мен даналықтың қазынасы. Манаш ағамыздың публицистикалық еңбектері «Заман – Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ елі», «Қазақ әдебиеті» газеттері, «Парасат», «Отан» журналдары сияқты еліміздің іргелі басылымдарында жарық көрген. «Заман – Қазақстан» газетінің 1999 жылдарында жарияланған публикацияларының бірқатарын ғана дерек көзі ретінде пайдаланып, публицистің ұлжандылық, отаншылдық сезімін сүйінішпен мақаламызға тұздық еттік.

Манаш Қозыбаевтың публицистикалық еңбектеріндегі нақты ақпарат көздерінен алып, дәлелді ойларымен ұсынылған деректері мен дәйектері оқыған адамның көңілін білім – білікке жетелей береді. Ғалым елдік, ұлттық құндылықтар, адами қасиеттер, хақында толқи жазып, сөзбен өрнектелген із қалдырған. Публицистикалық туындысына «Ұлт болмысы» деген тақырып қойған Манаш Қабашұлы өзінің ойын алдығы даналардың пікірінен сабақтастырып әкетеді. Қазақтың ұлттық келбетін сақтап қалу үшін қандай әрекеттерді ұстанғаны дұрыс, нені үйреніп, неден жиіркенгені жөн деген ойдың төңірегінде Абай Құнанбаевтың, Әлихан Бөкейхановтың ойлары бүгінгі күннің қарететінде де орын алатындығын сөз етеді. Оның да ойы алдыңғы буын тұлғалар айтқан, үйрену, жетілу, білу дағдаларын қалыптастыру қажеттігімен қортындыланады.

Ұлттық намыс қахында айтар ойы, санаға құяр сөздері жігерлі. Мақаланың әр сөйлемі, әр абзацы автордың намысқойлығын айқайлата жеткізетіндей. Ар, ұят, намысты адами қасиеттің арқауы деп білген ол «ұлттық намыс» аталатын ұғымның астарында қандай түсініктер жатқандығын жеткізуді мақсат тұтады. Тарихшы ұлттық намыс түсінігі қазақ үшін жаңа ұғым еместігін жақсы біледі. Басқа деректерін айтпағанда, қазақ эпосы, батырлар жырындағы оқырманды жігерлендіретін, рухтандыратын сөздердің өзі ұлттың бұл қасиеттерге қашанда жақын болағандығын дәлелді баяндайды. Ұлты үшін жанпидалық әрекеттен тайынбаған алаш көсемдерінің ой – пиғылдары да ұлттық намысты ояту, жігерлеу, дамыту екендігін сөз етеді. Қазақтың ұлттық болмысы мен беделін түсіретін теріс мінез – құлықтарды ол да әшкерелейді, намысшылдықпен ашына айтады. Тәуелсіздік тұғырында отырсақ та,

айылынды жимасаң, қауіп – қатер молынан екендігін айтады. «...Есік алдында дауыл тұр, үй артынан, жанынан сығалаған көршілер тұр, еліңді торған, байлығын сорған, қаптаған шетел алпауыттары...», [2] – деген ескертулерін жеткізіп, «Намыс атына мін, қазақ!» деп басты ойын ұрандатады.

Манаш Қозыбаевты қатты толғандырған мәселелердің бірі – тіл, дәлірек айтсақ, ұлт тілі. «Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем тілде жазылған халық қана өркенниеттің төл перзенті», – деп түсінетін ғалым ХХІ ғасырда тілге қатысты толғанатын мәселелерді саралап береді. Еліміз тәуелсіздік туын жоғары желбіретіп отырса да, өз қадір – қасиетін танытатын тілін қажетті деңгейге көтере алмай отырғандығын ашына айтады. Оның себептерін жүйелей келе «Тәуелсіздікті рухани баянды ету үшін тіл саясаты идеологиялық сарынға бағынышты, жалынышты болмауы шарт. Ол аумалы – төкпелі болмай, бір ізгілікпен, табанды, негізгі бір принциптерге сүйене отырып, жүргізілуі абзал...», [2] – деп өзінің ақыл – кеңесін тыңдар құлақ болса, солай қарай бағыттайды. Егемендік алғаннан бері елдегі тіл саясатының жүргізілу форматына көңіл толмастық білдіреді. Тіл өз статусына жету үшін қандай әрекеттер жасау керектігі туралы ойы да ашық айтылған. Мемлекет құрудың ең басты көрсеткіштерінің қатарында тіл, әдебиет, тарихтың да маңызды екендігін еске салады.

Ата – бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің таңын қуана қарсы алған тарихшының жаңа мемлекет қалыптастырудың шарттары мен белгілерін білмеуі мүмкін емес еді. «Жер тағдыры – ел тағдыры» деп білетін автордың бұл мәселе төңірегінде ширатар әңгімесі мол. «Жер – өмір, халық, тарихпен қат – қабат араласып жатқан ұғым... Жер – тәңірдің адамзатқа енші қылып тартқан ұясы, болашақ ұрпаққа бөлген мұрасы. Жер – ұлт болмысының түп – төркіні...», [3] – деген автордың жалынды ойынан талайдың санасына түрткі болар сөздерді көреміз. Әлихан Бөкейханов айтқандай, жер дауы – қазақ дауы деген ұғымды Манаш аға да қолдайды. Жеріне, еліне, халқына қорған боламын деп өз тағдырларын шүберекке түйген алаш ардақтыларының қиылған өмірі, төгілген қаны еш кетпесе етті. Манаш Қабашұлының да айтары сол – жер халықтікі, ел өркенниетті болуы керек. Қазақ жерінен айырылып қалмауы керектігі де ағамыздың көкейіндегі ой болған.

«Патриатизм – өз отанына деген, өз халқына деген адалдық пен сүйеніш, отанжандылық, отансүйгіштік», [4] – деген пайымдаудың авторы Манаш Қабашұлы ұлтжандылық ұғымын Отан сөзімен тамырлас етіп алып түсіндіреді. Әр пенденің әлеуметтік тұлғасымен, азаматтық санасымен көрініс табатын патриатизм рухы тәуелсіз Қазақстан үшін де ең керекті сезім. Отанын сүйетін, қадір тұтатын азаматтары көп болса, ол мемлекетті еш жау басып ала аламайды. «Отаншылдық, ұлтжандылық – ұлтшылдық емес», [4] – дейді ол. Алаш зиялылары паш еткен ұлтжандылық сезімі қазақтың ұл – қыздары да ұлттың ұлы бола білетіндігін дәлелдесе етті. Тарихтың тамырын дөп басатын Манаш Қабашұлының ұлтжандылық тұрғысында келтірер мысалы да, айтар дерегі де дәлелді. Патриотизм барша адамзатқа тән құбылыс. Қазақтың да ұлтжандылық сезімі жігерлі. Тәуелсіздіктің тұғыры нығая түсу үшін бүгінгі жастардың отаншыл болуы маңызды. Манаш ағамыз бұл тақырыпты өзек етіп алуында өзіндік себеп бар. Білімі терең, көзі қырақты ғалым бүгінгі қоғамның осал тұстарын көріп кетті. Еліне деген адал көңілімен ұрпақтың санасына тесік салсам деп ойлады. Сол үшін де ұлт тағдырына қатысты барлық тақырыптарды қозғады. Сөзімен, ойымен ұрпаққа дем берсем деп ойлады. Осы негізде ұлт зиялыларының қалыптасу мәселесіне де назарын аударды.

«Интеллегенция қазіргі заманда ғылыми – техникалық, ғылыми – гуманитарлық, әкімшілік – басқарушылық, ағарту, денсаулық сақтау, заңгерлік, әдеби – өнерлік т.б. болып табылады» деген анықтаманың төңірегінде олар – ұлттық ұйытқысы, ұлттың

тірегі, ұлттың шам – шырағы, ұлттың ой – арманының биігі, ұлттың жасампаз батыры, ұлттың сарқылмас қоры, ұлттың әлем таныр санаты, ұлттың айбыны болуы керек деген пайымын білдірді. «Ұлт зиялыларын жүдетпей, ыдыратпай топтастыру, ұлт мүддесі негізінде тәрбиелеу – мемлекеттік деңгейдегі саясаттың түп қазығы болу керек», [5] – деп жоғарғы жақтағыларға талабын ұсынды.

Мемлекеттің басты ресурсы адамның азаматтық тұлғасы қайдан бастау алатындығы туралы дәйектемелерді де Манаш Қабашұлы ой тарқатқан публицистикалық материалдардан оқып, тани аламыз. «Азамат» деген сөздің мағынасын біз бір – екі пайымдаумен ғана түсіндіре алсақ, ғалым ағамыз оның бірнеше анықтамасын ақтарып салады. Оның анықтамасында Азаматтың арқалаған халықтық, адамгершілік, гуманистік жүгі ауыр. Публицист берген көп анықтаманың бір – екісін ғана мысалға алайық, «Азамат – ата – ана, ел үмітін ақтаған, Отан сенімін бой тұмар қылып сақтаған, достық сырын шашпаған, зұлымдық жолын баспаған, сегіз қырлы, бір сырлы, арлы адамды айтады» немесе «Азамат – деп қиын сәтте тәуекел қайығына қаймықпай мінетін, қас – дұшпанның езуін тілетін, жетім – жесірге, шаршап – шалдыққанға, қайғы басып қамыққанға көмекке келіп, шапағатын аямаған ерен ерді айтады» [6]. Осы екі сөйлемнің өзінен азаматтың бойына жинақталуы тиіс бірнеше адами қасиетті санап шығуға болады. Автордың сөз саптасы мен ой шалысының өзі оқып отырған адамның азаматтық жігерін оятады. Сөз жоқ, тарихшы азаматтық бейненің символы бола алатын қазақтың алып тұлғаларын да мысалға келтіреді. Бүгінгі заман жастарының азаматтық менезін қалыптастыру жолында жол берілген шалыс әрекеттерге сынын да айтады. «Әрбір перзентіміз құлқынның құлы болмай, Отанның ұлы болса қандай бақыт!» деп арманымен батасын да береді.

Манаш Қозыбаевтың публицистикалық туындылары ұрпақ үшін құнды қазына. Академиктің артында қалған жазбаларында әлі де зерттелмей жатқан тың тақырыптар жетерлік. Оның тұтас туындылары тұрмақ, жазбаларындағы әр сөйлемнің, әр айтылған ойдың астарын қазбаласақ, тағылым болар үлкен азық аларымыз сөзсіз. Бұл, әрине, сөздің мәнісін, ойдың мағынасын түсіне алатын жас ғалымдардың еншісіндегі парыз деп білемін.

Әдебиет:

1. М. Қозыбаев. «Өрекенниет және ұлт», «Сөздік – Словарь баспасы», 2001 ж.
2. М. Қозыбаев. Ұлт намысы. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 23 сәуір
3. М. Қозыбаев. Ел тағдыры – жер тағдыры. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 14 шілде.
4. М. Қозыбаев. Ұлтжандылық. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 5 қаңтар.
5. М. Қозыбаев. Ұлт зиялылары. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 4 тамыз.
6. М. Қозыбаев. Азамат. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 15 қыркүйек.
7. М. Қозыбаев. Ұлт болмысы. «Заман – Қазақстан», 1999 ж, 9 сәуір.

ACTUAL PROBLEMS OF WORLD AND PATRIOTIC HISTORY
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВСЕМИРНОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

УДК 903.03

МОНЕТЫ ЧАЧСКОГО ОАЗИСА ДОИСЛАМСКОГО ПЕРИОДА (III – VIII вв.)

Абдувахатов Т. Ж., Крахмаль К.А.

*(Чирчикский государственный педагогический институт,
Республика Узбекистан, г. Чирчик)*

Аннотация: В статье рассматриваются монеты Чачского оазиса. А также интерпретация согдийских легенд о монетах, которые были найдены в ходе археологических раскопок. Кроме этого упоминаются государства на территории Средней Азии.

Ключевые слова: Чач, монеты, эфталиты, оазис, тюрки, каганат, согдийская легенда, тамга, Китай.

Введение: В раннем средневековье Чачской оазис охватывал долину Чирчика, и занимал важное промежуточное звено между оседло – земледельческим регионом Среднеазиатского междуречья и кочевой Евразийской степью. Чач включал долины рек Чирчик и Ахангаран, с примыкающими отрогами Чаткальских и Кураминских гор. Границей его на западе является Сырдарья (Яксарт), на севере – Келесская степь. С востока оазис ограничивался мощной горной системой Тянь – Шаня. С Юго – Востока оазис прикрыт Кураминским хребтом. Некогда данная территория входила в состав, начиная с Кангюйской державы заканчивая до Западно тюркским каганатом.

Методология и методы: История доисламского Чача специально была исследована А.И. Тереножкиным. Это было связано с хронологической периодизацией урбанистических процессов в Средней Азии в целом, и в частности, Самарканда – на Афрасиабе. В работах ряда исследователей затрагивались также отдельные вопросы истории Чача. Так, археология Чачского оазиса была исследована в работах М.Е. Массона, Ю.Ф. Бурякова, М.И. Филанович и Г. Богомолова, нумизматика доисламского Чача исследована в работах М.Е. Массона, О.И. Смирновой, Э.В. Ртвеладзе, В.А. Лившица, Е.В. Зеймаля, А. Мусакаевой и Л.С. Баратовой, отдельные вопросы топонимики доисламского Чача исследованы в работах Х. Хасанова, С. Караева, А. Мухаммеджанова, Х. Трэмблай и П. Лурье. Особого внимания заслуживают работы Ю.Ф. Бурякова, в которых исследованы историческая топография Чачского оазиса, его социально – экономическая, политическая и культурная история. Особое место занимает работы Ш. Камолиддина. Он в своих работах неоднократно затрагивает эту историческую область и важность ее дальнейшего изучения.

Обсуждение: Чач является районом древней земледельческой культуры. Название Чач (с'с) впервые упоминается в согдийских надписях, процарапанных на жженных кирпичах из городища Култобе в Южном Казахстане, которые датируются II – первой пол. III вв. н.э. Причем в этих надписях Чач упоминается не как географическое название, а как название политического объединения, т.е. государства и страны. В китайских источниках он встречается под названиями Ши, Чжэши и Юэни, Шаш в

арабской литературе. В победоносной надписи сасанидского шаха Шапура I (262 г.н.э.), высеченной на Каабе Зороастра упоминается гора Кух и Чач.

Долгие годы Чач входил в состав Кангюйской державы. Начиная с конца II – первой пол. III вв. н.э. в Чаче начали чеканить свои монеты. Это означало о проявлении самостоятельности. На первых монетах изображены портрет правителя влево и тамгой в форме утки. На лицевой стороне изображена голова правителя с длинными, вьющимися волосами, подхваченными диадемой; на некоторых вариантах над диадемой изображен полумесяц. На оборотной стороне помещена тамга в окружении согдийской легенды из трёх слов: имени, титула и названия владения – $xw\beta \check{c}'\check{c}'n \text{ } n'p'r'\check{c}$ $w\eta w\eta$ – «Правитель страны Чачан – Ванван» [1, с. 26].

Многие заключения, высказанные ранее по нумизматике Чачского оазиса, являются часто либо ошибочными, либо спорными в вопросах чтения и интерпретации легенд, и не соответствуют данным письменных источников [2, с. 11]. Чтение согдийских надписей на монетах усложняется тем, что для записи согдийских текстов использовался собственное консонантное письмо, развившееся из арамейского. Например, в согдийском слове « $\check{c}'\check{c}$ » (Чач) отсутствует гласная буква.

В середине V века Чач вошёл в состав владений эфталитов, а в VI веке был ареной их упорной борьбы с новой кочевой державой – Тюркским каганатом. С начала VII века столица Чача с берегов Яксарта перемещается на границу с кочевыми народами, вошедшими в состав владения. Это – Мадинат – аш – Шаш, а затем Бинкет. Здесь складывается крупный центр городской культуры, развивавшейся на пути согдийской колонизации и трассе транзитной торговли с дальневосточными странами. Чач становится местом контакта согдийской и тюркской культур, завязывает дипломатические связи с Китаем.

Регион Чачского оазиса издревле было тем местом, где пересекались границы кочевых и оседлых народов. Здесь жили ираноязычные и тюркские народы в тесном связи. Когда же тюркский каганат присоединил в свою территорию данный регион, тюрки пользовались монетами с согдийскими надписями. Характерной чертой этих монет были тамга. В VII – первой половине VIII века денежное обращение в Чаче характеризуется наличием разнообразных бронзовых эмиссий, выпускавшихся правителями различных уделов. Для лицевой стороны монет характерно изображение правителей в фас или в три четверти, а для оборотной – различных типов тамги в окружении согдийской легенды, передающих имя правителя, титул и название удела. Как правило, портреты правителей имеют тюркские черты лица [1, с. 85].

Также на территории Чача выпускались монеты с парным изображением правителя и правительницы, в чём сказывалось влияние византийской монетной иконографии, и монет с изображением хищного зверя или верблюда. Видимо, эти животные являлись символами правящих родов, своеобразными тамгами, узнаваемыми за пределами данных владений. Вполне естественно, на монетах в период Тюркского каганата встречаются своеобразные символы (тамга). Форма тамги играет важную роль в определении последовательности выпусков монетных типов и их разновидностей, также является символом власти. Особенно это характерно для монет западно – тюркских каганов, чеканенных в Чаче. Некоторые правители этой области чеканили бронзовые монеты с квадратным отверстием по типу китайских монет (видимо, здесь отразились определенные экономические, а возможно и династийные связи) и согдийской легендой. Последние правители Западного тюркского каганата попали в зависимость от Китая и на престоле были ставленники императора Китая. Кроме этого влияние китайской культуры были отражены на монетах Чача.

Необычайно интересны в иконографическом отношении монеты правителей удела Кабарны. Здесь мы видим сидящего по – восточному (на корточках) правителя.

На некоторых экземплярах монет изображены правитель и правительница, сидящие по – восточному. У правительницы своеобразный остроконечный головной убор. Интересна техника изготовления монет с хищником, по типу монет Гарнавча. Наряду с монетами, изготовленными в технике чекана, здесь присутствуют литые монеты, за основу которых взяты те же чеканенные монеты. Весьма разнообразна портретная галерея тюркских правителей и техника их художественного исполнения [4, с. 57]. Последние монеты утрачивают свою оригинальность и метрологическую показательность. Также деградирует согдийская легенда на последних монетах Чача. С приходом арабов в Среднюю Азию, меняется тип монет Чача, которые принимают вид монет, чеканенных в Халифате.

Результаты: Подводя итоги можно сказать об огромной роли нумизматики в изучении истории Средней Азии в целом. Монеты, выпускавшие доисламского периода, имели тамгу, форму, метрологию и согдийскую легенду – это уникальность и искусство Среднеазиатских мастеров. Необходимо больше изучать социально – экономическую жизнь Чачского оазиса в период Западно – тюркского каганата. С приходом тюркских племен на территорию Средней Азии (особенно Чачский регион) не только в обществе, но и в чеканке монеты произошли заметные изменения. Кардинальные изменения произошли, когда арабы захватили Мавераннахр. На монетах исчезли согдийские записи, хотя она до этого постепенно деградировала.

Выводы: Таким образом, нумизматические данные сыграли огромную роль в истории Средней Азии. Благодаря монетам доисламского периода были найдены ответы на вопросы, которые до этого были спорными и противоречивыми. В научном обиходе появились новые термины, ранее неизвестные науке. Нумизматика как ребус в историческом знании правильно сложив, их мы можем получить бесценные данные.

Литература:

1. Ртвеладзе Э.В. История и нумизматика Чача (вторая половина III – середина VIII в.н.э.). Ташкент, 2006
2. Камолиддин Ш.С. Проблемы древней и средневековой истории Чача. Lambert academic publishing. Saarbrücken, 2013
3. Камолиддин Ш.С. Титулатура доисламских правителей Чача. Ташкент: ТашГИВ (совместно с М. Исхаковым и Г. Бабаяровым), 2009
4. Камолиддин Ш.С. Заметки по древней и средневековой истории Чача. Ташкент – 2009
5. Филанович М.И. и Алимовой Д.А. «Тошкент тарихи (қадимги даврлардан бугунги кунгача). История Ташкента (с древнейших времен до наших дней)». Ташкент: ART – FLEX, 2007 (повторное издание: 2009)
6. Бабаяр, Кубатин 2005 – Бабаяр Г., Кубатин А. К вопросу о монетном чекане Западно – Тюркского Каганата (на основе нумизматических материалов Ташкентского оазиса) // Тюркология, №6, г. Туркестан (Казахстан), 2005
7. Шагалов В.Д., Кузнецов Д.В. Каталог монет Чача III–VIII вв. – Т.: Фан, 2006

МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБЛАСТИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Абиль Е.

доктор исторических наук, профессор

(Институт истории государства Комитета науки МОН РК)

Проблема реабилитации граждан, безвинно репрессированных по политическим и иным мотивам, тесно связана с задачей более полного раскрытия сущности

тоталитаризма и освобождения общества от его деструктивного наследия. Важной частью модернизации общественного сознания является преодоление стереотипов, оставшихся от административно – командной системы, формирование новой нравственности и правового сознания, без которых невозможно создание атмосферы уважения к человеку, единого всеобъемлющего механизма защиты прав и свобод человека.

В этой связи очень важной является процесс восстановления *исторической справедливости в отношении жертв политических репрессий, инициированный Президентом Казахстана К. – Ж. Токаевым*. 24 ноября текущего года Глава государства подписал Указ «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий». 3 декабря 2020 года состоялось первое заседание Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий.

Вместе с тем, сложилась насущная необходимость сформулировать теоретико–методологические основания исследований данного направления. Самая серьезная проблема современной истории – проблема объективности познавательного процесса, о чем мы говорили выше. О субъективности исторического знания говорится постоянно. Но история современности субъективна вдвойне, так как исследователь испытывает постоянное воздействие социальных и политических стереотипов, убеждений, идей. Кроме того, история всегда являлась одной из форм национального самосознания. История – память народа, одно из средств определения его места в мировом историческом процессе, в прошлом, настоящем, а при объективном всестороннем анализе – и в будущем.

На историков воздействуют современные им общественно–политические события и теории, философские школы, многообразные субъективные факторы. Эти связи истории и современности всегда становились причиной дальнейшего развития науки, выявления новых объектов исследования, становления новых методов изучения исторической действительности, ее осмысления в общих категориях закономерностей, устанавливаемых философией, политической экономией, социологией. В то же время история как наука и историки постоянно оказывались под воздействием обстоятельств, находившихся вне собственно исследовательского процесса.

Историографический обзор проблемы политических репрессий не входит в наши задачи, но отметим, что наиболее популярными теоретическими моделями при их изучении стали концепции тоталитаризма и модернизации [1, с.243]. Эти концепции широко использовались западными политологами и легли в основу большинства современных постсоветских исследований по проблеме. Однако отметим, началу 90 – х годов ситуация в мировой исторической науке изменилась, и многие зарубежные исследователи считали, что, «что тоталитарная модель, описывающая монолитное, идущее к намеченной цели государство и догматичную, воздействующую на сознание идеологию, не отражает и тем более не объясняет историческую реальность, представляя собой слишком механистическую модель, навязанную им политологами» [2, с.7].

Современные исследователи намного расширили исследовательский методологический инструментарий, обратив внимание на социальную историю, историю повседневности, изучение социальных практик. Во многом этому способствовало расширение доступа к архивным материалам, имевшее место в начале 90 – х годов 20 века. Претерпели изменение и сами концепции тоталитаризма и модернизации, лишившись концептуальной монолитности.

Так, современные теории модернизации уже не носят линейного европоцентристского характера, как классическая, господствуют нелинейные, парциальные концепции модернизации [3, с.492].

Вместе с тем, методологический плюрализм привел к появлению большого количества «историографических моделей» в объяснении причин политических репрессий в СССР. В.Э. Багдасарян предложил выделить 15 историографических моделей: «самоистребления революционеров», «сталинской узурпации власти», «патологической личности», «обманутый вождь», «сталинского термидора», «модификации восточной деспотии», «антисталинской демократической альтернативы», «кадровой ротации», «охоты на ведьм», «идеологической эманации», «этатизации революции», «внешнеполитической инверсии», «предвоенной чрезвычайщины», «еврейского погрома в партии», «цивилизационного отторжения» [4, с.146]. Констатируем, что в большинстве этих моделей преобладает эмоциональный подход, они слабо подкреплены документальной базой, ряд этих концепций носит политически обусловленный характер.

Особый интерес вызывает в связи проблемой политических репрессий их этнический характер, тем более этот вопрос часто становится предметом различного рода вненаучных спекуляций. В науке господствует представление о позитивной дискриминации в советской национальной политике. Т. Мартин назвал СССР «империей позитивной дискриминации», которая целенаправленно способствовала развитию своих этносов и их культур [5, с.115].

Однако, в 2006 году В. Дённингхаус достаточно критически отозвался об этой теории, посчитав, что, что после революции в национальное строительство была заложена идея Ленина острого централизованной иерархической советской федерации, где каждая национальность занимала свое место, а целью национальной политики было не развитие национальных культур, а их советизация, распространение «советского» образа жизни и «советских» ценностей [1, с.247]. В этом свете несколько по – иному выглядит практика репрессий против представителей национальной интеллигенции вне зависимости от их этнической принадлежности.

Отметим, что в Казахстане история политических репрессий достаточно неплохо изучена. Однако тема реабилитации жертв политических репрессий не рассматривалась во всей полноте. Отсутствуют специальные труды, посвященные тщательному анализу практики применения законов о реабилитации жертв необоснованных политических репрессий. На данном этапе нет работ, освещающих историю возникновения и развития законодательства о реабилитации.

Недостаточно исследованы законы о реабилитации невинных жертв политических репрессий зарубежных стран, что затрудняет заимствование положительного опыта в целях совершенствования законодательства о реабилитации в Казахстане. До сих пор отсутствует комплексная научно – исследовательская программа по изучению массовых репрессий в СССР и реабилитации жертв этих репрессий. Подобное исследование должно быть основано на методологических принципах историзма и объективности, которые позволят рассмотреть репрессивную политику советского государства с учетом конкретных исторических условий эпохи.

Проблема методологических основ изучения политических репрессий обусловлена не только и не столько академическими задачами. Она имеет прикладной аспект, так как без объективного исследования этой сложной проблемы невозможно в полной мере провести процесс реабилитации жертв репрессий.

Так, анализ мировой практики проведения репрессивной политики показывает, что, в отличие от других государств, в Советском государстве репрессиям подвергались не только отдельные граждане, но и целые социальные общности, группы людей, поэтому развитие и дальнейшее совершенствование института реабилитации жертв политических репрессий должно проходить с учетом этих особенностей.

Один из организаторов советской практики политических репрессий М. Лацис писал в связи с этим: «не ищите на следствии материала и доказательства того, что обвиняемый действовал делом или словом против советской власти. Первый вопрос, который мы должны ему предложить, – к какому классу он принадлежит, какого он происхождения, воспитания, образования или профессии. Эти вопросы и должны определить судьбу обвиняемого» [6, с.7]. Следует обратить в связи с этим внимание на попытки трактовки репрессивной политики советского государства как «геноцидальной» (Н. Неймарк) [7, с.154].

Соответственно, субъектами процесса реабилитации жертв политических репрессий с одной стороны выступают государство и его органы (действующие субъекты реабилитации, претворяющие ее в жизнь), с другой – как отдельные граждане (это уже предусмотрено в действующем законодательстве), так и группы (этносы, социальные и профессиональные группы), к которым государство и его органы применяли незаконные меры принуждения по политическим мотивам.

Кроме исторических и политологических аспектов, проблема политических репрессий имеет специфические юридические аспекты исследования. В частности, требует определения понятие «жертвы» репрессий и «пострадавшего», в особенности в связи с применением в ходе репрессий практик, выходящих за рамки советской правовой системы. В результате внесудебные, административные меры и массовая фальсификация документов в ряде случаев делают реабилитацию по формальным юридическим основаниям невозможной. Значит, нужно приводить правовые институты в соответствие с существующими общественными отношениями и вносить теоретически и процессуально обоснованные изменения в законодательство.

В Казахстане существует правовое закрепление двух, относительно самостоятельных видов реабилитации: в Законе Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» и в Уголовно – процессуальном кодексе Республики Казахстан, которые имеют существенные отличия в процедуре проведения. При этом, в Уголовно – процессуальном кодексе Республики Казахстан отсутствует определение понятия реабилитации. Прочитав соответствующий раздел, посвященный реабилитации граждан в УПК РК, сложно иметь даже юридически подготовленному человеку четкое представление о путях восстановления своих прав, нарушенных в уголовном процессе.

Возникает необходимость в поиске, изучении дополнительных нормативных актов, регламентирующих или конкретизирующих вопросы реабилитации. Среди теоретиков и работников правоохранительных органов продолжают существовать различные точки зрения в определении понятия реабилитации [8]. В процессе правоприменения выявились пробелы и недостатки, которые не позволяют обеспечить полную реабилитацию граждан.

Согласно действующему Закону Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года № 2143 – XII «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.07.2018 г.), реабилитация осуществляется судебными органами (статья 13), по заявлению репрессированного либо иных лиц и организаций (статья 8), обязанности по установлению правомерности реабилитации возлагаются на органы прокуратуры (ст. 10).

Данный порядок не соответствует задачам полной реабилитации жертв политических репрессий. Во – первых, значительная часть жертв репрессий не оставила родственников или иных лиц, заинтересованных в их реабилитации и могущих подать соответствующее заявление. Имена многих предстоит еще установить. Во – вторых, индивидуальное рассмотрение каждого дела в судебных органах перегрузит суды, тем более, что значительная часть жертв репрессий была подвергнута им внесудебными

органами, львиная часть существующих уголовных дел фальсифицирована, дознание и следствие проводились с серьезными нарушениями норм законности и данные дела не могут служить основанием для судебного следствия.

Очевидно, что в Закон необходимо внести изменения, предусматривающие возможность не индивидуальной, а групповой реабилитации жертв политических репрессий, причем не судебным решением, а Указом Президента. Необходимо в законодательном порядке дать толкование и определить перечень мер принуждения, понятия и видов политических репрессий в части «иные ограничения прав и свобод», расширить круг лиц и групп лиц, подлежащих реабилитации. В заключение отметим, что необходимо не ограничиваться только принятием юридического решения о реабилитации жертв политических репрессий. Результаты работы нужно использовать:

- при принятии решений об увековечении памяти репрессированных;
- при подготовке учебников и учебных пособий для обучающихся юридических и неюридических вузов;
- в учебном процессе при преподавании курсов теории государства и права, конституционного права, истории отечественного государства и права, истории Казахстана XX века, истории правовых учений, специальных курсов по правозащитным проблемам;
- практической деятельности правоохранительных органов, правотворческой и правоприменительной практике государственных органов;
- в целях подготовки методических рекомендаций для граждан, обратившихся в правоохранительные органы для установления факта применения к ним того или иного вида политической репрессии;
- для повышения квалификации сотрудников правоохранительных и иных государственных органов.

Литература:

1. Кириллов В.М. Историография и методология изучения проблем истории политических репрессий в СССР // Ежегодник Международной ассоциации исследователей истории и культуры российских немцев, № 2, 2016
2. За рамками тоталитаризма. Сравнительные исследования сталинизма и нацизма. М.: РОССПЭН; Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2011. – 679 с.
3. Историография истории России: Учеб. пособие для бакалавров / Под ред. А.А. Чернобаева. 2 – е изд. М.: Юрайт, 2014. 552 с.
4. Степанов М.Г. Политические репрессии в СССР периода сталинской диктатуры (1928 – 1953 годы): Обзор современных историографических исследований // Вестник Челябинского государственного университета. 2009. № 12 (150). История. Вып. 31. С. 145 – 149
5. Дённингхаус В. Советская национальная политика и проблема этнодисперсных групп // Сов. нации и нац. политика в 1920 – 1950 – е годы: Материалы VI междунар. науч. конф., Киев, 10 – 12 окт. 2013 г. М.: РОССПЭН; Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2014. – С. 115 – 116
6. Шкаратан О.И., Коломиец В.П. Крах во спасение (социально–генетические преступления советского режима) // Мир России. Социология. Этнология. 1993. №1. С.3 – 19
7. Литвин А.Л., Сальникова А.А. Проблема сталинского террора в новейших зарубежных исследованиях // Россия и современный мир. 2011. №3. С.153 – 164
8. Тыныштыкулы Ж. Теоретические и методические проблемы совершенствования работы правоохранительных органов по реабилитации граждан в уголовном процессе Республики Казахстан // Вестник КазНПУ им. Абая, 2010, Серия «Юриспруденция», № 1(19)

ИСТОРИКО – КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ СЕВЕРО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ – КАК ПАМЯТНИК АРХИТЕКТУРЫ, ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ

Абуов Н.А.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Города и их инфраструктура, архитектурный облик играют определяющую роль в истории мировой цивилизации, выступают базовой характеристикой любой цивилизации наряду с государством и культурой. Современные мировые тенденции сохранения и регенерации культурно – исторического наследия городов развиваются в русле перехода от охраны отдельных объектов к охране городских ландшафтов, включающих как выдающиеся памятники наследия, так и объекты рядовой исторической застройки, в которых находит выражение образ жизни рядовых горожан. Становятся актуальными проблемы охраны не только памятников старины, но и охрана памятников XX века, активное участие общества в сохранении культурного наследия и его интеграции в социальную и экономическую жизнь города, включенность наследия в повседневную жизнь города и превращение в ее неотъемлемый и обязательный элемент [1].

Изучение истории градостроительства, сохранения и регенерации культурных памятников особенно актуальны, так как рост современного градостроительства в Казахстане может привести к исчезновению культурного слоя исторического наследия, который сохранился до настоящего времени. Памятники истории и культуры в Республике Казахстан (объекты культурного наследия) подлежат обязательной защите и сохранению в порядке, предусмотренном Законом «Об охране и использовании объектов историко – культурного наследия», обладают особым правовым режимом использования.

Основоположник российского городоведения И.М. Гревс отмечал: «Город – одно из сильнейших и полнейших воплощений культуры. Но надо уметь подойти к сложному предмету познания, в частности, понять город, не только описать его, как красивую плоть, но и почуять, как глубокую, живую душу, уразуметь город, как мы узнаем из наблюдения и сопереживания душу великого или дорогого нам человека» [2, с.16].

Проблема изучения архитектуры городов является одной из наиболее сложных и актуальных в системе гуманитарных знаний. Объекты культурного и исторического наследия выступают важным активом современных городов, придавая им индивидуальность, определяя их лицо. Памятники градостроительства и архитектуры – это архитектурные ансамбли и комплексы, исторические центры, кварталы, площади, улицы, остатки древней планировки и застройки городов и других населенных пунктов; сооружения гражданской, жилой, промышленной, военной, культовой архитектуры, народного зодчества, а также связанные с ними произведения монументального, декоративно – прикладного и садово – паркового искусства, природные ландшафты.

В условиях развития суверенного Казахстана на первый план выдвигаются задачи национального возрождения его культуры, в том числе архитектуры. Происходящий в республике рост исторического сознания, поднимает значение и роль необходимости изучения культурного наследия прошлого.

На примере историко – краеведческого музея Северо – Казахстанской области, находящегося в городе Петропавловска по улице Конституции 48 мы можем проследить историю развития архитектуры как отдельного памятника

истории и культуры. Согласно «Отчета о научно – исследовательской работе исследование домового фонда старых городов Казахстана» здание историко – краеведческого музея Северо – Казахстанской области появилось в 1891 году [3, с. 20].

Историко – краеведческий музей Северо – Казахстанской области был основан в 1924 году и размещался в небольшом доме на улице Карима Сутюшева. В 1968 году музей, ранее находившийся на улице К. Сутюшева получил новое здание дом купца Аркеля. В 1982 году музею передали двухэтажный особняк купца М.Ф.Стрелова, построенный в конце XIX века. В советское время в нем находился военкомат [4]. В настоящее время музей находится теперь в здании домов купца Стрелова, магазина купца Стрелова и дома купца Аркеля.

Согласно «Отчета о научно – исследовательской работе исследование домового фонда старых городов Казахстана» на 1984 год «историко – краеведческий музей Северо – Казахстанской области представлял собой комплекс, расположенный по ул. Ленина (ныне Конституции) 44, 46, 48; ул. Кирова 145 (ныне Жамбыла Жабаева).

Дом купца Стрелова расположен по улице Конституции Казахстана 44. Авторы «Отчета...» выделяют следующие особенности архитектурных памятников: «**Дом (и магазин, отмечено нами) Стрелова** состоит из двух объемов с проездом между ними. **Первый объем (Дом)** стоящий на углу пересечения улиц С.М. Кирова и В.И. Ленина, представляет собой двухэтажное здание кирпичное здание, прямоугольное (с вырезами в дворовой части) в плане, с четырехскатной крышей, покрытой кровельным железом. Фасад, выходящий на ул. В.И. Ленина разделен на 4 отсека пилястриями в крайней правой части, обособленной композиционно находится входная дверь двухстворчатая филленчатая дверь, увенчанная накладной многолопастной аркой из «провисающих» отрезков, которая опирается на два фланкирующие входной проем пилястра. Над этой парадной дверью, со смещением к основному объему расположены два декоративные арочные (лучковые) ниши, венчаемые каждая полуциркульной накладной профилированной аркой, «опирающиеся» на небольшие пилястры. Этот четвертый участок фасада самый узкий» [3, с.20].

Оставшиеся три участка претендуют на симметричность – средний из них, наиболее парадный, увенчан двухступенчатым аттиком с треугольным завершением, тимпан щипца имеет две полуциркульные арочные ниши «покрытые» подвесной накладной аркой, боковые участки аттика имеют филленчатое декоративное оформление.

Центральный их рассматриваемых проемов – дверной выходит на балкон с ажурными металлическими ограждениями. Два соседних участка во втором этаже имеют по два, оформленных оконных проема. Фасад первого этажа рустован с имитацией перевязки швов. Между этажами имеется трехступенчатый фигурный карниз представляет собой ряд нависающих ступеней, опирающихся на сухарики.

Угловые и промежуточные пилястры в уровне первого этажа раскрепованы, в уровне же второго этажа имеют, расположенный друг над другом, ряд прямоугольных филленок, отделенных друг от друга ступенчатыми поясками. Продолжения пилястр над кровлей образуют квадратные в плане, с квадратными же филленками на фасадах башенки.

Ассиметрия участков фасада смежных с «главным», выделенных балконом и аттиком, очевидно объясняется введением участка с входным проемом, таким образом архитектором сознательно «деформируется» привычная классическая трехчастная схема, одним словом в этом сооружении встречаем очень интересный переходный «смешанный» тип симметрии – где динамическое равновесие представлено через статическое» [3, с.21 – 22].

Магазин купца Стрелова расположен по улице Конституции Казахстана 46. В «Отчете...» отмечается: «**Второй объем, (Магазин, отмечено нами)** одноэтажный, в плане представляет собой прямоугольник сильно вытянутый вдоль ул. им В.И. Ленина.

Фасад выходящий на эту улицу, симметричен, состоит из трех повторяющихся друг друга отделенных друг от друга пилястрами, оформленными прямоугольными филенками, имеющими «пьедесталы». Каждый из участков имеет центральную часть, увенчанную шипцом, а две боковые, более узкие, отделенные от центральной рустованными узкими пилястрами. Каждая из этих частей имеет оконный проем, за исключением центральной части среднего участка, имеющего дверной проем. Все проемы перекрыты арками. Венчающий ступенчатый карниз имеет раскрепованные участки, являющиеся капителями пилястр, карниз опирается на ряд двухступенчатых сухариков» [3, с. 22].

Дом купца Аркеля расположен по улице Конституции Казахстана 48. Авторы «Отчета...» отмечают, что: «Фасады дома Аркеля выходят на улицы В.И. Ленина и улицу Октябрьскую. Сооружение имеет Г – образный план два этажа, крыша покрыта кровельным железом.

Фасад, выходящий на улицу В.И. Ленина, состоит из двух участков, в основном повторяющих друг друга. Каждый участок – симметричная композиция из пяти частей, отделенных друг от друга пилястрами.

Центральная часть каждого из двух участков наиболее разработана – во втором этаже имеется балкон и ведущее на него остекленное балконная дверь, увенчанная накладной многолопастной аркой, опирающийся на фланкирующие проем пилястры: эти центральные участки имеют аттиковые венчания с шипцовыми завершениями, тимпаны оформлены с двойными арочными нишами с накладной подвесной аркой над ними: аттик фланкирован двумя квадратными в плане пилончиками декорированными прямоугольными филенками.

Все оконные проемы второго этажа однотипны, завершаются арками, очень полного лучкового очертания имеют обрамления из многолопастной накладной арки, опирающейся на фланкирующие проем пилястры, разделенные на три главные части импостами. Эти пилястры «опираются» на горизонтальную профилированную тягу, под каждым из проемов имеется прямоугольная филенка. Окна первого этажа также однотипны, они перекрыты лучковыми арками гипертрофировано развитым замковым камнем. Сооружение имеет простой выступающий цоколь, этажи отделены друг от друга раскрепованной в месте пересечения с пилястрами профилированной тягой, венчающей ступенчатый карниз, раскрепованной таким же образом опирается на ряд сухариков.

В сооружении применено три типа пилястр – рустованные (угловые) декорированные рядом филенок отдельных друг от друга ступенчатыми импостами и сложные, состоящие из сдвоенных малых колонок с проработанными капителями и базами. В этом фасаде имеется случайно расположенный входной проем, на месте одного из оконных проемов» [3, с.23].

До передачи данных зданий историко – краеведческому музею в здании дома купца Стрелова находился Северо – Казахстанский областной военный комиссариат, первый этаж этого здания продолжительное время занимал промтоварный магазин. В доме купца Стрелова здесь находилась детская библиотека, магазин горпромторга, позднее один из цехов швейной фабрики «Комсомолка». В 1968 году музей, группой художников Карагандинского и Целиноградского художественных фондов под руководством художника А.М. Чудова осуществлена перепланировка и реконструкция двухэтажного особняка, принадлежавшего ранее коммерсанту Т.А. Аркелю [5].

В 1980 – е годы были все три исторических здания были переданы для организации краеведческого музея. С этой целью был разработан и реализован проект реставрации и приспособления, который предусматривал объединение зданий в одно целое при помощи дополнительных объемов пристроек. В результате было создано музейное здание, состоящее из сблокированных объемов, имеющих общий характер архитектуры кирпичного стиля эклектики XIX века.

С момента образования музея площади здания занимают экспозиционные залы и административные кабинеты. Общая площадь музея составляет 2400 кв.м., из них экспозиционная 1800 кв.м. Вниманию посетителей представлено 12 залов. Обзор начинается с залов № 1, 2 по природе Северо – Казахстанской области. Экспозиция залов № 3, 4, 5, 6 по древнейшей истории поэтапно раскрывает темы: происхождение человека, каменного, бронзового железного века и раннего средневековья на территории Северного Казахстана.

Экспозиция зала №7 «Образование и становление казахской государственности. Казахская этнография» раскрывает тему формирования казахской народности, образования Казахского ханства. В экспозиции представлены предметы материальной и духовной культуры казахского народа. Зал № 8 знакомит с историей края XVIII века. Начинается с материалов об урочище Кызылжар, получения Казахстаном российского подданства, Пресногорьковской оборонительной линии, крепости Святого Петра, архивных документов. В зале №9 «История края 1900 – 1940 гг.» рассказывается о трагических страницах истории: социалистической революции, гражданской войне, коллективизации, крестьянских выступлениях 20 – х годов, проведении жесточайших репрессий.

Зал №10 «История края 1941 – 1991 гг.» Экспозиция повествует о подвигах североказахстанцев, самоотверженном труде работников тыла в годы Великой Отечественной войны. В зале №11 расположена экспозиция по истории Северо – Казахстанской области в годы независимости, в которой нашли отражения материалы о развитии агропромышленного комплекса, социальной сферы и сотрудничестве области с регионами РФ. В 2012 году открыт зал «Первого Президента Республики Казахстан». Экспозиция зала рассказывает о семье Н.А. Назарбаева, его школьных годах, учебе в техническом училище г. Днепродзержинска, начале трудового пути в г. Темиртау на Карагандинском металлургическом комбинате, об общественно – политической деятельности Н.А. Назарбаева, рабочих визитах Президента Республики Казахстан в Северо – Казахстанскую область [6].

Учитывая особую ценность данных объектов архитектуры здания домов купца Стрелова, магазина купца Стрелова и дома купца Аркеля они уже в советское время были взяты под государственную охрану. Здания были приняты под охрану решением Петропавловского горисполкома (№ 115 от 18.03.82 г.).

В 2010 году эти памятники были вновь приняты под охрану постановлением акимата Северо–Казахстанской области № 358 от 20.12. 2010 г., как памятники местного значения, на которые оформлены соответствии с законодательством Паспорта [7, 8, 9]. Материалы о здании музея хранятся в фондах Северо – Казахстанского областного историко – краеведческого музея, отдела охраны историко – культурного наследия Северо – Казахстанского областного управления культуры, Северо – Казахстанского областного акимата, Петропавловского городского акимата и Центра по недвижимости по Северо – Казахстанской области Комитета Регистрационной службы Министерства юстиции Республики Казахстан.

Таким образом, в настоящее время здание историко – краеведческого музея представляет собой группу хорошо сохранившихся образцов зданий исторической улицы города Петропавловска конца XIX – начала XX века, находящихся под охраной

государства. В их архитектуре, материалах и конструкциях, деталях архитектурного убранства, а также – в залах музея запечатлена богатая история региона. В настоящее время дом Аркеля, в комплексе с соседними зданиями, является частью пространной экспозиции истории области и включает в себя часть административных помещений и главного фондохранилища музея, который располагает просторными экспозиционными и выставочными залами, научной библиотекой, лабораториями и реставрационными мастерскими, фондохранилищем и фонотекой, богатейшими экспонатами и реликвиями. Интересны экспозиции, раскрывающие историю и культуру родного края, богатство животного и растительного мира Северного Казахстана. Гордостью музея является уникальный археологический материал.

Здание музея демонстрирует как этап эволюции архитектуры градостроительства Петропавловска, так и историю, и культуру всего северного региона Казахстана. В целом эти исторические архитектурные объекты отражают постройки культурного, культового, торгового, жилищного назначения, выполненные в модных в то время стилевых направлениях: русское барокко, эклектика, классицизм. Здания поздних построек выполнены с элементами модерна, конструктивизма и неоклассицизма.

Следует отметить, что историко – краеведческий музей Северо – Казахстанской области располагается в историческом центре Петропавловска, где располагается пешеходная улица имеющая большое количество исторических архитектурных объектов конца XIX и начала XX веков.

С целью расширения эксплуатационных возможностей памятников архитектуры в 2020 г. встал вопрос об улучшении использования пространства историко – краеведческого музея Северо – Казахстанской области. Эта идея была принята на вооружение руководством области. Так с течением времени потребности общества изменяются, и возникает необходимость более широкого использования данного памятника в настоящее время. В связи с этим в 2020 году был проведен ремонт музейного двора, окрашены стены, уложена брусчатка, построены летние конструкции. В июне 2021 г. во внутреннем дворе историко – краеведческого музея был открыт «*QYZYLJAR art center*», он поделен на три зоны. Первая предназначена для проведения ярмарок и распродаж. Второй зоной стал информационно – выставочный центр, разделенный на четыре модуля: выставочная зона дает возможность организовывать выставки произведений (картин, фотографий и др.) местных художников и фотографов; кинотеатр, проведение публичных лекций, творческих встреч и т.п.; творческая зона предполагает наличие фотозон, проведение интеллектуальных игр и интерактивных занятий. В центральной части расположена зона отдыха.

В настоящее время организация «*QYZYLJAR art center*» центра позволяет проводить творческие встречи с талантливыми людьми – музыкантами, художниками, артистами, а гостям и горожанам областного центра приобщиться к искусству. Многим посетителям данная зона стала стартовой площадкой для выступления начинающих исполнителей, музыкальных коллективов, писателей и поэтов. Все это становится возможным благодаря своевременному укреплению историко – культурного потенциала памятников Северного Казахстана, что необходимо для притока туристов в страну.

Таким образом, архитектурное наследие Петропавловска включает в себя огромный массив памятников второй пол. XIX – нач. XX вв. В целом эти исторические архитектурные объекты отражают постройки культурного, культового, торгового, жилищного назначения, выполненные в модных в то время стилевых направлениях: русское барокко, эклектика, классицизм. Здания поздних построек выполнены с элементами модерна, конструктивизма и неоклассицизма.

Вторая пол. XIX – нач. XX вв. для провинции определяется временем преобладания архитектурной эклектики с её неизменным пристрастием к историческим стилям ушедших эпох. Сегодня памятники с эклектическими характеристиками фасадов и интерьеров наряду со зданиями в стилях барокко и классицизма, модерна и неоклассицизма рассматриваются как ценное историко – художественное наследие. Движение от классицизма к эклектике в архитектуре Петропавловска имело свою динамику и особенности. Петропавловск как провинциальный город воспринимал стилевые потоки из центра, сглаживая или гиперболизируя характерные признаки, выявляя их позитивные и негативные черты, давая примеры собственного понимания архитектуры.

В последнее время актуальность темы архитектурных памятников в г. Петропавловске возросла в связи с выполнением в городе проектов по воссозданию облика памятников архитектуры, которые находились в аварийном состоянии или практически разрушались. Стремление возродить их в первоначальном виде требует высокой степени документированности, что ведет к поискам библиографических, архивных источников, синтезу и кооперации деятельности научных сотрудников, краеведов – историков, реставраторов и строителей.

Литература:

1. Песка М.А. Проблема подлинности «окружения» <http://urban-practice.com/RU/articles/chapter5/part2>
2. Гревс И.М. История в краеведении // Краеведение. – Л., 1926. – №4. – С. 14 – 23.
3. СКГА Ф.637, Оп.1, Д.88, Л.20
4. Яворская В.Н. Улицы Петропавловска: краеведение / Яворская В. // Проспект СК. – 2006. – 20 октября
5. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо – Казахстанская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 496 с.
6. Музеи области. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko/press/article/details>
7. Паспорт Дом Аркеля. КГУ «Центр по охране и использованию историко–культурного наследия управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо – Казахстанской области». Дата составления паспорта «15» января 2019 г.
8. Паспорт Дом Стрелова. КГУ «Центр по охране и использованию историко – культурного наследия управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо – Казахстанской области». Дата составления паспорта «15» января 2019 г.
9. Паспорт магазин Стрелова. КГУ «Центр по охране и использованию историко – культурного наследия управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо – Казахстанской области». Дата составления паспорта «15» января 2019 г.

УДК 930

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ГЕНЕЗИСІ

Ақман Ш.Ж., Балчих А. Ө.

(№ 82 «Дарын» мамандырылған лицейі, Нұр – Сұлтан қ.)

Адам баласы басынан өткізген сан – алуан қоғамдық – экономикалық формациялардың қай – қайсысы болмасын әр қилы отбасы түрлерімен тығыз байланысты болған. Тарихи деректерге жүгінсек, отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуы алғашқы қоғамдық құрылыстан бастау алғандығын көреміз. Ондағы некелер тобы рулар ішіндегі бірімен – бірі туыстас ұрпақтар жігімен бөлінетін бола тұра некелес болды.

Отбасы тарихының бұдан кейінгі даму сатысы топтық некенің ішінде жұп отбасының қалыптаса бастауымен, яғни қандас туысқандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салынуына байланысты қалыптасты. Осының нәтижесінде алғашқы қауым ішінде туыстардың бірімен бірі некелеспейтін жұп отбасы дүниеге келді.

Алғашқы қауымдық қоғамда өндіруші күштердің дамып, еңбек бөлінісінің шығуына байланысты қауымдық ортақ меншік орнына жеке меншіктің пайда болуы моногамиялық отбасының шығуына әкеліп соқты. Моногамияның тарихи формасы болып табылатын патриархалдық отбасының негізгі функциясы ұрпақ жалғастыру болды. Ол бала тәрбиесін, ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені беру, тәлім–тәрбиелік білімді хабарлай отырып, еңбек дағдыларын қалыптастыруды қамтыды. Моногамиялық отбасының мұндай функциялары көптеген мыңдаған жылдар көлемінде өзгеріссіз қалып отырды.

Қоғамның өркениеттенуі отбасы сипатын түбегейлі өзгертті. Онда қоғамдық тәрбие жүйесі отбасына қарағанда бала тәрбиесінде белсенді рөл атқара бастады, соның нәтижесінде ата – аналар тұлғаны әлеуметтендірудің бірден бір факторы болудан қалды, ал отбасында бала ең басты құндылық ретінде танылып, тұлғалық қалыптасудың маңызы артты. Соған қарамастан қоғамның әртүрлі даму кезеңдерінде отбасы тәрбиесі мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Ол қоғамдық категория ретінде онымен бірге дамып, өзгеріп отырды. Сондықтан, адам тәрбиесі отбасы мәселесімен бірлікте қатар қарастырылып келді. Осылайша отбасы тәрбиесінің тәжірибесі алғашқы педагогикалық теориялардың бастау көзі болды. Әйтсе де, алғашқы жалпы педагогикалық тұжырымдар жасауда отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері педагогика тарихында бөліп қарастырылмады. Зерттеуіміздің аталмыш кезеңіне дейінгі құбылыстың мән жайын елестету үшін оның тарихи қалыптасу сатысын білу маңызды деп білеміз. Осы тұста дүние жүзі халықтары тәрізді, қазақ халқының да өзіне тән отбасы тарихына тоқталуды жөн деп таптық. Тарихи – педагогикалық еңбектер деректеріне жүгінсек, ғасырлар қойнауында жинақталған отбасы тәрбиесінің тәжірибесіндегі бала тәрбиесіне, оны өмірге даярлаудағы отбасының рөлі, жастарды еңбекке және нақтылы қоғамдық қатынастарға бейімдеу туралы көзқарастар стихиялы түрде қалыптасқандығын байқаймыз.

Мектептердің пайда болуымен байланысты өскелең ұрпақты тәрбиелеу процесінде мектеп пен отбасының өзара ара қатынасын айқындау мәселелері туындады. Ол үстемдік етуші қоғамдық құрылысқа, сол қоғамдағы ойшылдар мен педагогтардың философиялық, әлеуметтік–саяси көзқарастарына байланысты әр түрлі шешілді.

Отбасы тәрбиесінің қызметі сонау қазақ халқының қалыптасуының бастау кезеңінен келе жатқандығын жоғарыдағы параграфтардан білеміз. Алайда, біз зерттеуге алып отырған IX – XII ғасырлар аралығындағы қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуын сөз етуде алдымен «қазақ» сөзінің және қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасу генезисіне тоқталу қажет деп ұйғардық. Өйткені қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасу бастаулары сол кезеңдерге сәйкес келеді. «Генезис» ұғымына философиялық сөздікте грек тілінен аударғанда – «genesis» – шығу, пайда болу деген мағынаны береді деп сипаттама беріледі.

«Қазақ» сөзінің шығуы туралы деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының ұлттық энциклопедиясында қазақтардың бастапқы қалыптасуы Шығыс Дешті Қыпшақта таралған деп көрсетілген, оны уақыты жағынан ғалым А.Н. Самойлович XI ғасырға жатқызады. Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб – қыпшақ сөздігінде «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі. Бұл өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік ететін адамдарды білдірген.

Сонымен қатар, осы бағытта жарияланған тарихи деректерде XI – XII ғасырларда Қазақстанның далалы аймағын мекендеген түрік тайпаларының отырықшылық жағдайда егіншілігі дамыған аудандармен экономикалық мәдени қарым – қатынас жасауының жақсаруы Қазақ халқының қалыптасу процесінің елеулі кезеңі болғандығын мәлімдейді.

Біз қарастырып отырған кезең Қазақстанға ислам дінінің келуімен сәйкес келетіндігі белгілі. Осыған байланысты Орта Азияға арабтар ислам дінін енгізе бастағанда кең далада емін – еркін көшіп – қонған қазіргі Қазақстан территориясындағы түрік тайпалары арасында ислам дінін тарату үшін елге миссионерлер ағылып келіп жатты. Олар көшпелі халыққа күштемей – ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Оларға қазіргі қазақ халқын құраған сол кездегі кейбір тайпалар ұстанған дін исламға көп жағынан кереғар еместей болып көрінді. Сөйтіп, мәжәуилік шаман дінін оңай ығыстыруға болады деп сенді. Сол себепті де олар бұл тайпаларды «һаза хақ» – «һазақ» (бұл арабша сөздің мағынасы – «бұл дұрыс, жолы дұрыс») деп атады. Содан барып, «қазақ» деген термин қалыптасып кетті деген дерек бар. Әйтсе де, ұзақ дәуірлер бойы ислам діні қазақтардың ежелгі әдет – ғұрыптарын ығыстыра алмады. Қайта олармен санасуларына тура келді.

Оның бір көрінісі ұзақ дәуірлер бойына қазақ тайпалары арасындағы әдет – ғұрыптардың қоғамның заң нормаларының бірден – бір реттегіші рөлін атқарып келгендігі. Бұның себебі, қазақ қоғамы әлеуметтік – экономикалық жағдайына байланысты басқа халықтарға қарағанда томаға – тұйық өмір сүрді. Сол себепті де тек қазақи, өзіндік идеологияны өз ішіне алды. Екіншіден, әдет – ғұрып заң нормалары жалпы қазақ қоғамына тиістілік сипатына ие болды. Өйткені, туыс – туыстарымен ру – ру болып көшіп – қонған қазақтарда «ру намысы» анағұрлым күштірек болды.

Кейбір тарихшы ғалымдар – «қазақ» сөзі «қас» (нағыз), «сақ») (тайпа аты) деген сөзден, „қас сақ“ (нағыз қазақ) дегеннен шыққан – дейді. Олар қазақтар түрік, монғол тектес тайпалардан құралған ежелгі халық деген болжам айтады. Қазан төңкерісінен бұрынғы этнографтар мен тарихшылардың кейбірі «қазақ» деген сөзді «еркін адам», «қашақ» деген деп түсіндіреді.

Қазақстандық ғалым С.Қалиевтің философ ғалымдар А. Қасымжанов, Ж. Алтаевтардың «Біз тарихта XIV ғасырдың басынан бастап қазақ деген атпен еңсек те, мың жылдық мәдениеті, философиясы, әдебиеті, тарихы бар халықпыз...» деген ғылыми тұжырымына сүйене отырып, біздің мәдениет тарихымыздың тым ертеден басталатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2003 жылы жарық көрген ұлттық энциклопедиясында да «Қазақ» терминінің шығуы туралы деректер келтіріледі. Онда «Қазақ» атауы жазба деректерде әр түрлі көзқарастардың бар екендігін дәлелдейтінін айтады. Мысалы, ғалым Ә.Төлеубаевтың тарихи еңбегінде Енисейден табылған VIII ғасырдың түркі жазба ескерткіштерінде «қазғақ ұғлым»– «қазақ ұлым» деген сөз тіркесі кездеседі деп келтіріледі. Бұл сөздің мағынасы ежелгі түркілерде «бір атаның баласы» дегенді білдіреді екен. Сондай – ақ, IX – X ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген үш қарлұқ тайпасының «хасактар» деген ортақ атауы болғандығын айтады. Ал қарлұқтардың қазақтар этногенезіне тікелей қатысы болғандығы белгілі. X ғасырдың орта шенінде Қазақстан жерінің батысынан шығысына қарай көктей өтіп Қытайға барған араб саяхатшысы Әбу Дулафтың «Рисала» деген еңбегінде «Хазлақ» деген ел аталады.

Сондай – ақ, «қазақ» сөзіне «Оғуз қаған» эпосында кездесетін көне «қадақ – қадағ» сөзі негіз болады деп тұжырым жасайды ғалым Құлмат Өмірәлиев өзінің «Ата тарихымызға үңілсек» деген мақаласында. Бұл сөз кейін тек дыбыстық жағынан ғана өзгеріске түсті дейді. Көне түркі тілінің даму тарихында «д» дыбысы сөз ортасында

«з» – ға айналған дәуір болған. Ол дәуір шамамен XI – XIII ғасырдың арасы деп түйін жасайды. Ал, бұл «қазақ» деген терминнің мағынасы сол дәуірдің өзінде «шығып кету, бөлініп кету» деген мағынаны білдіретіндігін түсіндіреді.

Қазақ халқының мінез – құлқының бес қырын айқындап көрсетуге болады:

1. Қазақ халқы табиғатынан қарапайым. Киген киімі қашан да мол, етек – жеңі кең болып келеді. Бұл оның көшпелі тұрмысына, атқа мініп, түсуіне, жерге малдас құрып отыруына ыңғайлы. Шапанының, тонының етегі отырған орнына төсек, ердің үстіндегі көпшігі жастық, шапанын көрпе етіп, кез – келген жерге, төсек таңдамай керек болса жата кететін. Мінезі де ең даласындай кең, жазық, ашық, жайдары. Қазақ ешқашан қысылып, қымтырылмаған. «Қалауын тапса қар жанады» дегендей, қазақ не айтса да қисынын тауып айтуға тырысқан. Сөзге мән берген. Сөзіне қарай кісіге құрмет көрсеткен. Уәжге тұрған. Бұл оның ерекше қимыл – қасиеті.

2. Қазақ кекшіл емес. Іштарлық та басқа халықтарға қарағанда, қазақта бәсеңдеу. Көп ішінде біреу мінеп, мінезінің кемістіктерін, шыққан тегін кемсітіп, бетіне басып, өлеңге қосса, шамасы келсе ол табанда жауап қайтарған. Уәжі күшті болса – жеңген болып есептелген. Жеңіліп қалса кек сақтамаған. Сыртқа шығып, айналаға көз салып, көңілі жадырап кететін болған.

3. Қазақ кімнің кім екенін бір ауыз айтқан сөзінен, былайша айтқанда «сөз саптауынан» байқаған. Кісінің ақылын бірден байқау қиын. Ол тереңде жатады. Бірақ оны байқау үшін көп сөйлеудің қерегі жоқ. Оны қазақ бір ауыз сөзден байқаған.

4. Қазақтың түсі суық емес, жайдары, беті ашық, бас киімін көзіне түсіріп кимеген. Қазақтың ішкі кең табиғи ақылдылығы, жайдарылығы оның бетінен байқалған. Қазақта бас кесу, дарға асу, зынданға салу деген жаза болмаған. Қазақтағы барлық жаза – айып төлету. Әрине, өлім жазасы да болған, бірақ ол өте сирек және кесектеп өлтірілетін болған.

5. Қазақ пейілі кең халық. «Өле жегенше, бөле же», – деген сияқты ол барын басқалармен бөлісіп отырған. Ерулік, сыбаға, сарқыт деген кәделер соның көрінісі. Өзі сондай болған соң, өзгелерден де соны күткен, қазақ сараңдықты ұнатпаған. Қазақтың барлық байлығы, оның алдындағы айдаған малы болған, оны ешкімнен де жасыра алмаған.

Сонымен, біз жоғарыда қарастырылған көптеген ғалымдар зерттеулеріне талдау жасай отырып, *біріншіден*, IX – X ғасырларда көшпенді түрік халықтарының арасында кейбір тайпаларының «қазақ» деп аталғандығын айқындадық. Ол тайпалардың салт – дәстүрлері мен бала тәрбиесіне деген дүниетанымдары табиғат пен қоғамдық құбылыстардың әсеріне негізделіп қалыптасқандығын байқадық.

Екіншіден, қазақ халықтарының мінез – құлқы мен кескін – келбеті, болмыс бітістері және соған сай отбасылық тәрбие дәстүрлері яғни генетикалық ерекшеліктері өздерінің көшпенді өмір салттары мен табиғат құбылыстарына бейімделуінен туындағандығын дәлелдедік.

Әдебиет:

1. Қалиев С.Қ. Үлгілі үйдің ұл – қызы. / құрастырған С. Қалиев. – Алматы: Санат, 2000. – 208 б.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 235 б.
3. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1998. – 124 б.
4. Төлеубекова Р.К. Халықтық педагогикадағы адамгершілік тәрбиесі. // Бастауыш мектеп. – 2001. – №5. – Б. 61 – 65.
5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. – Алматы; «Алматыкітап». ААҚ, 2004. – 284 б.
6. Қалиев С, Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1996. – 350 б.
7. Айтмамбетова Б.Р. Тәрбиенің көкейкесті мәселелері // ҒПО Хабаршысы. – 1994.

**XX ҒАСЫРДЫҢ 20 – 30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҮКІМЕТКЕ
ҚАРСЫ «ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ» КӨТЕРІЛІСТЕР**

Ахметжанова Г.Н., Дүйсенбай С.К.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

XX ғасырдың 20 – 30 жылдары Қазақстан территориясы Кеңестік жүйенің басқаруына тиеді. Сол кезеңдегі Қазақ АКСР – нің жағдайы күрт өзгере бастады. Азамат соғысы (1918 – 1920 жж.) аяқталып, бұрынғы Ресей империясының аумағында жеңіске жеткен кеңестер экономиканы тұрақтау, бағынышты округтер мен губернияларды қайтадан реформалау, әскерді жандандыру және жалпы әлеуметтік саланы көтеруге жөнеледі. Бұл альтерация (өзгеріс) Қазақстанға да көп әсерін тигізді. Ең алдымен, 1917 жылы желтоқсанда құрылған Алашорда үкіметі 1920 жылы 9 наурызда кеңестердің қаулысымен таратылады. Біраз уақыт өткен соң, 1920 жылы 20 тамызда Қазақ АКСР – ін құру туралы декрет шығады. Айта кететін жәйт, арнайы мемлекеттік басқару жүйесін орнату Кеңес үкіметінің Қазақстандағы билігін нығайтуға көзделген еді. Осылайша, олар біртіндеп келесі саясатқа жол аша бастайды. 1921 – 1925 жылдар аралығында Қазақстанда жаппай ашаршылық (2 млн 350 мың адам қайтыс болды, соның 82% – ы Батыс Қазақстанға келген, мал басы 40 млнға кеміді, егіс алқаптары, жиналған астық мөлшері күрт кеміді), индустрияландыру (көшпелі халықты қағаз жүзінде, бейбіт түрде машина техникасымен қамтамасыз ету, инфраструктураны дамыту сияқты көрінді, алайда бұл келешекте жаңа қырғын саясатқа әкеліп соқтырды) [1]. Индустрияландыру қазақ және басқа ұлттарды күштің арқасында өзгертуді бастады. Оны кейінірек жалғастырушы ретінде Ұжымдастыру және бәріміз білетін «Кіші Қазан» саясаты болды. Осы тұста қазақ қоғамындағы наразылық оты жана бастайды. Кеңестердің ұжымдастыру жоспары тікелей қатігездік және күштің арқасында номад салтын ұстанған қазақтарды жаңа өмір дағдысына көшіру міндет еді. 1927 жылы XV съезде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты қабылданған соң, ірі бай – шонжарлардың мал – мүлкін тәркілеу басталды. Бұл жағдайдағы негізгі фактор ол аудандардағы шаруашылықтардың ерекшеліктері, өндіріс процесінің ерекшелігі, қоғамдастырудың ерекшелігі, көшпелі өндіріс құралының ерекшелігі ескерілмегені болатын. Қиын қыстауда 145000 ірі қара мал саны тәркіленді, кейін орталық шаруашылыққа берілді, 140 – қа жуық кооперативтік бірлестіктер құрылды, тіпті астық дайындау барысында 31000 шаруа жазаға тартылды [2]. Кеңестердің бұндай қатал саясаты халықтың ашуын тудырмай қоймады. Өйткені қамауға алынған мал санын қысқы кезеңде қалай дұрыс бағу керектігін білмеген кеңестердің өлкелік басқармасы арнайы бұйрық шығарған болатын. Ол бұйрық бойынша әрбір тәркіленген мал басы қарапайым баздарда қысқы кезеңде тұру керек делінген. Алайда мұндай процесс кейін малдың қырылуына әкеліп соқтырды. Халық аш қалып, өлкедегі өндірістің оларға пайдасы тимегендіктен, алғашқы көтеріліс ошағы туындай бастайды. Ертіс өзенінің төменгі ағысындағы Семей, Тобыл өзенінің ортаңғы шағындағы Торғай мекендерінде кішіден үлкенге ұласқан протест болады. Торғайлықтар «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен шығады. Бұл мезетте Иран мен Ауғанстанға көшуге мәжбүр болған қазақтар қайта жиналып, Маңғыстау және Ойыл аймақтарында шоғырланады. Біртіндеп, Қазақстанның түпкірінен түрлі топтар құрыла бастайды. Олар аудан орталықтарына басып кіріп, партия және кеңес үкіметінің өлкелік мекемесін ойрандайды. Аудандық партия осы көріністерді орталық билікке хабарлауға мәжбүр

болады. Дәл осы кезеннен, яғни 1928 жылдың 1 – ші қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін 277 шаруа атылады [3]. Халық толқуы енді көтерілістерге ұласа бастады. 1929 жылы 1 қараша айында Қостанай округінде Торғайлықтардың ұранын жалғастыруға және кеңестердің әділетсіз саясатына қарсы Батпаққара ауданында көтеріліс бұрқ етеді. Кейбір деректердің мәліметінше, соның ішінде Талас Омарбековтың «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» кітабында көтерілістің басталуына себеп болған фактор ол Алаш партиясының қоғам қайраткерлері А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Есболовтың, 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс басшыларының бірі, Ә. Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы болатын делінген. Көтерілісшілер мақсаты – тұтқында болған адамдарды босату еді. 1929 жылы 2 қарашада наразылыққа қатысушылар Батпаққара ауданының орталығына шабуылмен кіреді. Аудан басшылары, жергілікті өкімет адамдары тұтқынға алынады. Жергілікті партия, кооператив, милиция, шаруашылық мекемелері орналасқан үйлер өрттеледі. Көтерілісте белсенділікті қарапайым шаруалар Абайділдә Бекжанов, Сейтбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов танытты [4]. Көтерілісшілер қатарында 5 ауылдық кеңес мүшесі, 12 комсомол, 2 «Қосшы» одағының төрағалары болды. Көтеріліс басшылары аудандағы барлық ауылдарды жинап «ақсақалдар үштігін» құрады. Оларға әрбір ауылдан 50 сарбаз шығару міндеті жүктелді. Жалпы саны 1000 адамға жететін топ құру (800 – і Батпаққара ауданынан, 200 – і Наурызым ауданынан) көзделді. Жергілікті мешітке Омар Бармақовты көтерілісшілер хан етіп сайлайды. Батпаққарадан кейін көтерісшілер Наурызым ауданындағы елді – мекендерді қосып алып, Қостанайға шабуыл жасауды жоспарлайды. Бірақ олардың жоспары іске аспай қалады. Себебі, адам саны 530 – ға ғана жеткен топтың, 75 – ке жуық мылтықтармен ірі әскери қимылдар ұйымдастыруға шамалары жетпеді. Жазалаушы отрядтармен айқаста қарапайым қаруланған шаруалар ештеңе істей алмады. Жазалаушы отряд Бармақовты және оның 200 адамға жететін тобын тұтқынға алады. ОГПУ «үштігі» Батпаққара көтерілісіне байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 – 10 жылға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагеріне, 17 адамды шартты түрде соттайды [5]. Қазақ өлкелік партия комитеті осы көтеріліс туралы былай деген: «Торғай шаруаларының бандиттік – басмашы қозғалысының көрінісі». Көтерілістің жаншылуына қарамастан, оның барша Қазақстанға әсері өте зор болды. Бір жылдан кейін Оңтүстік аймақтарда Созақ көтерілісі басталып кетеді...

1930 жылы 7 ақпанда таң атқан сәтте 400 – ге жуық адам Шолаққорған ауылын басып алып, аудандық партия комитетінің басшысы К. Жүнісбековты өлтіреді. Созақ аймағында көтерісшілер ошағы қалыптаса бастайды. Оның басталуына ауданда мал – мүлкінен айырылған кулактар мен олардың туыстары үшін бірнеше тұтқындар лагерінің ашылуы мен мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Ораза айында діни әдет – ғұрыптарды орындағандарға өкімет орындарының айып салуы сылтау болды. Көптеген тарихшылар, соның ішінде профессор Әбдімәлік Нысанбаев «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының бас редакторы ретінде Созақ көтерілісі туралы былай айтып кеткен: «Шаруалардың бұл бас көтеруі Қазақстанда ХХ ғасырдың 20 – 30 жылдарында ең ірі және елеулі көтерілістің бірі болды. Адам саны 5 мыңға жетті. Сонымен қатар бұл бас көтеруді «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» ретінде сипаттауға болады». Тіпті, Тұрар Рысқұлов осы көтерілістің басталуына себеп ретінде күштеп ұжымдастыру дәстүрлі көшпелі қоғамның бірқатар ережелерін бұзумен қатар жүргізілгенін және өмір салтын бұлайша қорлау қоғамдық наразылық пен қарсылықтың өсуіне әкеп соқты деп санаған. Оның айтқаны әдетте дұрыс болды. Кеңестердің көшпелі халықтың әлеуметтік құрылысына деген жайбарақаттылығы және озбырлы саясаты осындай қанды саяси процесстерге әкелді. Әбдімәлік Нысанбаевтың

«Қазақ энциклопедиясы» еңбегінде бас редактор болып, осындай деректер айтып кеткен: «Созақтағы көтерілісті С. Шолаков және Жақыпов деген қарапайым шаруалар бастады. Олардың басқаруымен қарулы жігіттер тобы Сырдың бойындағы Түркістаннан Жаңақорғанға дейін қазақ даласын «оятып», көтерілісті көтеріп, аудан орталықтарына шабуыл жасап, ел арасында пропаганда жүргізді. Алғашқы маңызды шайқас 1930 жылы 12 ақпанда өтті. Осы кезде Қазақстан ОГПУ – дің басшысы Ольшанский қызыл армияны көтерілісшілерге қарсы бастады. 16 – 17 ақпан күндері Ташкенттегі Ленин әскер мектебінен 500 винтовка және төрт зеңбірекпен қаруланған, Алматыдан Акаев басшылығындағы кавалерлер эскадроны, Қызылордадан 50 адамнан тұрған винтовка және пулеметпен қаруланған күштер келіп жетеді. Сонда, екі жақта (көтерісшілер және ОГПУ) нәтижеге жете алмады. Алайда, Батпаққарадағыдай қару сапасы төмен болған шаруалар оңтүстікке ығысып, қуғында болды. Біреулері Ташкент түбіне, кейбірі Шу өзені жағына беттеп кетеді. Қазақстандағы өкілетті органдар осы адамдарды іздеу барысында, көптеген ауылдарды, жазықсыз адамдарды ату жазасына кесіп, этноцид саясатын жүргізе бастайды. Созақтағы басталған шаруалар көтерілісі басқа толқуларға жігерлік рухын бағыштап, сол бас көтеруге қатысқандардың өздері 1938 жылға дейін партизандық күресті жалғастыра берді. Бірақ кейінде ұсталып, сотталып, кейбірі ату жазасына кеткен болатын.

Созақтағы қырғын шайқас Батыс Қазақстандағы өлкелерді бас көтеруге итермеледі. Батыста тұратын адай, тама, байбақты, шеркеш руларында толқулар басталып, Маңғыстау, Ойыл төңірегінде 300 – ге жуық адам топтасты. 1931 жылы қыс кезінде Сарыарқаның шығыс бөлігінде Шыңғыстау көтерілісі бұрқ ете салады. 200 – ге жуық адамды басқарған шаруалар Медеуов Сәнияз бен Торайғыров Емілжан көздегендері басқа көтерілістерге қарағанда әлдеқайда амбициялы көрінді. Себебі олар халықты жұмылдырып, кеңес үкіметін жоюды көздеді. Қазақстанның шығысында Алтай (Урянхой) өлкесінде тұрақты қызыл армия бөлімдері тұрған. Орталық басқармадан нұсқаулық келген соң, олар Шыңғыстаудағы бас көтеруді жаншуға аттанады. Ұйымдастырушылар және 180 – ге жуық адам тұтқындалды. 1931 жылы 15 мамырда ерекше үштігің (оны құрған Голощекин, І. Құрамысов, Г. Рошаль) бұйрығымен 47 адам ату жазасына кесілді, 105 адам еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілді, 23 адам сотталды [6]. Бұл сәтсіздік жергілікті халықты келесі маңызды бас көтеруге шығарды. Сол жылдың наурыз айында Шұбартауда 11 – ге жуық ауыл топтасып көтерілді. Осының бәрін ақсақал Қарамұрзин Мырзаш басқарды. 5 наурызда олар кеңес кооперативтерін басып алып, оның мүлкін елге үлестірді. «Бидайық» жайлауында көтерілісшілердің алғашқы жиналысы өтті. Сароба жайлауында жиналған 30 шақты адам Молдабаев Қалидің бастауымен Аягөз стансасынан Шұбартауға келе жатқан тауар тиелген жүк арбасын тонайды. «Кеңжайлау» жайлауындағы жиналыста аудан орталығына шабуыл жасау туралы шешім қабылданып, онда 200 – дей көтерілісші жиналды. Көтерілісшілерді шабуылға Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан бастап арттарынан 300 – ге тарта адам ерді. Жолда көтерілісшілерге басқа ауылдың жігіттері қосылып, адам саны 700 – ге таяп қалады. Негізінен сойылмен қаруланған көтерілісшілер 8 наурызда аудан орталығын қарсылықсыз, қантөгіссіз басып алады. Олар ең алдымен қамауда отырған 41 адамды босатады [7]. Мұнан соң аудандық мекемелерді жаппай талқандап, ондағы құжаттарды өртеп жібереді. Талас Омарбековтың «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» кітабына сүйенетін болсақ, Шұбартау ақсақалдары Мырзаш Қарамұрзинды хан етіп сайлайды. Осындай саяси көрініс Біріккен мемлекеттік саяси басқарма мен коммунистік жасақтарға мүлде ұнамады. Сондықтан, көтерілісті аяусыз қыру үшін қызыл армия жеберіледі. Нәтижесінде 28 көтеріліс басшысы ату жазасына кесілді, 66 адам 3 – 10 жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілді. Қазақстанның

өз ішіндегі аудандарға 3 – 5 жылға дейінгі мерзімге 17 адам жер аударылды, шартты түрде 22 адам сотталды. Осыдан кейін аймақты қадағалау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылады. Алайда Шұбартау көтерілісі сол жылдардағы Қазақстанда Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталды. Жалпы Шығыс Қазақстандағы бас көтерулердің түпкі мақсаты кеңестік режимді құлату еді. Күші басым кеңестер әр көтерілісті жаншудан жалыға бастады. Бір толқудан екінші толқу пайда болып, барша қазақ жерінде жалпыхалықтық көтерілістер кезеңі басталады...

Көп уақытқа созыла алған көтерілістер Батыс Қазақстан (Ақтөбе), Солтүстік Қазақстан (Қостанай), Оңтүстік Қазақстан (Қызылорда) округтерінде байқалды. Қостанай округінің Жетіқара ауданында 4 хан – А. Қанаев, Ж. Бәйімбетов, М. Саматов, И. Сатыбалдин сайланады. Көтерілісшілер барлық жерде ауылдық кеңестерді талқандап, құжаттарды жойды, астық дайындауға бөгет жасады, колхоздарды таратты. Кейінірек ауылды аймақтардан қосымша күш жинау мақсатымен Ырғыз даласына шығып, сол жақтарда 14 – 15 наурыз айларында жазалау отрядтарымен, милициямен, атты дивизиямен шайқасқа түседі [8]. Көтерісшілердің әрбір шайқасы олардың қару сапасына және ішкі тұрақтылығына байланысты болды. Екінші жақтан бәрі жақсы болғанымен, қару сапасы соғысқа толық жарамды болмады. Шайқастар сәтсіз аяқталып, шаруалар ығыстырылды. Шаруаларды бастап келген Ж. Бәйімбетов, Д. Қараев пен А. Әйменовтер атты сарбаздар партизандық күресті жалғастыруға жөнеледі. Олардың талабы әдетте 1928 жылдан заңсыз тәркіленген ірі қара малды халыққа қайтару, мешіттерді қайтару, діні қағидаларды ұстанатын адамдардың ісіне мемлекеттің араласпауы, жүріп жатқан ұжымдастыру саясатын доғару, салық мөлшерін нормаландыру, аудандардың мәселесін өлкелік басқарма емес, тікелей жалпы жиналыста шешу болатын. Айта кететін болсақ, осы талаптар ХІХ ғасырдың 30 – 40 жылдарындағы өткен Кеңесары Қасымұлының Ресей империясына қойған талаптарымен бір – екі ұқсастыққа ие. ХХ ғасырда көтерісшілердің кеңес үкіметінің билігі Қазақстаннан кетсін, ұжымдастыру саясаты жойылсын деген ірі талаптары Кеңесарының орыс самодержавиесі қазақ жерінің еркіндікте жатқан аймағын жөнге қалдырып, ұлы Дешті қыпшақ аймағынан кетуге керек деген талабымен бірдей көрінеді. Қазақтардың күресі көшпелі далада үлкен шу шығарды. Талаптар орындалмай, көтерісшілер тобы жазаға тартылды, кейбірі сотталып, еңбекпен түзеу лагерлеріне аттанды. Ырғыз даласында 16 ауыл бірігіп, көтерісшілер саны 1600 – ге дейін жетті. Алайда оларды талқандау үшін арнайы әскери топ – 11 атты әскер дивизиясы жеберіліп, кейін көтерісшілер Қармақшы ауданындағы Қараүңгір аймағына қашып кетеді [9].

1931 жылдың ақпан – наурыз айында Шығыс Қазақстан облысының Абыралы аймағында көтеріліс ошағы шығады. Шыңғыстаудағы секілді бұл жиында халық кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына және 1928 жылдан бастауын алған ірі – қара малды тәркілеу заңына қарсы шықты. 1931 жылдың қысында өлкелік комитет бүкіл дала бойынша өкіметке мал тапсыру науқанын бастайды. Шығыста халықтан 3300 – ге жуық ет талап етілді. Алайда бұндай іс – шара жергілікті тұрғындарға, ауылды мекендерге мүлде ұнамады. Біртіндеп толқу біршама ірі көтеріліске ұласып, 14 ауылдан шыққан 700 – ге тарта жігіттер Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұловтардың басқаруымен орталық аудан басқармасы – Қайнарға шабуыл жасайды. Негізгі мақсат мал тапсыруды тежеу және кеңестік билікті өлкеден ығыстыру еді [10]. Сойылмен қаруланған қазақ шаруалары Қайнарда ОГПУ отрядтарымен кездесіп, қырғын шайқаста артқа шегінуге мәжбүр болды. Партизан күресі маусым айына дейін жалғасты. Кейін бас көтеруді жақтаушылар Қарқаралы ауданында (қазіргі Қарағанды обласы) Томар, Аққора ауылдарынан 300 – ге тарта адамды жинап, Ысқақ Кемпірбаев атты адамның бастауымен кеңес үкіметінің зорлық – зомбылық әрекеттеріне қарсы шығады. Себебі

сол кезде Қазақстандағы кеңестік басқарма қарапайым халықтан мал мүлкін түгел дерлік алуды бастайды. Соның әсерінен ашаршылық, кедейлік көбее түседі. Ысқақ бастаған топ аудандық коммуналар отрядын талқандап, алынған мал мен астықты жұртқа қайтарады. Бір айға созылған көтеріліс кейін Семей қаласынан келген тұрақты әскермен шайқаста (15 ақпан) жеңіліске ұшырайды. Көтерілісшілерді қоршауға алған қызыл әскер мынадай құрамда болды: Тоқабайдағы отряд 700 қылыштан, 30 пулеметтен, үш зеңбіректен; Қарсақпайдағы отряд 150 қызыл әскер, бес пулеметтен; Торғайдағы отряд 120 қызыл әскер, үш пулеметтен; ал теміржол бойында Жосалы, Қазалы, Арал сияқты стансаларда 200 – ге жуық қарулы комотрядтар орналасты. Бұл өзара телеграф және радио – телеграф арқылы байланысып отырған қарулы отрядтар Қарақұмнан шығатын жолдың бәрін бақылауда ұстады. Сондағы шайқаста жеңілген көтерісшілерден 274 адам сотқа тартылып, 85 адам атылады. Ысқақ және оның серіктестері ОГПУ шешімімен Семей қалалық түрмесінде атылады. Осындай ерлік пен жігер ешқашан ұмытылмайды. Халқы үшін жанын берген ерлер тізімі Қазақстан тарихының беттерінде мәңгілік сақталып қалады [11].

Ең бір елеулі бас көтерулердің бірі, ол Адай көтерілісі болатын. Сонау 1929 жылдан 1932 жылға дейін созылған бұл күрес кеңес үкіметінің коммунистік асыра сілтеушілігіне қарсы бағытталды. Ең алдымен көтеріліске тікелей себеп басқару жүйесінің өзгеруі, салық мөлшерінің көбеюі және адай ханы атанған Тұбанияз Әланиязовтың қамауға алынуы, кейінірек Голощекиннің Маңғыстау аймағында жылдам түрде ауылдарды ұжымдастыру кезеңінің көрінісі болды. Сол жылдары кеңестерге қарсы контрреволюциялық үгіттеу жүргізетін «Адайды құтқару» тобы құрылады. Олар 1928 – 29 жылдың қыс айларында «Қызыл жүн» аталған жүн салығы, онымен қатар тері, сүйек, шүберек жинап тапсыру міндетіне қарсылық білдіріп көтеріледі. Табын, Жылқосы, Маңғыстау, Доссор аймақтары да көтерілді. Маңғышылақ ауданында 800 – ге жуық адам жергілікті басқарма мекемелерін талқандап, үйлерін өрттеген. Кейінде Оразбай есімді адам бастаған 150 жігіт Қарабұғаз шығанағындағы сауда орталарын басып алады. Күрес бір жыл бойы кеңестер үшін еш нәтижесіз өтеді. Әрекет ету үшін аудандық басқарма тұрақты әскерді осы топтарға қарсы аттандырады. Дейме жерінде 1000 – ға жеткен көтерісшілер қоршауға алынады. Тіпті Барсакелмес аймағында шоғырланған ірі топтар орыс әскерімен шайқаста жеңіліске ұшырайды. Бұған себеп әдеттегідей қарудың сапасыздығы болатын. Орыс отрядтары көтерісшілерді ығыстырып, көшіп кетуге дайын болған 3000 – ға тарта қазақ отбасыларын қайтарып алып, 26 көтерілісшілерді түрмеге қамайды [12]. Гурьев жаққа ығысқан топтарда ұсталып, 96 адам сотталады. Қашып үлгерген адамдар көршілес Қарақалпақстанға, Түрікмен АКСР – не көшіп кетеді.

1929 – 1931 жылдар аралығында Қазақстанда толқулар мен көтерілістер саны 372 санын құрады. Әрбір көтерілген азамат өз Отанының дербестігін, оның болашағын ойлаумен үкіметке қарсы шыққан. Менің ойымша, барлық көтерілістерді бір мезетке қосуға болады. Себебі, сонау XIX ғасырда Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмағамбетұлы т.б кейін XX ғасырда Амангелді Иманов, кейін міне Абайділдә Бекжанов, Сейтбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов, С. Шолаков, Жақыпов, шаруалар Медеуов Сәнияз бен Торайғыров Емілжан, Қарамұрзин Мырзаш, Молдабаев Қали, Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан, А. Қанаев, Ж. Бәйімбетов, М. Саматов, И. Сатыбалдин, Д. Қараев пен А. Әйменов, Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов, Ысқақ Кемпірбаев, Оразбай, Бәйімбетов, Ы. Әлмағамбетов, Б. Байбахтин, М. Қыпшақбаев, С. Қуандықбаев, Ө. Өмірбаев, Б. Талқанбаев, Т. Ахметов және тағы да аттары айтылмаған немесе белгісіз қалған ерлеріміздің бостандық пен әділдік жолындағы ұлы күресі нәтижесіз қалды деуге мүлде болмайды. Қазақ жұрты

XX ғасырда талай қиындық көрді. Соның 1929 – 1930 жылдары аштық, күштеп ұжымдастыру, мал – мүлікті тәркілеу, заңсыз соттау, ату, жер аудару, ішкі әлеуметтік реформалардан ұлтымыз зардап шегіп, кейін 1931 – 1933 жылдар кезінде 2 млн – нан астам адам қырылып, 500 мыңы ауыр жағдайда өмір сүрді, 300 мыңға адам көрші Қытай және Ауғанстан территориясына көшіп кетеді. Қазақ ұлтының басқа халықтармен ассимиляциясы кейін жергілікті этностың пайызын төмендете бастайды. Жалпы айта кететін болсақ, XIX ғасырда көтерілістер ұлт – азаттық сипатта болса, оның жалғасы ретінде ресми түрде 1929 – 1930 жылдар кезіндегі бас көтерулерді жатқызуға болады. Себебі, мақсаты кей – кезде келісетін көтерілістер Қазақстанды Ресейден және Кеңес үкіметінен еркін республика ретінде құруға талпынған. Сол жылдардағы көрініс тапқан батырлық, елге деген жанашырлық, отансүйгіштік келешектегі тәуелсіздік пен әділеттік жолындағы күрестерге стимул бола алды.

Ойымды түйіндей келе, еліміздің осындай тарих беттерінен біздің қазіргі тәуелсіз ұрпағымыз үлкен сабақ алуы тиіс. Сол сабақтың негізі ең алдымен Отан алдындағы борышынды өтеп, еліңді, жұртыңды, туған жеріңді жаудан сақтап қал деген ұғымнан көрініс табады. Ұлы Отан соғысының ардагері, танк батальонының командирі Бауыржан Момышұлының айтқан сөздері осы көтерілістерге сай келеді: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!». Осы сөздердің астында зор мағына жатыр. Қазақтың бостандығы мен өмір салты үшін күрес жүргізген ата-бабаларымыздың аңсап жеткен арманын бұзып алмай, еліміздің даңқты азаматтары мен патриоттары болу біздің басты міндетіміз. Келешегіміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында. Әрбір жас бала Отанының тарихында осындай жігерлі, айбатты ерлердің болғанын ұмытпауы тиіс. Солардың жандарына дұға етіп, арттарынан ұлы істі жалғастыруы тиіс деп санаймын.

Әдебиет:

1. Хұсайынқызы Х.Г. «Қазақстан тарихы», Нұр – Сұлтан қаласы, 2017.
2. Қозыбаев М., Алдажұманов І., Әбілғожин Ж., «Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық», Алматы, 1992.
3. Нусупбеков А.Н. «Формирование рабочего класса в Казахстане», Ресей, 1966.
4. Талас Омарбеков «Зобалаң» (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929 – 31 жылдары болған халық наразылығы), Алматы, 1994.
5. Талас Омарбеков, «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», Алматы, 1997.
6. Ивницкий Н.А. «Коллективизация и раскулачивание», 1994.
7. Талас Омарбеков, «20 ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», Алматы, 2001.
8. Аяған Б.Ғ., «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», Алматы, 2009.
9. Шаяхметов Н. «XX ғасырдағы Қазақстан тарихы», А., 2015.
10. Асылбеков М.Х., «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық», Алматы, 2010.
11. Талас Омарбеков, «Қазақстан тарихы», «Қазақ университеті», Алматы, 2016.
12. Жұмабай Қалиев «Адай көтерілісі», Алматы, 2010.

ӘОЖ 94(574)

«Ер есімі – Ел есінде»

Ахметжанова Г.Н., Әсірелі Ұ.Б.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Ер есімі – Ел есінде болып сақталып қалған, біз үшін орны бөлек, ауылымыздың мақтаныш тұтар көрнекті тұлғасы – Жолдыбай Нұрлыбаев туралы айтқым келеді. Соғыста ерлігімен қаза тапқан жерлес атамыз. «Батырмын» деп кім айтпас, барарға

жүрек шыдамас. Қазіргі таңда, Жолдыбай Нұрлыбаев туралы жерлестері зерттеу жұмыстарын жасауда. Ауыл болып мектептің атын беру ұсынылып, қазіргі кезде «Өнімкер» ауылының мектебі – Жолдыбай Нұрлыбаев деп аталады. Халқы барда, Жолдыбай Нұрлыбаев халыққа сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмас.

Кеңес Одағының батыры Жолдыбай Нұрлыбаев 1922 жылы дүниеге келген. 1945 жылы Лукац – Крейц қаласы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тауып, Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Батыр өмірін зерттеуші Молдабеков Сейдулла зейнеткер, 1934 жылы дүниеге келген. Ж. Нұрлыбаев атындағы орта мектебінің директоры болып қызмет істеген. Жерлесі, Мақтаарал ауданы «Өнімкер» колхозында туылған, Кеңес Одағының батыры Жолдыбай Нұрлыбаевтың өмірбаянын зерттеуде. Молдабеков Сейдулла – ағаның Кеңес Одағының батыры Ж. Нұрлыбаев туралы әңгімесі. Жолдыбай Нұрлыбаевтың туып өскен жері – 1930 жылы іргесі қаланған «Өнімкер» колхозы. – Мен 1970 – ші жылдары газетте Жолдыбай Нұрлыбаев мақала шыққан соң ауыл қарты Тастан Текеевпен батыр өмірі жайлы әңгімелестім. «Мен Жолдыбайдың әкесі Нұрлыбаймен қатар өстім», – деп қария сөзін бастады. «Нұрлыбай екеуіміз ауыл дихандары үшін құрал – саймандар, аттың ертоқымын жасайтын ұста едік. Нұрлыбайдың перзенті жоқ еді. Ол қашан перзент көремін деп үнемі асыға күтетін. Бір күні Нұрлыбай екеуіміз күнделікті кәсібімізді дөңгелетіп отыр едік. Бір әйел асыға жүгіріп келді, қуанышы қойнына сияр емес. «Нұрлыбай, сүйінші, сүйінші, сәбилі болдың! Ұл!». Оны есіткен соң біздің қуанышымызға шек болған жоқ. Нұрлыбайдың жүрегі жарыла жаздап қуанды. Бұл 1922 жылдың көктемнің бір күні болатын. Екеуіміз қуанғанымыздан үйіне бірге бардық. Нұрлыбай мені жібермей: «Сәбидің есімін Жолдыбай деп қоямын», – деді. «Болар бала бес жасынан», – деп халқымыз айтқандай, Жолдыбай жасынан–ақ пысық, алғыр, әрі жұмысқа ұқыпты қарайтын, тіл алғыш бала болып өсті. Ол «Өнімкер» колхозындағы жеті жылдық мектепті, кейін «Бірлік» орта мектебін үздік бағамен бітірді. Жолдыбайды ағайыны Мәміш Бекботаев (ол уақытта колхоз бастығы еді). 1939 жылы Алматы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсқа түсіреді. Оны 1939 жылы бітіреді. 1939 – 1941 жылдары (Ленин колхозы) «Земля и труд» колхозындағы Қызылабад орта мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. 1941 жылы Алматы қаласындағы Киров атындағы университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. 1941 жылы желтоқсан айында Алматы қалалық әскери комиссариаты арқылы өз еркімен майданға аттанады. Жолдыбай соғыста батальон командиріне дейін көтеріліп, капитан шенін алады.

Ж. Нұрлыбаев Ұлы Отан соғысында Сталинград, 3 – ші Оңтүстік, 4 – ші Украина, 1 – ші Белоруссия сияқты соғыс майдандарында шайқасқа қатысады. Висла – Одер шайқасында дайындық кезінде 1 – ші Белоруссия майданының құрамындағы генерал Николай Эрастович Берзаринның (Берлинның тұңғыш коменданты) басқаруындағы 5 – екпінді армияның жауынгерлері ерекше көзге түсті. Магнушевский әскери алаңының қорғаныс шенін бұзып өтіп, 1945 жылдың 14 – қаңтарында елеулі табыстарға жетті. 19 қаңтар күні Скорневица, Варшава – Познань елді мекендері, 2000 – нан астам фашистер жайғасқан елді мекендері, Кола қаласы 7 – сағаттық соғыстан кейін азат етіліп, Варта өзеніне өтетін жол ашылды. 21 қаңтар күні 2 – гвардиялық танк армиясының жау қарсылығын ерлікпен бұзып өтіп, Несе өзені арқылы Германияның шекарасына басып кіреді. Міне, осы шайқастарда №507 танкіге қарсы оқ ататын артиллерия полкінің жауынгерлері немістердің тоғызыншы шабуылына тойтарыс берді. Мұнда Нұрлыбаевтың батальоны ерекше көзге түсті. Одер өзенінен өту үшін болған ұрыстардан 5 – екпінді армия шайқастың 18 – ші күні 570 километр жерді азат етті. Гитлершілерді өкшелей қуып, Висладан Одер өзеніне дейінгі аралықтағы немістердің жеті тосқауылының бірде – біреуінде аяқ тіретпей қуып тастайды. Батарея командирі

П.И. Никулин, кіші сержант Т. Казаков және сержант И.А. Кутиновтар жаудың осы әскери қорғаныстарын қиратуданағыз патриотизмді танытты.

Соңғы снарядтары қалғанша фашистермен шайқасып, ерлікпен Отан үшін жандарын құрбан етті. Жолдыбайдың соғыста армия қатарына бірге қызмет еткен өмірінің соңына дейінгі жолдасы, қазіргі отставкадағы капитан Ростов – Дон облысы, Белая Колитва қаласы, Комсомол поселкесінде тұратын Симонов Алексей Парфенович өз күнделігінде былай деп жазады: «...1945 жылғы 31 қаңтар күні еді, әдеттегідей жау шабуылға шықты. Бұл Лукен Крейц қаласының іргесіндегі шайқаста Нұрлыбаев батареясы жаудың миномет батареясын талқандап, қолма – қол шайқаста елуден астам гитлершілердің көзін жойды. Сондай – ақ гитлершілердің ауыр машиналары мен танкілері біздің батарея орналасқан жерге жақындап қалды, сол кезде Жолдыбай екі қолына екі граната алып, жау танкесіне қарай ұмтыла жүгірді. Біреуін от құшағына орандырды да екіншісіне граната лақтыра бергенде өзі де жау оғынан құлап түсті». Жолдыбайдың ұрыс майданындағы көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 5 – УД армия командирі генерал – майор Косенко 1945 жылғы 7 ақпан күні қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғарғы атаққа лайықты деп бірінші ретте ұсынды. Армия соғыс Кеңесінің қорытындысы оны Кеңес Одағының Батыры атағына лайықты деп шешім қабылдады. Мен 1970 жылы Москва облысы Подольск қаласындағы СССР қорғаныс министрлігінің архивіне жазып, Батыр туралы хабарлама сұрадым, ол туралы құжаттар мен Жолдыбайдың жұбайы Прудникова Екатерина Артемовна мен ұлы Георгий Жолдыбайұлы Нұрлыбаев туралы мәлімет алдым.

Ағамыз сұрапыл соғыста жүріп, дәрігер қызға үйленіп, одан бір ұл қалғанын білдік. 1970 жылы қыркүйек айында Прудникова Екатерина Артемовна мен ұлы Георгий Жолдыбаевич Нұрлыбаевты хат жазып шақырдық. Олар Мақтаарал, Киров ауданында 20 күн болды. Жолдыбай туып өскен, кіндік қаны тамған жерде болып қайтты. Екатерина: «Мен Жолдыбайдың мұндай туыстары барын білмедім, ол жетіммін деген еді. Мұндай туыстарын білгенде осында келер едім», – дегенді айтты. Ұлы Георгий Жолдыбаевичке ата жұртқа кел деп өтіндік. 1972 жылы Алматыға келді, қазақ қызына ағайындар ұйымдасып үйлендірді. Қазір Кеңес Одағының Батыры Ж. Нұрлыбаев атындағы мектебінің директоры С. Молдабеков пен Батырдың жесірі Е.А. Прудникова. 1970 жылы 16 желтоқсан күнгі Мақтаарал аудандық атқару комитетінің шешімімен «Қазақстанның 30–жылдығы» орта мектебіне Кеңес Одағының Батыры Жолдыбай Нұрлыбаевтың есімі берілді. Мектеп дирекциясы оқушылармен 2 – күндік сенбілік ұйымдастырылып, 1972 жылы Жолдыбайға мектепте мүсін орнатылды. 1972 ж. орнатылған Батыр Ж. Нұрлыбаевтың мүсіні. 1975 жылы совхоз жұмысшылар кооперациясына Ж. Нұрлыбаев есімі берілді. Сол жылы «Славян» совхозының селолық амбулаториясына да Жолдыбай Нұрлыбаев есімі берілді. Республика Үкіметінің 1991 жылғы 24 маусымдағы №394 қаулысымен «Славян» совхозына Жолдыбай Нұрлыбаев есімі берілді. Қазіргі уақытта ауылдық әкімшілік Жолдыбай Нұрлыбаев есімімен аталады. Ауыл әкімшілігінің Кеңесі алдына 1995 жылы мүсіні орнатылды.

Қорытындылай келе, туған жерінен жырақта, батыстағы Польша жерінде менің атам, Кеңес Одағының Батыры Жолдыбай Нұрлыбаев мәңгілік қонысын тапқан. Осынау жанның тағдырында қаншама жан ауыртар тұстар бар десеңізші. Ол майданда 1945 жылы көз жұмды. Бірақ туған елі оның қаһармандыққа толы тағдыры туралы арада 25 жыл өткенде ғана білді. Ал 67 жылдан соң батырдың зираты табылды! Иә, жылдар өтер, бірақ Батыр есімі мәңгі ұмытылмайды. Ұрпақтың жанына өршіл рух беріп, мәңгі жасай береді деп сенеміз.

Әдебиет:

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Нурлыбаев,_Жолдыбай
2. Молдабеков Сейдолла / зерттеу жұмысы/ www.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ЗНАНИЙ ОБ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА НА ПРИМЕРЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ШКОЛЕ

Әнуарбекова М.Қ., Ильясов Ш.А.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Если следовать рекомендациям Н.С. Ерохиной, которые она отразила в своей статье «Историческая личность: современные методики изучения», то, по ее мнению, использование алгоритма способствует «формированию умения давать» развернутую характеристику исторической личности. Алгоритм должен быть построен на смысловых опорах. Его использование предполагает запоминание осмысленное, а не механическое, большого материала об исторической личности и позволяет самостоятельно проводить анализ и обобщать факты, что способствует формированию «исторического мышления».

На рубеже XX и XXI вв. система образования уже стала не удовлетворять. Стали очевидны расхождения между целями и результатами обучения. Нужна была реформа всей системы образования, включая, конечно, историческое. Перед педагогом опять встает вопрос: чему и как учить? Как определить необходимый состав и объем исторических знаний? В связи с этим, надо стремиться совершенствовать познавательный процесс. Изменения, которые происходят в обществе, являются целями преподавания истории, которые должны иметь четкое определение, что является одним из условий его эффективности [1, с. 127].

Вопрос о том, какие образовательные приоритеты наиболее полно соответствуют интересам общества и государства, стал важным звеном реформы образования. И вопрос сохранения истории как предмета заняло одно из центральных мест в реформе. Этот предмет не может быть заменен каким – то другим, потому что история уникальна, как предмет. Формированию собственной точки зрения о личности, ее оценок, способствуют исторические знания, но, в тоже время, учат ценить и уважать мнения других. Такие важные для жизни в современном обществе качества, как широта мышления и мировоззрения, творческое воображение воспитывают исторические дисциплины, и дают возможность ученику свободно передвигаться в историческом пространстве и вооружает знанием исторического опыта, позволяющим в итоге правильно оценивать современные политические процессы.

Обязательный компонент процесса обучения – это содержание преподавания. А на содержание, на объем и глубину преподавания влияет развитие истории, педагогики и методики. На данный момент преобладает цивилизационный подход вместо формационного, и уделяется много внимания историческим личностям. Учеников надо научить уметь разграничивать процесс познания прошлого и процесс оценки поступков людей. При условии активации работы самих учащихся, на всех этапах процесса обучения достигается единство обучения, воспитания и развития. При этом, преподавание истории невозможно без учета психолога – возрастных особенностей учащихся.

Сегодня свобода учителя, множество мнений и шквал оценок исторических событий, и отсутствие четких концептуальных линий в современной школе

может породить опасные тенденции в современном преподавании истории [2, с. 82]. Одна связана с игнорированием известных подходов к отбору содержания учебного исторического материала, что привело к кренам в преподавании: «одни учителя больше внимания уделяют историческим личностям; другие – краеведческому материалу; третьи строят преподавание на базе социально – экономической истории; четвертые в основу уроков кладут изучение внутривосточной истории и жизнь правителей; пятые предлагают изучать предмет с уклоном в историю религии, шестые настаивают на изучении культуры, быта, нравов как первоосновы жизни общества...». Другая тенденция – это беспомощность в вопросах методологии. Уроки обогащены большим количеством нового подлинного материала, но в них не содержатся глобальные идеи, иногда не имеется заключительного вывода или отсутствует позиция учителя, несмотря на интерес учеников к фактам и историческим личностям. А третья тенденция – это методика преподавания подавляется историческим содержанием. У учителя столько материала, что ему бы успеть прочитать необходимую литературу, а до методики времени не хватает.

Как подчеркнул И.В. Изотов: «История – процесс субъективный, он вершится по воле людей, а не объективных законов природы. Исторические личности совершали поступки, от которых зависела судьба страны. Они принимали решения и за себя, и за весь народ» [3, с. 315]. Как творится история, как она зависит от взглядов, ценностей, идеалов отдельных людей, выбора поступков, влияния обстоятельств, должны видеть ученики на уроках истории.

Исходя из выше сказанного, можно сказать, что именно поэтому, необходимо сначала изучить личность, а потом те события, которые происходили с её участием.

1. Методические особенности изучения исторической личности на уроках истории.

Становясь на платформу правильной мотивации к преподаванию, располагая ясной исторической и государственной позицией, можно перейти к обсуждению практической стороны применения этих знаний в педагогике.

Роль личностей в кризисный период исторического развития возрастает, поэтому необходимо все методические и педагогические достижения ученых педагогов взять на вооружение для реализации поставленных задач.

Как пишет в своей статье И.В. Изотов «Изучение исторических персоналий на уроках истории», что причинами изучения исторической личности являются:

2. Подавляющее большинство исторических личностей, которые вошли в историю, выражают интересы партий или сословий. Что не попадает в поле зрения учеников? Почему именно этих групп людей и чем это проявляется – становится важным моментом, который нельзя опускать. Личность должна запоминаться не только именем.

3. Не всегда на всю жизнь многие личности остаются последователями какой – то одной идеи. Ученики должны обратить внимание и дать свою интерпретацию этому предмету обсуждения. Они должны понять смысл происшедших исторических событий и поступки личностей, почему одни меняли идеи через понимание событий, иные – потому, что их вынуждали это делать, третьи – делали это, чтобы следовать в ногу с властью

4. Некоторые исторические личности, попадая на страницы учебников или публикаций, иной раз часто «трансформируются», то есть до определенного момента о них говорили с отрицательным оттенком, а потом они превращались в почитаемых.

5. И еще важная особенность в том, что учащиеся приобретают кумиров порой неосознанно, без какого – либо воздействия со стороны педагога. Поэтому этому вопросу обязательно необходимо уделять внимание, чтобы этот процесс познания личностей проходил у учеников в правильном направлении.

Преподаватель может активировать познавательный интерес с помощью приемов формирования исторического восприятия, объясняя, что история – это люди, которые жили, трудились, а не только даты и события [4, с. 150].

В этом случае, персонификация является одним из приемов формирования исторического восприятия. А основу могут составить сюжеты о судьбе, действиях, условиях жизни и поступках человека. Понять типичные явления жизни отдельной личности, его делах дает возможность рассказ о ее положении.

Долгое время в методике преподавания истории центральными были объективные закономерности развития общества, когда в изучении истории существовал подход внеличного, классового. Роль исторической личности не отрицалась, но они воплощали собой представителей эпохи, класса, выражали идеи масс. Но сегодня наметилась направленность повышенного внимания к личности в истории и её роли в историческом процессе.

Следует отметить, что изучение исторических личностей будет более значимо при соблюдении следующих аспектов:

- применение различных методик и подходов, позволяющих показать личность со всех сторон;

- отбор содержания информации должен быть тщательным, который будет позволять раскрытию библиографических данных личности, ее вклада в историю и влияния на дальнейший ход развития исторических процессов;

- должны быть разработаны такие типы уроков, которые способствовали бы усилению роли самостоятельной работы, когда приобретаются, усваиваются и применяются новые знания, умения и навыки.

Лишь в определенных общественных условиях немало талантливых и способных людей становятся крупными и великими деятелями. Их появление и их роль в историческом процессе предопределяется историческими событиями, их деятельность не только не нарушает закономерности исторического процесса, но и подчинена ей.

Таким образом, надо показать учащимся, что историю творят люди, что влияние исторических личностей определяется законами развития общества, что, став крупным историческим деятелем, выдающаяся личность может оказать воздействие на исторические события. Для этого, необходимо взять на вооружение методические и педагогические достижения педагогов и ученых – историков для правильного подхода к изучению исторической личности на уроках истории.

Задачей изучения исторической личности в истории является развитие умения ученика оценивать себя как личность, которой отведена в современной истории пусть небольшая, но определенная роль.

В курсе всеобщей истории содержится десятки имен, выдающихся государственных и политических деятелей, талантливых полководцев, ученых и деятелей культуры. Следует отметить, что как раз в подростковом возрасте проявляется стремление понять и оценить возросший интерес к другим людям. Таким образом, ряд позитивных возможностей для формирования знаний об исторических личностях открывает не только материал курса всеобщей истории, но и возрастные особенности учеников. Такая проблема остро стоит перед педагогом и обязывает искать подходы ее решения.

Одним из приоритетных направлений деятельности учащихся является изучение исторической личности. Необходимо показать учениками, что в любой области деятельности – политической, военной, научной, технической и в решении исторических задач, это результат не одного человека и его усилий, а плод деятельности многих. Во всяком случае, великие свершения должны быть показаны в окружении людей, боровшихся за такие же цели и действовавших в тех же областях. Историческая личность не должна оставаться для учеников только именем, упомянутым в учебнике. Иногда, в некоторых учебниках истории можно встретить длинный перечень имен, что не приносит пользы. Еще раньше Н.А. Добролюбов «... настаивал на том, чтобы ни одна личность не оставалась в голове учащегося праздным словом, а... возбуждала его мысль, воображение...» [5, с. 61].

С большим желанием запоминается и усваивается учениками показ того, как жили отдельные исторические личности, как они влияли на ход событий, чем запоминание дат и оперирование событиями без их воздействия на них. Проблема изучения личности и его роли в истории в историческом образовании, в наше время, является одной из важнейших всех школьных курсов. Перед учителем истории стоит задача формирования знаний исторических личностей, которая воспитывает чувство гордости за свою Родину, вырабатывает гражданскую позицию.

Следует отметить, что не всегда попадает в поле зрения учащихся то, что каждая личность, вошедшая в историю, выражала интересы групп людей, сословий, партий, классов. Почему именно этих групп людей, как это проявлялось – эти вопросы порой остаются вне внимания в учебном процессе. Знания история будут бедны, если личности входят в нее не через деяния, а только через имя. Школьный курс не может быть безликим, если он дает основы научной истории. Выбросить из истории людей, которые сыграли не только позитивную, но и негативную роль невозможно, потому что не получится тогда исторической правды. Человек в истории должен стать целью исторического познания, а это зависит от того, как излагается историческая информация. Нельзя пройти мимо таких личностей, сыгравших в истории свою роль, например, как Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ильич Ленин, Уинстон Черчилль, Эрнесто Че Гевара и многие другие [6, с. 43, 95].

На уроках истории при изучении исторической личности акцент должен делаться не столько на типичных чертах и признаках класса, партии или сословия, представителем которых могла быть личность, а на индивидуальном своеобразии, неповторимости и уникальности.

Научить учиться школьников лежит в основе преподавания истории в школе, являющимся сложным, многогранным педагогическим явлением. Оно включает находящиеся в движении элементы, взаимосвязанные между собой, такие, как цели обучения, его содержание, передачу знаний, учебную деятельность школьников и результаты обучения.

Перемены сегодня в методике преподавания истории порождены пересмотром содержания исторического образования в целом и в осмыслении важнейших исторических событий и процессов. Переосмысления методологических позиций в отборе содержания, более глубокого привязывания его с психологическими возможностями учащихся, применение методических приемов, средств и форм обучения, соответствующих новому содержанию, требуют новых путей раскрытия личности и как объекта, и как субъекта истории.

В современных условиях процесс модернизации школьного исторического образования не может проходить без дальнейшего совершенствования его структуры и содержания. Особое место отводится рассмотрению вопросов соотношения фактов и обобщений теории, существа исторического процесса и формирования понятий исторических образов.

На содержание преподавания, на его объем и глубину влияет развитие методики преподавания истории. Сейчас много внимания уделяется историческим личностям, так как в преподавании истории большое внимание уделяется цивилизационному подходу вместо формационного.

Задача гуманизации истории как науки, в первую очередь, ее «очеловечивание», особое внимание к личности в истории и оценке человека в историческом процессе с особой остротой стоят сегодня перед учителем истории.

Таким образом, проблема изучения человека и его роли в истории в проекте государственного стандарта занимает первое место. Речь идет не только о пересмотре увеличения количества изучаемых исторических личностей, но и методических подходов к исследованию деятельности выдающихся представителей прошлого. Следует отметить, что как раз в школьном возрасте происходит лучшее усвоение истории через судьбы конкретных людей. С большой эффективностью запоминаются и усваиваются учащимися факты из жизни исторических персоналий, чем простое запоминание событий.

Человек, деятельность которого влияет на ход и исход исторических событий, с точки зрения обществознания является исторической личностью. Можно также использовать понятие «выдающаяся личность», которая олицетворяет коренные преобразования, способствующие движению вперед. Под исторической личностью понимается «...личность, деятельность которой оказывает существенное воздействие на ход и исход крупных исторических событий». Так же можно дать определение понятию «великие исторические личности», которое близко этому понятию: «Великие исторические личности – выдающиеся ученые, полководцы, общественные деятели, гениальные художники и мыслители, вожди революционного движения, деятельность которых оставляет значительный след в истории, так как порождена глубокими потребностями общества».

С точки зрения выполнения задач, возложенных историей, необходимо оценивать любую историческую личность. Личность прогрессивная может ускорить течение событий, а от общественных условий, в которых протекает деятельность, зависят величина и характер ускорения. Сильные и слабые стороны личности с особой остротой выявляются в процессе исторической деятельности. Порой это приобретает огромный социальный смысл и оказывает влияние на судьбы народа. Но, поскольку, решающим и определяющим началом в истории является не индивид, то личности зависят всегда от народа. За общей линией развития событий и за многими мелочами зорко умеет следить мудрый государственный деятель. Ему необходимо вовремя заметить соотношения социальных сил и их изменения и прежде других выбрать необходимый путь в назревающей исторической ситуации. Способность глубокого теоретического обобщения внутренней и международной обстановки характеризует деятельность политического вождя, его умение сохранять ясность мысли в сложных условиях социальной действительности и исполнять намеченную программу [7, с. 135].

Следует отметить, что в развитие исторического процесса вносят неоценимый вклад гениальные и талантливые личности, которые творили и творят духовные ценности в сферах философии, науки, литературы, искусства. Каждый знает такие имена, как Гераклит и Демокрит, Платон и Аристотель, Леонардо да Винчи и Рафаэль,

Ньютон, Эйнштейн, Гете и другие. Их творчество оставило глубокий след в мировой истории.

Активную роль и значительное место в историческом процессе занимает личность, при изучении которой главным должна быть всесторонняя оценка жизни и деятельности с анализом внутренних и внешних черт. Это и должно стать неотъемлемой частью школьного образовательного процесса при изучении исторической личности. Чтобы изучение таких личностей на уроках истории было плодотворным, оно должно включать методически разнообразные варианты деятельности учащихся, учитывая их возрастные особенности. На таких уроках необходимо показывать исторический персонаж как представителя времени, подчеркнуть исторические условия, которые сыграли неоценимую роль в формировании взглядов и личных качеств.

Таким образом, при изучении исторических личностей следует показать учащимся, что рассмотрение исторических задач любой человеческой деятельности не может быть результатом усилий только одного человека, а является плодом деятельности многих. Во всяком случае, великие дела той или иной личности должны быть представлены в окружении соратников или людей, которые действовали в той же области и боролись за те же цели. Для формирования у учащихся умения представлять развернутую характеристику исторической личности помогает применение алгоритма, в котором в основу положены смысловые опоры, на которых строится система знаний об исторической личности.

Литература:

1. Гуков В.В. История. 5 – 11 классы: технологии современного урока / В.В. Гукова. – Волгоград: Учитель, 2009. – 207 с.
2. Ерохина М.С. Историческая личность: современные методики изучения / М.С. Ерохина // Преподавание истории в школе. – М.: ПИШ, 1996. – №6. С.50–52.
3. Изотов И.В. Изучения исторических персоналий на уроках истории / И. В. Изотов // Молодой ученый. – 2013. – №9. – С. 315–317.
4. Колосков Н.Г. Формирование умений оценивать исторические факты / Н.Г. Колосков // Актуальные вопросы методики обучения истории в средней школе. – М.: Мысль, 1998 г. – С. 96–99.
5. Концепция нового учебно – методического комплекса по всемирной истории. Историко–культурный стандарт. – М.: Просвещение, 2020. – 136 с.
6. Короткова М.В. Методика преподавания истории в школе. Практическое пособие для учителей / М.В. Короткова, М.Т. Студеникин. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2008. – 270 с.
7. Маланичева А.В. Развитие познавательной мотивации учащихся в процессе изучения исторической личности: диссертации кандидата педагогических наук / А.В. Маланичева. – Барнаул: гос. пед. ун–т., 2008. – 214 с.

ӘОЖ (574)

ЕЛІМІЗДЕГІ ТЕҢГЕ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ


Балметова Г.Н., Аубакирова Г.Р.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазіргі таңда қоғам өмірінде маңызды рөл атқаратын нәрсенің біры ол – ақша. Ол – алған тауарларға тәйлем жасаудың басты құралы. Көптеген мәселенің шешімі болып табылатын бұл өмір сүру ресурсы еңбек етуіміздің басты себептерінің бірі. Алайда осы күрбелең – күйбің тіршілікте қолымыздағы ақшаның қалай және қайдан шыққаны,

оның тарихынан хабарымыз жоқ десекте болады. Сықырлаған теңгенің шағуы өте ерте заманнан өрбегенін бірі білсе, бірі білмес. Ертеде адамзат егіншілікпен, малшаруашылығымен еркін айналысып жер байлығын еркін иемденіп қолданған соң тиынның керегі де болмаған. Бірақ қоғамның дамуына байланысты алым – берім, жалдау, сату сынды ұғымдар пайда бола бастады. Осылайша ақырындап бастапқы сауда саттық айырбастаудан бас алды. Материалдық құндылықтармен алмаса отырып олар өзіне керекті дүниені иемденді. Алғашында ақша ретінде асыл тастар, маталар, күріштің дәндері, мал, жүн, алтын сынды нәрселер пайдаланылды. Уақыт өте заттын құнын затпен төлеу ыңғайсыз екені анықталды. Өйткені, заттар мен тағамдардың құны әр түрлі. Күміс пен алтын – б.з.д. 3 – 4 мың жылы Мысырда ақша ретінде қызмет етті. Б.з.д. XII ғасырда төлемдер үшін алтын сақиналар пайдаланылды. Олардың бастапқы функциясы тек саусақтарды әшекейлеу болғанымен, кейін олар төлем құралы ретінде қолданыла бастады. Біз қолданатын «монета» (тиын) сөзін римдіктер ойлап тапты. Осылайша монеталарды алғаш рет б.з. VIII – VII ғасырларында Грекияда қолдана бастады. Олар ақшаны басып шығаратын шеберхана ретінде Джуно Монетаның ғибадатханасын пайдаланды. Кейінірек ақша басып шығаратын барлық жер «монета» деген атқа ие болған.

Ал енді нақты өз еліміздің тиынының тарихы жайында сөз қылсақ. Қазақ даласында Қазақстан өз валютасын жариялаған тарихи оқиғаға дейін көптеген ғасырлар бойы басқа мемлекеттердің ақшасы айналымда болды. Белгілі бірінші ақша қытайлық цянъ болды. Қазақстанда біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырға жататын тиындар табылды. Қазақ елі (қазақ халқын құраған негізгі тайпалар) Ұлы Жібек Жолында орналасқандықтан ақша жасау, оны айналымға енгізу өмір қажеттілігі деп түсініп, тым ерте қолға алған. VI – VIII ғасырларда билеуші рулардың таңбасы қашалған, ру–рәмізін бейнелеген теңгелер құя бастаған. Сырдарияның орта алыбында өмір сүрген тайпалардың қола теңгелері VI – VIII ғасырдың 1–жартысына дейінгі аралықта қолданыста болған. Бұл теңгелерде Ашиде әулетінің рәмізі болған арыстан бейнеленген. Мұндай теңгелерді Суяб, Тараз қалаларында арнайы шеберханаларда құйған. Сонымен қатар Отырар маңындағы қалаларда да түрлі теңгелер жасалған. Отырар – Қазақстан тұрғындары ғасырлары бойы пайдаланып келген ақшаның бүкіл тарихы көрсетілген уақыт айнасындай болған ежелгі қала болып қалыптасқан. Осы орайда «теңге» сөзі қайдан шықты деген сұрақ туындауы мүмкін:



Данг – қазіргі Қазақстан территориясында (XIII ғ. ортасы – XV ғ. ортасы) үстемдік еткен Алтын Орта ұлыстарындағы дирхамдардың жалпы атауы. Алтын Орда мемлекетінің ақшалары мен тиындары Шыңғыс ханның немересі Берке ханның тұсында жасалады. Осыдан қазыргі таңда қалыптасқан дөңгелек пішінді тиындарымыз қазақ жерінде тәуелсіздік алғаннан кейін ғана емес, осыған дейін бұл аймақта теңге жасау жат нәрсе емес екенін, ата – бабаларымыз өз монеталарын соғып, айналымға енгізе білгендігін ұғамыз .

XVII ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда Ресей ақшалары да, негізінен мыс копейкалар пайда бола бастады. Қазақстан Ресейге ерікті түрде қосылғаннан кейін

(1731 – 1798 жылдары) аймақтың ақша айналысында орыс монеталары, Қоқанд және Ташкент хандарының ақша белгілері пайда бола бастайды. XIX ғасырда барлық сауда операциялары тек орыс ақша белгілермен жүргізілді және Қазақстандағы ақша айналысы Ресейдегі ақша айналысының бір бөлігі болды. Қазіргі таңдағы 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға енген валютамыз кеңестік кеңістіктегі ең жас валюта болып табылады. Ал мына бір «Т» белгі 2007 жылы 30 наурызда Қазақстан Республикасында ұлттық валюта символы болып бекітілді. Ең қызығы 2006 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге белгісін салу бойынша байқау өткізді. 2007 жылдың 29 наурызында конкурса ұсынылған 30 мың суреттің ішінде жаңа теңгенің символы бекітілді, оның авторлары Вадим Давиденко мен Санжар Амерханов 1 миллион теңге сыйлыққа ие болды (сол кездегі қазіргі бағам бойынша шамамен 8 доллар). Қазақстан Ұлттық банкінен және қазақстандық «Альянс» банкінен тағы 5 мың доллар ұсынылды. Байқау нәтижелері жарияланғаннан кейінгі жанжалдың себебі жаңа теңгенің белгісі 120 жылдан астам уақыт бойы қолданылған жапондық пошта қызметінің символынан еш айырмашылығы жоқ екені белгілі болды. Бұл ыңғайсыз оқиға қоғамда үлкен дау тудырдырса да теңге символы айналымға енгізілген болатын.

Тарих бар жерде болашақ бар демекші осы орайда валютамыздың болашағында болжап кеткеніміз артықтық етпес. Біздің қазіргі әлем белсенді түрде өзгеруде және жақсаруда, 10 жыл бұрын бізге фантастикалық болып көрінген нәрселер қазір шындыққа айналды және біз оларды күн сайын табысты қолданамыз. Және сол қаржы әлеміндегі өзгерістер бізді қандай кезеңге әкеле жатқанын қазірден болжай аламыз. Күн сайын пайдаланушылардың саны Интернет қызметтерін, төлем карталары мен электронды әмияндарды белсенді түрде қолдана бастайды, онлайн сатып алулар жасайды және онлайн қызметтерді таңдайды. Адамдар электронды ақшадан қорқуды әлдеқашан тоқтатты, көбінесе табыстарын электронды эквивалентте ұстау қолма –қол ақшаны сейфтерде сақтаудан гөрі қауіпсіз. Төлем немесе ақша аударымы адам «төлеу» түймесін басқан сәтте жүзеге асады. Төлем әдістері неғұрлым көп болса, ыңғайлылық пен аударым жылдамдығы соғұрлым жоғары болса, бұл тұтынушыға оңай әрі жағымды болады. Бұл болашақ электронды валютаға тиесілі дегенді білдіреді.

Өзімізге де күнделікті өмірде дүкенге барсақ карточкамен немесе мобильдік приложения арқылы аударым жасап тез төлеп кете береміз. Байқағанымыздай қазіргі тіпті ауылдық жерлердегі дүкендерде де аударым арқылы шаруаңызды жалдам ары қолыңыздағы телефон арқылы тындыра аласыз. Бұл дегеніміз әмиян ұстаудың алдағы уақытта қажеті болмайтындығынан хабар береді. Қалтада сықырлаған тиын емес, онлайн сәттеміз баллансымыз болады. Көптеген факторлардың әсерінен және электронды валютаның танымалдығының тұрақты өсуімен біз жақын арада бізді төлемнің осы бірыңғай түрі күтеді деп сенімді түрде айта аламыз. Біздің қоғам бұған ерте ме, кеш пе келеді. Әзірге бұған бірнеше факторлар кедергі келтіруде, мысалы: білімнің болмауы және қажетті өзгерістерге қарсылық. Бірақ біртіндеп бәрі өзгереді айдан анық.

Әдебиет:

1. Харви Ш. Розен, Тед Гейер. Мемлекеттік қаржы. «McGraw Hill», 2014.
2. Назарбаев Н. Теңге – символ стабильности и независимости страны: Интервью президента РК связи с 10 – летием национальной валюты. //Северный Казахстан.–2003 .–21.ноября.
3. Айтжанбай Г. Теңге тарихына жаңаша көзқарас қажет / Айтжанбай Г. // Айқын апта. – 2014. – 20 қараша.
4. Тарихы терең теңге бұл! // Айқын апта. – 2016. – 3 қыркүйек.
5. Михаил Т, Жамбыл облысы, 15 Наурыз 2018ж. «Звон древних монет».
6. Тәжібаев Ә., «Теңге – тәуелсіз ел таңбасының кепілі» 2017 ж,15 қараша

ОБ ИСТОРИЧЕСКИХ АСПЕКТАХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Б.Н. ПЕТРОВА

Барменбаев Т.С., Тургунова А.К.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Петров Борис Николаевич – один из тех, кто в 50 – годы XX века способствовал рост у литературного потенциала в Северо – Казахстанской области. Пик литературной деятельности Бориса Петрова был в тот момент, когда он проживал в городе Петропавловске. Он являлся автором множества рассказов и романов таких как: «Затмение», «Огни Аксуата», «Листопад», «Капитан Калашников», «Голубая Падь», «Воскресныйна ряд». Петров Б.Н. был членом Союза писателей СССР, членом правления Союза писателей Казахстана, ответственным секретарем межобластного отделения СП Казахской ССР, возглавлял межобластной союз писателей Казахстана.

Являясь участником Великой Отечественной войны, Б. Петров писал произведения на военную тему. В 1940 году Борис Петров поступил в школу младших командиров. Командир роты лейтенант Петров участвовал в битве под Сталинградом, дошел до Кенигсберга, а дальнейшем в составе I Дальневосточного фронта принял участие в войне с империалистической Японией. Его последняя воинская должность – начальник химической службы 1277 зенитного артполка. Был награжден орденом Красной звезды.

Б. Петров занимался и журналисткой деятельностью. Его очерки публиковались в таких газетах, как «Казахстанская правда», «Учитель Казахстана», «Простор», «Советский Казахстан». Целью данной статьи является анализ исторических произведений Б. Петрова и оценка вклада общественной деятельности для жителей Северного Казахстана. Б. Петров внес неоценимый вклад для развития североказахстанского общества. Непосредственно в его произведениях главной темой является моральные качества и ценности человека. А именно: трудолюбие, наличие совести, честность, человечность и доброта. Борис Петров, поднимая данные темы, хотел добиться того, чтобы его земляки, североказахстанцы, никогда не забывали о таких простых, но в то же время важных качествах и ценностях. Кроме того, в некоторых произведениях содержатся важные исторические события, например, события 1921 года, которые отображены в романе «Затмение»

На сегодняшний день действуют программы и проекты, такие как: «Руханижанғыру. Болашаққабағдар», «Туғанжер», «100 новых лиц», «100 ведущих учебников» цель которых вовлечение граждан к изучению родного края и популяризация личностей, принимающих участие в становлении и развитии нашей страны. В связи с этим изучение вклада Б. Петрова в морально – духовные качества североказахстанцев является актуальным.

Начинал свое творчество Борис Петров с военной прозы, что принесло ему первую популярность. Рассказна военную тематику «Голубаяпадь» был напечатан в начале 1948 года в популярном российском журнале «Сибирские огни». Источником и сюжетом для автора послужили его собственные заметки и записи: «Сюжетом этого рассказа, как и всех произведений о войне, включая роман «Воскресный наряд», послужили тетрадные, блокнотные наброски, зарисовки, заметки и т.д., которые хранились в специальном чемодане – неразлучном спутнике Петрова с военных лет» [1]. О популярности писателя говорит дружба со знаменитым писателем кинодраматургом и народным писателем Казахской ССР Дмитрием Снегиным. Это

подтверждается телеграммой, отправленной Д. Снегиным Б. Петрову со словами: «Вы всегда поражали и поражаете меня своей удивительно чистой скромностью. А ведь издревле ведомо, что скромность – счастливый дар мужественной и сильной натуры. Вы – сильный» [2]

Помимо этого, писатель известен был среди знакомых нам личностей Казахстана таких как: Габит Мусрепов, Иван Шухов и другие. Доказательство об этом могут послужить воспоминания супруги Бориса Петрова его о деятельности. Например, «памятным для нас был 1958 год. Борис Николаевич стал членом Союза писателей СССР, получив рекомендацию от Габита Мусрепова, Сергея Мартьянова, принял участие в декаде казахского искусства и литературы в Москве, где являлся членом президиума пленарного заседания наряду с К. Симоновым, Г. Мусреповым и др. В 1959 году по инициативе Г. Мусрепова и секретаря обкома партии Ильяса Омарова Борис Петров был назначен ответственным секретарем организованного в Северо – Казахстанской области межобластного отделения Союза писателей Казахстана» [3]

«Капитан Калашников» – произведение также на военную тематику. «В центре военной прозы писателя – рядовой солдат, вынесший на своих плечах все тяготы войны [2]. При этом Б. Петров, как правило, не описывает бойцовские качества своих героев, его больше волнует их духовный мир – доброта, благородство, умение сопереживать чужому горю, миролюбие. В своих произведениях автор может поставить перед читателем разные противоречия, например, в рассказе «Нерешительность капитана Калашникова»: «Выписавшись из госпиталя, специально завернул в неблизкий город, чтобы сообщить жене фронтового товарища о его гибели. Но смотревший не раз в глаза смерти капитан смалодушничал и не смог сказать правду, осознавая, какую боль он может причинить женщине, которая ждала своего мужа с фронта» [2].

В дальнейшем автор пишет о жизни простых людей. И главной тематикой его книг стали села, рабочие и трудящиеся люди. Особенность его произведений заключается в том, что его герои имели реальных прототип, следовательно, Б.Н. Петров всегда уделял внимание простым людям, интересуясь их жизнью, например, в период поднятия целины, поэтому его произведения пользовались популярностью, так как они отражали жизнь простых людей и возвышали такие качества как: трудолюбие, честность и искренность. Главным его источником вдохновения являлось такое историческое событие как освоение целины на северных территориях Казахстана. Которое началось в 1954 году и привело к тому, что на территории Казахстана было вспахано 6,5 млн. гектар земли. Также для помощи республики прибыло около 2 млн. человек. Помимо этого, к 70 – ым года Казахстан производил 14 млн. т. зерна. Борис Петров описывал жизнь простых людей, которые внесли свой вклад в поднятии целины.

Так, в повести «Огни Аксуата» описывается простая жизнь сельских рабочих в период освоения целины и их главная характерная черта – это человечность. Например: «он, сочувствуя тем, кто находит в себе силы и мужество, даже в одиночку, набивая синяки и шишки, не опускать руки и продолжать борьбу с теми, кто, засоряет русло жизни, стремясь превратить её в болото» [4]. С учетом вышесказанного стоит так же отметить тот факт, что в названии упоминается село Аксуат, которое существует сейчас и является субъектом Тимирязевского района СКО. Мы можем видеть, что автор с первых страниц своей повести указывает на такие качества как решительность и нежелание оставаться в стороне. Автор наделил героя человеческой добротой. В своих произведениях Б. Петров доносит до каждого читателя чувство сопереживания к человеку. Можно выделить еще одно качество – это умение прощать людей «Что из того, если кое – кто и доводил ее дослез. Все это было забыто» [4]. Данная повесть была написана в период освоения целины на территории Северного – Казахстана и

таким образом повлияло на моральный дух рабочих после прочтения в такое тяжелое время как освоение целины.

В повести «Листопад» автор высказывается о справедливости и долге человека. По сюжету, главная героиня повести недавно начала работать журналистом и звали ее Ольга Корнилова, однажды она напроверяла редакционную почту и обнаружила странное письмо – это была жалоба на руководство совхоза на плохие условия труда и быта рабочих в горячую пору страны. Героиня выступает против таких как качества как: матерый карьеризм, угодничество и хамство. Сам автор считал эти качества проблемой XX века. И чтобы решить данную проблему автор в противовес возвысил такие качества как долг человека, упорство и справедливость.

В романе «Затмение» рассмотрено такое историческое событие как восстание крестьян против коммунистов в феврале – марте 1921 года. Так как автор был свидетелем хрущевской оттепели, то в его поле зрения попали засекреченные документы и архивы. Автор знакомит читателя с неизвестными событиями прошлого, в том числе с событиями 1921 года на территории Северного Казахстана. Сам автор имел историческое образование, и это подтверждает его умение работать с историческими документами. Этот роман важен для историков, так как содержит сведения о событиях 1921 года, так и для каждого жителя нашего города Петропавловск и нашей области в целом, так как повествует о истории нашего края.

Деятельность Бориса Петрова также коснулась и наставничества молодых писателей в нашем регионе. Об этом свидетельствует сборник молодых авторов – «Зори над степью» [5]. Среди его учеников были такие писатели как: Молдыбаев Галим, Михаил Аверин, Зейнял – Габи Иманбаев, Асхад Хамидулай Белозеров, Августин Юрий Гусинские, Альфред Пряников, Владимир Шестериков. Все они к 19 веку 60 – ых годов уже прославились, как писателя и были признаны.

О том, что Б. Петров был автором, прославляющий свой край, нам говорит педагоги областной краевед Кайрола Муқанов: «Всю свою жизнь Борис Петров сочетал страстное слово пропагандиста с пером писателя, прославляя свой край, родную природу, людей Северного Казахстана. Многие люди в области знали его как замечательного лектора, пропагандиста, писателя и журналиста. Он много ездил по Северному Казахстану, встречался с людьми труда» [там же]. В нашем городе Петропавловске для популяризации личности писателя были проведены следующие мероприятия: 4 августа 2010 года проходила выставка, посвященная 90 – летию со дня рождения Бориса Петрова. 10 июля в 2015 году в год его 95 – летия была установлена мемориальная доска у дома, где он жил (по улице Пушкина). Также одна из улиц нашего города носит имя Бориса Петрова. 7 ноября 2011 года в областном историко–краеведческом музее в городе Петропавловск прошла выставка, где были представлены все написанные книги Бориса Петрова в его разные года жизни. Памятник на могиле писателя на старом городском кладбище Петропавловска признан памятником истории и культуры регионального значения.

Имя писателя представлено в экспозиции областного историко – краеведческого музея, в областном государственном архиве создан специальный фонд писателя Бориса Петрова. Посмертно изданы три книги, включающие опубликованные произведения из литературного наследия писателя: «Живет рядом коммунист» (1973), «Утро» (1975), «Я, конечно, вернусь...» (2001) [6].

За исключением выше перечисленного «посмертно изданы три книги, включающие опубликованные произведения из литературного наследия писателя: «Живет рядом коммунист» (1973), «Утро» (1975), «Я, конечно, вернусь...» (2001). Его произведения и воспоминания о нем включены в коллективные сборники: «Золотая книга Целины» (2004), «Петропавловск. Время. События. Люди» (2004),

«Североказахстанцы в годы Великой Отечественной войны» (2005), «Тернистый путь к победе» (1995). Произведения его публикуются на страницах журналов «Нива», «Провинция», в областных газетах «Северный Казахстан», «Солтүстік Қазақстан» [6]. Следовательно, процесс популяризации деятельности Бориса Петрова еще в процессе. Путем изучения трудов автора были выявлены следующие проблемы такие как: отсутствие рассказов, романов и повестей в электронном формате на платформе Казахстанской национальной электронной библиотеки.

Данную информацию можно использовать в системе образования школьников. Например, на факультативных занятиях по краеведению, на классных часах и на уроках литературы и истории. Все это сможет популяризировать личность Бориса Петрова, тем самым увеличится и ускорится процесс окультивирования нашей молодежи. Помимо этого, изучения известных личностей малой Родины прививают такие чувства как патриотизм и любовь к малой и большой Родине. Однако в полной мере использовать информацию, предоставленную Б.Н. Петровым нельзя, так как в его трудах можно встретить много эмоциональных описаний исторических событий.

Литература:

1. Макарова Т., Борис Петров. Писатель – фронтовик из поколения победителей // мой город. – 2005.
2. Макарова Т. О жизни, творчестве и предсмертном подвиге писателя–земляка Бориса Петрова – 2010. – 12 августа
3. Петрова М. Живу светлой памятью: (Из воспоминаний супруги Марии Яковлевны Петровой) // Проспект СК. – 2010. – 6 августа. – С6
4. Борис Петров «Огни Аксуата», Казахское государственное издательство художественной литературы. Алмата – 1962 год
5. <https://www.caravan.kz/art/v-petropavlovske-otkrylas-vystavka-pamyati-pisatelya-borisa-petrova-10309/>
6. Муканов К. Патриот степного края//все будет хорошо. –2011– 3ноября.

УДК 325.8

М. ҚОЗЫБАЕВ: «ОТАНЫМЫЗДЫҢ ТІРЕГІ – ТӘУЕЛСІЗДІК»

Бимаканова З.Ш.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Ұлттың көп жылдар бойы зарыға күткен, ел арманы болған, сансыз күрестің нәтижесінде қол жеткізген басты тұғыры – Тәуелсіздікке биыл 30 жыл толмақ.

Тәуелсіздік бізге, қазіргі бақытты ұрпаққа халқымыздың азаттық жолында ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсете білген ата – бабаларымыздың табанды күресінің арқасында жетті. Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт – санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жанашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиеленуі тиіс. Ол үшін ілім – білімге ұмтылып, жан – жақты жетілген жөн. Біздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жүргізіліп жатқан іс – шаралар, біздің асыл қазыналарымыз, асыл мұраларымызды қайта жаңғырту тәуелсіздіктің жемісі деп танымыз.

Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Әлем тәуелсіз елдігіміздің арқасында ғана дүниеде қазақ деген ел барын, оның өресі мықты, өрісі кең халық екенін білді. Елімізді әлемге танытуда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі ұшан – теңіз. Дұрыс бағыттағы сыртқы және ішкі

саясатының арқасында Қазақстан аяғынан тік тұрды. Осы тәуелсіздікке жету барысындағы оқиғаларға толы еліміздің тарихына көп мән береді. Елбасымыз өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Қазақта мынадай мақал бар: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» [1, 267б] дей келе, халықты, әсіресе, өскелең жас ұрпақты тарихты қастерлеуге шақырады. Ол біздің аумақтағы руханияттың алты мың жылғы дамуын алып қарастырып, оны оң екі кезеңге бөледі. «Бірінші кезең – бүгінгі Қазақстанның бүкіл аумағын мал баққан ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының игеруі. Екінші кезең – бұдан шамамен төрт – бес мың жыл бұрын арийлер тарихы мен рухының орталығы біртіндеп солтүстіктен оңтүстікке, Оңтүстік Оралдан Үнді өзенінің аңғарына қарай ауыса бастайды. Үшінші кезең – бұдан үш – төрт мың жыл бұрынғы заман. Шығыста, Гоби далаларында арғы ғұн тайпаларының қалың толқыны туа бастайды. Төртінші кезең – бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді (жуан – жуан) тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түрік қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтереді. Бесінші кезең – бұдан 1300 – 1100 жылдар бұрын түркі халықтарының рухани орталығы Шығыста, Орхон – Енисейде тіршіліктің қан тамырын соқтырды. Алтыншы кезең – бұдан 1100 – 900 жылдар бұрын Қазақстан аумағына араб – ислам рухының тегеурінді толқыны жөңкіле бастаған. Жетінші кезең – XI ғасыр Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған. Сегізінші кезең – XII – XIV ғасырлар. Қазақтың ең алғаш қасіреті Шыңғыс әулетінің шабуылынан басталды. Бұл жойқын күші бар сойқанды толқын еді. Қазақ халқын алғаш рет боданға айналдырған бұл толқын оның тарихи тұлғасын мылжалап, рухын бұзып, бірыңғай қазақ халқының дамуына көп – көп кедергі келтірді. Тоғызыншы кезең – XV – XVI ғасырлар. Алғаш қазақ хандығының құрылған, шамамен 1466 жылдардан бастап, жалпыхалықтық руханияттың табиғи дамуына негіз қаланады. Оныншы кезең – бұл XVII – XIX ғасырлар. Бұл аралықта қазақ халқының жауынгерлік рухы ауыр сынға тап болды. 1723 – 1727 жылдардағы «ақтабан шұбырындыдан» қазақ халқының өміршеңдігіне сын басталды. Ұлтты қорғаушылар қатарына Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр және солар сияқты ұлттың жауынгерлік рухын танытатын жарқын тұлғалы жаубасар ерлер келіп қосылды. Халықтың ерік – жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның бір басында бейнеленді. Батырларымен тізе қосып, қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсеткен, сөйтіп халықтың ұйытқысы болған Абылай ханның ерліктері сонау қатал заманда қазақ рухын қайта түлетудің бір алтын дінгегіне айналды. Келесі, он бірінші кезең – XX ғасыр. XVIII – XIX ғасырларда Қазақ хандығы құлағаннан кейін қазақтардың арынды рухы бұрқ етіп сыртқа шығудың әр түрлі жолдарын қарастырды. Бесінші империя – Ресей патшалығы да құлағалы тұрды. Сол кезде қазақтарда өз мемлекетін құру үміті тағы да ояна бастайды. Алашорданың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және басқалар болды. Қалай болғанда да, Алашорданың игілікті ісі өте қайғылы аяқталды. Қазақстан оқыған жас өкілдерінің осынау ыстық жігері, ұлттық рухы сол кезде қалыптасқан жағдайлардың себебінен өмірде іс жүзіне аса алмады. Қазақстан алтыншы империя – КСРО – ның құрамына кірді. Он екінші кезең – 1980 жылдардың ортасынан басталды. Ол халықтың рухының бұрқ етіп, сыртқа лықсуымен сипатта болды. Мұның аты 1986 жылдың желтоқсаны еді. Бірақ онда рухтан гөрі саясат басым болды. Алтыншы империя гүрс етіп құлады...» [1, 267 – 284б]. Міне, осылайша біздің халқымыз тарихтың қатпар – қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын – қыстау кезеңді, талай – талай тағдырды бастан кешті. Сан ғасырлы тарихымыздың ауқымды құрамдас бөлігі –

халқымыздың тәуелсіздік жолындағы күрестері еді. Сонау қазақ халқы құрылғаннан бастап шайбанилермен, одан соң жоңғарлармен болған қанды шайқастан желтоқсан оқиғасына дейінгі рухты күрестер соның жарқын көріністері. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің бірі – жас ұрпаққа тарихи оқиғалардың жанды тізбегін, ата – бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін тереңнен таныту. Тарихымызды білмей тұрып, алға жылжудың қиын екені белгілі. Сондықтан да ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Тарих көмескіленсе, болашақ та қараңғы» – дейді.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата – бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы – қазіргі және болашақ ұрпақ үшін де ұлы тақырып болып қала бермек. Халқымыздың ұлы перзенті, тарихшы – ғалым Манаш Қозыбаев өзінің «Өркениет және ұлт» атты еңбегінде алаш арыстарының ұлтқа қатысты этнотанымдық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан талдай отыра, «Тәуелсіздік» деген терминге ерекше тоқталып, оның мән – мағынасын жан – жақты тарқатады. «Тәуелсіздік шын мәнінде ауқымды да терең құбылыс. Ол ең алдымен тәуелсіздік, біз іргелі ел болып, күштілерге басымызды имей, біреудің ескі – құсқы ел билеу жүйесін кимей, Қазақстандық, суверендік жолмен жүру керек» дей отыра, жастарды ілім – білім жолына түсуге шақырады. «Рухани тәуелсіздік – халықтың бірегей іргесі нығайып, ұлттық санаға көтеріліп, Отан үшін ұлы тәуелсіздік майданында сарбаз болып шыңдалу», сондай – ақ «Тәуелсіздікті баянды ететін ғажайып күш – идеология, соның ішінде ұлттық өнер әлемдік өнердің құрамды бөлігі, ендеше оның жарқын сәулесі ұлттық мәдениетті нұрландырып отыру керек» [2, 306б] екендігін жас ұрпақтың санасына сала отыра, әр кез естен шығармауларын ескертеді. Ол үшін болашақ ұрпақтың санасына отаншылдық идеяны жастайынан сіңіру керек. Сол себептен де Елбасымыз өзінің халыққа арнаған Жолдауында азаматтардың отаншыл сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырған. Әсіресе, сан ғасырға созылған қазақ халқының ұлт – азаттық күресінің соңғы нүктесіндей болған желтоқсан оқиғасы қаһармандарының ерлігін жастарға тереңнен насихаттау қажет екендігі жөнінде. Сонда ғана мемлекеттік тәуелсіздігімізді қорғайтын ұлтжанды азаматтар қатарының өсіп өркендеуіне игі ықпал етері анық. «Қазақстан – көпұлтты ел, сол көпұлтты мемлекетте өркениеттік тарихи мәдени мұраға жауапты халық – қазақ халқы. Ол халық Қазақстанның болашағына ерен еңбек етуге тиіс. Ол көп ұлтты біріктіретін де, еңбекке жұмылдыратын да күш. Ұлттық болмыс Отанға деген сүйіспеншіліктен, оның алдындағы азаматтық қарыз бен парыздан туындайды. Біздің Отанға деген адал еңбегіміз барша әлемдік өркениеттен алар орнымызды, жарқын болашағымызды анықтайтын фактор екені хақ!», [3, 3б] – деп Манаш Қабашұлы айтқандай, ел болашағын, ел тәуелсіздігін көздің қарашығындай сақтау, оны келер ұрпаққа аманат етіп жеткізу қазақ жастарының бойына міндет болып жүктеледі. Сондықтан әр қазақ азаматы елі үшін аянбай, адал қызмет етуі қажет. Ол үшін жастар өзін – өзі тану, яғни ұлт болмысын сезіну үшін, ұлттық сананы, өй – өрістерін дамыта түсу үшін төл тарихымызды оқып зерттеп, жан – жақты зерделеуі қажет. Манаш Қабашұлының тәуелсіздікке байланысты толғанымдары, отанға деген сүйіспеншіліктерін тәуелсіздік, ұлт тақырыбына арналған көптеген мақалаларын көреміз. Атап айтсақ «Тәуелсіздік толғаныстары», «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «Киелі тәуелсіздік», «Тәуелсіздік даңғылы», «Ана тілім – айбарым», «Тәуелсіздіктің рухани көрінісі», «Отан туралы сөз», «Қандай елміз – қандай болуға тиіспіз», «Тәуелсіздік самалы», «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлтжандылық», «Ұлт зиялылары». Тәуелсіздік жылдарында М.Қ. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына, ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және

кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын – сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды.

М. Қозыбаев «Тәуелсіздік даңғылы» атты мақаласында жоғалтқан асылы тәуелсіздік деп, оған жетудің жолының қиын да қилы болғандығын келтіреді. Тарихшы – ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде М.Қ. Қозыбаев қазақ халқының ұлттық сана – сезімінің орнығуына, мемлекеттілік идеологиясының, Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтастығының нығаюына үнемі назар аударған.

Қорытындылай келе, халқымыз ежелден аңсап келген асқақ арманына қазіргі таңда қол жеткізгенін айқын көре аламыз. Бүгінгі Қазақстан терезесі тең, іргесі берік, экономикалық – инновациялық дамуы қарқынды тәуелсіз елу елдің қатарында тұрып, көк туын биікке желбіретуде. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жылда еліміз жан – жақты салада жоғары жетістіктерге жетіп, өзінің жарқын келешегін айқындады. Яғни, тәуелсіздік – Қазақстанның жарқын болашағын көрсететін негізгі алтын дінгек. Сондықтан да тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Қазақстан барлығынан тәуелсіз өзіндік даму сатысына көтерілді. «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің өткізілуі осы дамудың биік белесін көрсеткен жетістігіміз. Осылайша мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі рөлі артып, еліміздің мәртебесі жоғары дәрежеге көтерілуде. Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның алдағы өмірінің жарқын да бейбіт болатынына бүгінгі ұрпақ сенімді.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» – Алматы, 2003 ж. – 285 бет.
2. Қозыбаев М.Қ. «Өркениет және ұлт» – Алматы, 2001 ж. – 369 бет.
3. Қозыбаев М.Қ. «Өркениет тағылымдары» «Егемен Қазақстан» газеті, 1999 ж. 3 шілде.
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақала 2017 жылы 12 сәуір.

ӘОЖ 811.512.122.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ботина Г.Б., Аубакирова Г.Р.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚУ*)

Қазақ елінің тәуелсіздігінің бір тұғыры – ана тілі. Ана тілінің биіктеуіне, өркендеуіне, дамуына мүмкіндіктер туды. Соңғы жылдары ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі туындап отыр. Көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаев алғаш бұл жайлы 1996 жылы Халықтар Ассамблеясының III сессиясында: «Латын қарпіне көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне, технологиялық тұрғыдан бейнелеуге, сондай – ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді», – деген болатын. Ал 2006 жылы «Бір кездерде туындаған латынға көшу мәселесіне қайта оралуымыз қажет. Бүгінгі күні коммуникативтік кеңістікте латын графикасы басымдылық танытып отыр», – дей келе, осы мәселенің ғылыми жағын зерттеу туралы нақты тапсырма берді. 2013 жылы Қазақстан – 2050» стратегиясында латын әліпбиіне 2025 жылы толық көшетініміз туралы кесімді сөз айтылды.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру Қазақстан қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қарама – қайшы әсер тудыратын, күрделі үрдіс болып табылады. Осындай қиындықтарына қарамастан, Қазақстан үшін жазу – сызуды реформалау орта және ұзақ мерзімде оның келешегі пайдалы әрі нәтижелі болатыны күмән тудырмайды. Себебі 2012 жылдан бері қарай халық талқысына түскен латын әліпбиін қолдаушылар қатары көбейіп келеді. Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде танытудың жолы болмақ. Бұрынғы кезде қазақ тілінің жазу – сызуын халық сыртқы күштердің, сыртқы мәдениет пен саясаттың ықпалы арқылы қабылдаған болатын.

Қазір қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиі саналы таңдау түрінде еркін жүргізіліп отыр. Латын әліпбиіне көшу – тәуелсіздігімізбен тетелес талқылана дамып келе жатқан ең өзекті те көкейкесті мәселелердің бірі. Бұған латын әліпбиін қабылдаған түркітілдес көрші мемлекеттердің ұлттық тілін дамыту әрі жетілдіру мақсатындағы реформасы да елеулі ықпал еткені сөзсіз. Содан бері қарай Қазақстанда латын қарпіне ауысу тақырыбы дүркін – дүркін талқыланып, бірде қызу қолдап, бірде жоққа шығарылып, талай рет «жабулы қазан күйінде» қалғаны да өтірік емес. Себебі, бастапқы жылдары расында да кирилл әліпбине үйреніп қалған қазақстандықтардың аса таныс емес латынға көшуге ешбір ынтасы болмады. Бертін келе, қоғам ағымы өзі – ақ латын қарпінде тілдесуге, хат алысуға мәжбүрлей түсті. Халықаралық байланыс еркіндігі мен шетелдік білім алу қолжетімділігі қалыптасты, виртуалды, ғаламтор кеңістігіндегі тілдік қатынасты латын әріптерімен таңбалау тиімділігі өрши түсті.

Әліпби ауыстырудан ұтатынымыз – ең біріншіден, қазақ тілі емлесінің таза төл (қазақи) жазылым нормасын қалыпқа келтіреміз. Ал одан кейінгі игі пайдасы айтылып та жүр. Жаңа әліпбидің үлгісі де бар. Тек бірнеше таңба нұсқаларының тиімдісін таңдау ғана қалды. Алдағы уақытта тек осы күнге дейін емлелік ережелерге қарама – қайшылық тудырған әрі қазақ тілінің типологиялық болмысына сәйкес келе бермейтін кейбір сөздердің жазылуы мен құрылымдық түрленуінде болатын қателіктерді түзету мәселесі тұрғысында жұмыс жасалып жатыр. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылатыны белгілі. Бұл ағылшын тіліндегі стандартты сценарий, оны ағылшын тілінде «алфавит» деп атайды. Бұл біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда Италияда пайда болған және соңғы 2500 жыл ішінде үнемі өзгеріп отыратын нақты алфавит. Оның семит алфавитінде және Финикия, грек және этрускалық бұтақтарында тамыры бар. Кейбір әріптердің фонетикалық мағыналары өзгерді, кейбір әріптер жоғалып, қайта қолданысқа енді, сонымен қатар жазудың бірнеше стилі пайда болған болатын.

Жалпы Латын тілінің тарихына тоқтала кетсек, Латын тілі Б.з.б. VI ғасырда Рим сөйленісі ретінде пайда болып, Жерорта теңізінің батысындағы елдерді қамтыды. Римдіктердің Галлия, Иберия түбегін, Солтүстік Африка, Британия, Норик, Паннония және Дакияны жаулап алуына байланысты Латын тілі тарады. Ол үнді – парсы және хетт тілдеріне жақын. IX ғасырдада Латын тілі сөйлеу тілі ретінде жойылды, дегенмен XV – XVI ғасырларға дейін батыс еуропа қоғамының, католик шіркеуінің, ішінара әдебиет пен ғылымның, дәрігерлік тәжірибенің жазба тілі болды. Латын тілі италия, сардин, провансаль, француз, каталон, испан, португал, реторомат, далмат және балқан тілдерінің негізін қалыптастырды. Плавт (б.з.б. 254 – 184) комедиялары (20 – ға жуық) ең көне туынды ретінде танылды. Цицерон мен Цезарь (“*Commentarii de bello Gallico*”) прозалары, Вергилийдің поэзиясы классикалық Латын тілінде жазылған.

Біздің көне түркі жазуымыз бола тұра, араб әліпбиінде жазуға мәжбүр болдық. Өткен ғасырдың басында бүкіл мұсылман халқы араб әріпінде отырдық. Қызыл империяның көсемі И. Сталин бір – бірімізден ажырату үшін қазақ халқын латын әліпбиіне ауыстырып жіберді. Сол тұста араб әріпінде отырған Түркия қазақтармен арадағы рухани байланысты үзіп алмау үшін шұғыл түрде латынға көшті. И.В. Сталин

бұған қарсы дереу шара қолданып, латын әліпбиінде отырған бізді кириллицаға көшірді, яғни 1926 жылы Қазақстанда араб графикасынан латын әліпбиіне көшу 20 күннің ішінде жүзеге асырылды. Ал латын әліпбиінен бүгінгі кириллицаға көшу 1937 жылы басталып, ол 1940 жылы толық аяқталған болатын.

Латын әліпбиін енгізу елімізде қоғамдық сананы жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасының өзекті элементі ретінде көрініс табады. Мемлекет басшысы латын қарпін қолдануға кезең – кезеңмен көшуді негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындап берді, бұл мәні бойынша қоғамның рухани – мәдени дамуында жаңа тарихи кезеңді ашты. Бүгінде біздің еліміз қарқынды дамып келе жатқан мемлекет ретінде өзінің алдына өмірдің барлық жақтарын жаңғырту жөнінде ауқымды мақсаттар қойып отыр. Бұл ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізуге, цифрлық Қазақстанды қалыптастыруға, ұлттық сана – сезімнің қарышты дамуына қатысты. Мемлекет басшысы қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасын Қазақстан тұрақтылық, татулық пен халық бірлігі орнаған әлемдегі ең құрметті мемлекеттердің бірі ретінде қалыптасқан кезде бекітті.

Бірақ ол 2017 жылдың сәуір айында Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланғаннан кейін ерекше өзектілікке ие болды. Онда ел басшысы ұлттың рухани жаңаруына бағытталған бірқатар нақты міндеттер қойды. Оның негізгілерінің бірі – қазақ тілін латын қарпіне көшіру, ол оны жаңғыртуға ғана емес, ғылым мен техниканың заманауи жетістіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Идея көптеген пікірталастар тудырды. Бүгінгі таңда халықтың көп бөлігі жақтайтыны белгілі, бірақ алдағы өзгерістерге теріс әсер ететін тағы біреуі бар. Қазақ тілі үшін әліпбиді ауыстыру неліктен маңызды және жаңа жүйеде көрші елдердің қандай тәжірибесін ескеру қажет? Латыншаға көшу ең алдымен қазақ әліпбиі мен орфография ережелерін реформалауға бағытталған, бұл тіл фонетикасы мен оның графикасы арасындағы сәйкестікті белгілеуге мүмкіндік береді. Қазақ тілінің латын әліпбиі жобасы 25 қыркүйекте Парламент Мәжілісінде таныстырылды. Осыған орай барлық мүдделі тараптар қатысқан парламенттік тыңдаулар ұйымдастырылды. Отырысты ашқан төменгі палата спикері Нұрлан Нығматулин латын әліпбиіне көшу «асықпайды», бірақ «қарқынды түрде» жүзеге асырылатынын атап өтті. Оның айтуынша, латын негізіндегі қазақ тілінің жаңа әліпбиі бірнеше жылдан бері әзірленіп келеді. Енді қателіктерге жол бермеу үшін әр әріпті, әр белгіні терең талдау қажет. Еліміздің әрбір азаматы латын әліпбиіне көшу – әлемдік өркениетке қол жеткізудің басты жолы екенін білуі тиіс. Осы баяндаманы түйіндей келе Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп – өркендеуіне, болашақта еліміздің жан – жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз екенін айтқым келеді. Біз Латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу қазақ халқы үшін маңызды.

Латынға көшу – көк түркінің ұрпағының еркіндік ауасымен тыныстауына мүмкіндік туғызбады. Университетте латын тілі пәні студентті оқытуда ғылыми тұрғыдан дағдыландыратын пән болып табылады. Латын тілін оқыту – студенттерге латын тілінің грамматикалық құрылысын және қазіргі тілдердің жасалуына маңызды әсерін тигізген негізгі лексикалық қорын меңгерту, еуропалық мәдениеттің дамуына ерекше ықпал еткен көне римдік классикалық әдебиетпен таныстыру мақсатын көздейді. Еуропалық тілдердің интернационалдық сөздігінің негізін құрайтын латын лексикасымен танысу студенттердің ой өрісін кеңейтіп, тілдік материалға дұрыс баға беруге үйретеді. Латын тілін оқыту арқылы гуманитарлық факультеттердің болашақ мамандарының кәсіптік дайындалуының негізі қаланады, сондықтан студенттер тілдің

грамматикалық құрлымын, сөзжасам жүйесін, лексика негізін терең меңгеру керек. Қазір адамзат баласы ХХІ ғасырға қадам басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ.

Әдебиет:

1. Мирошенкова В.И. *Lingua Latina*: учебник для вузов / В.И. Мирошенкова, Н.А.Федеров. – 13 – е изд., стер. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2015. – 416 с.
2. Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат. – Нұр – Сұлтан: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми – практикалық орталығы» КеФҚ, 2019. – 280 бет + 16 бет түрлі түсті жапсырма.
3. Гарник А.В. *Латинский язык = Lingua Latina*: Учеб. Пособие / А.В. Гарник, Г.И. Шевченко. – МН.: БГУ, 2004. – 247 с.

УДК 94(574)

ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚ АРАЛЫҒЫ – ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ АТА – МЕКЕНІ

Джиеналиев Е.К.

Докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, ТОО «Казахстанский Международный Лингвистический Колледж» (г.Нур – Султан)

Имангалиева Г.Б.

*Магистрант I курса Астраханского государственного университета
КГУ «Школа – лицей №7 имени Н. Марабаева» (г. Актау)*

Батыс Қазақстан өңірі – қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихы да қазақ халқы тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы Еділ мен Жайық аралығындағы аймақ. Әлі толық зерттелмегендіктен өлкеміздің тарихы көптеген жұмбақ дүниелерді ішінде бүгіп жатыр. Өйткені, әлі күнге дейін Батыс Қазақстан тарихының келелі мәселелері туралы жүйеленген, арнайы тұжырымдалған еңбектердің саны аз болып отыр.

Ресми деректерде Еділ мен Жайық аралығы қазақтардың қоластына тек 1801 жылы, яғни Бөкей Ордасы құрылған соң өтті деп жазылған. Демек қазақтар тек келімсектер және бұл аймақ біздің байырғы жеріміз емес деген жалғани ақпарат таратылуда. Кейбір сыртқы күштер осыны батыс аймағымызды Қазақстаннан тартып алуға әрекет жасайтыны ақиқат. Алайда көптеген мәліметтер Еділ мен Жайық аралығы 1801 жылдан емес, XVI ғасырдан бастап Қазақ хандығының құрамында болғандығын, яғни біздің ата – қонысымыз екенін дәлелдейді.

XVI ғасыр басында ноғайлының шығысындағы көптеген аймақтар қазақ хандарының билігіне өтті. Кейбір деректерде, соның ішінде елшілік қатынастардың құжаттарында, бұл мәселе жайында жанама түрде болса да баяндалады. 1503 жылы 4 маусымда Мәскеуден шыққан елшінің мәліметтері III Василий патшаға жеткізілген. Онда Ноғай Ордасы жеріндегі Тоқтамыш Алшын жәе Салтан Ахмет Ақсақ ұлы, Алшағыр мырза Мұса ұлы мен басқа да мырзалар қазақтардан ығысып, Еділдің арғы жағында қалғандығы, бірақ Ноғай мырзалары онда еместігі, олар Үлкен Орданың билеушісі Шейх – Ахметпен бірлесіп, көшіп – қонып жүргендігі айтылған. Қырым ханы Меңгілі – Герейдің Мәскеуге жолдаған маусымдағы хатында мырзалар Үлкен

Орда ханын тастап, Еділ жағалауындағы Жаңбыршы ұлысына қоныс аударып кеткендігі туралы мәлімдеген.

Толық емес мәліметтерге қарағанда Еділ жағалауындағы қазақтар және ноғай ұлысындағы Алшағыр мырза мен оның Еділ жағалауындағы ұлысы, сондай – ақ, ұлыстың жері 1503 жылға дейін қандай аймақтарды алып жатқандығы туралы біршама мәліметтер бар. Мұнда ноғай мырзаларының орда қазақтарынан Еділ жағалауынан ығысқандықтары жайлы баяндалады. Ноғай ұлыстары қос өзен аралығында болды да, қазақтар солармен аралас – құралас тұрып жатты.

1508 жылғы деректерде қазақтар жайында анығырақ жазылған: Алшағыр мырза Мәскеуге мынадай мәліметтер берген: «Біздің туыстас ағайын қазақтар, бізге қарай көшіп келеміз деп хабарлады. Құдай бұйыртыса, олардың алдын ала, Еділ жағалауына біз де көшеміз. Өйткені, Еділ өз қонысымыз». Ол уақытта Бұрындық хан Сарайшық қаласында болған. Яғни, Ноғай ұлыстары мен қанаттас көшіп – қонып жүргендер Бұрындық ханның соңынан ерген қазақтар екендігін байқаймыз.

Қазақ хандығы Жәнібек ханның ұлы Қасым хан тұсында айтарлықтай күшейіп, халық есінде сақталғандығы жайында мәліметтер XVI – XVII ғғ. тарихи деректерде кездеседі. 1509 – 1510 жж. шамасында Қазақ мемлекетінің билік басына өзгерістер болды. Жасы келіп қартайып, Мұхаммед Шайбани ханның тонаушы жорықтарына тосқауыл қоя алмаған Бұрындықтың ел ішіндегі беделі түсті. Халық өзінің өнерлі саясаткер, дарынды қолбасшы екенін көрсеткен Қасым ханның маңына топтаса бастады да, Бұрындықта «хан деген атынан өзге ештеңе қалмады». Саяси қызметі аяқталған Бұрындық 1512 ж. соңына қазақ даласын тастап, Михр Сұлтан атты қызы тұратын Самарқандқа көшті. Осыдан кейін Бұрындық Отанына қайтып оралмай, жат жерде дүние салды.

Сөйтіп 1509 жылдың екінші жартысында мемлекеттің бас билігі іс жүзінде Қасым ханның қолына өтті. Оның билік басына келуі Қазақ хандығының саяси жағдайына, ең алдымен, Шибан әулеті мемлекетімен жүргізген күрес барысына кейбір өзгерістер әкелді. Қазақтың жаңа ханының басты мақсаты мемлекеттің оңтүстігін Шибан әулеті шапқыншылығынан қорғап қалу болды.

1509 – 1510 жылдың қысында Мұхаммед Шайбани хан әскері қазақ жеріне қайта баса көктеп кірді. Бұл жорықтың арнайы Қасым ханның жеке иеліне бағытталғандығы Шибан ұрпақтарының Қазақ мемлекетіндегі ішкі саяси өзгерістер жайында жақсы хабардар болғандығын көрсетеді. Шибан әулеті үшін жорық сәтті басталып, олардың әскері Ұлытауға дейін еш қарсылықсыз өтті. Бұл жерде олар қазақ ханының ордасын басып алып, талан – таражға ұшыратты. Алайда тез арада әскерін ұйымдастыра білген Қасым – хан өзбек әскерін күйрете жеңіп, Мұхаммед Шайбанидің басқыншылық ниетіне тартымды тойтарыс берді. Осыдан кейін күресте басымдылық Қазақ мемлекеті жағына ауысты.

Бұл сәтсіздік Мұхаммед Шайбанидің жеке басының тағдырына да әсер етті. Жеңілістен бойын билей алмай жатып, ол сол жылдың күзінде Сефеви әулеті мемлекетінің билеушісі Исмаил шахқа қарсы жорық ұйымдастырып, сол шайқаста қаза тапты.

Осыдан кейінгі Орта Азияда қалыптасқан тұрақсыз жағдай қазақ хандарына өз билігін Түркістан мен Шығыс Қыпшақ даласында нығайта түсуіне өз әсерін тигізді. Қасым хан 1510 – 1513 жылдары жүргізген өскери және дипломатиялық іс – қимылдары нәтижесінде Түркістан қалалары, оның оңтүстік шекарасындағы Сайрамға дейінгі жерлер Қазақ мемлекеті құрамына қайта қосылды.

Осыдан көп ұзамай Қазақ хандығының оңтүстік–шығыс шекарасында бұл аумақтың бұдан кейінгі дамуына әсер еткен маңызды оқиға болды. 1514 жылдың

көктемінде моғол ханы Сұлтан Саид қазақтардың билігіндегі Жетісуды тастап кетуге мәжбүр болды.

Орыс тіліндегі деректерге сүйенсек, 1518 – 1521 жылдары Қасым ханның бүкіл өрекеті Қазақ хандығының батыс шекарасындағы істерден байқалады. Бұл кезді Ноғай Ордасы ауыр саяси дағдарысты басынан өткеріп жатқан еді. Ру басшылары, мырзалар билік үшін өзара күресте мемлекетті ыдыратып, бір – біріне бағынбайтын, дербес ұлыстарға иелік етіп жатқан болатын. Бұл жағдай Қазақ хандығына батыс шекарада жемісті күрестер жүргізуге мүмкіндік берді. Шибан әулиетімен келісімге келгеннен кейін Қасым хан батыста Ноғай Ордасына қарсы күресін бастады. 1515 – 1516 жж. Едіге ұрпақтары қазақ билеушілерінің барлық назары оңтүстікке, Шибан әулиеті мемлекетіне ауғанын пайдаланып, Сарайшық қаласын қайтарып алып, Қазақстанның батыс бөлігінде өз билігін қайта орнатқан еді. 1519 – 1521 жж. әскери қимылдар нәтижесінде Қасым хан Қазақ хандығының құрамына бұл аумақтарды қайта қосып қана қоймай, ноғай ру – тайпаларына ауыр соққы беріп, оларды Еділ өзенінің арғы жағына қуып шықты. Сөйтіп Сарайшықта қазақ билігі қайта орнады. Ноғай Ордасының құрамында болған қазақ тайпалары Қасым ханның билігін мойындап, Қазақ хандығына кірді. Сөйтіп қазақтардың этникалық тағы бір тобы өз туыстарына қосылып, мемлекет шекарасы батыста Еділге дейін етек жайды.

Тарихшы А.Исин Қазақ хандығының 1519 жылы ноғай мырзаларын Еділдің оң жағалауына ығыстырғандығын Ресейдің архивтік құжаттарына сүйеніп айтады [1, 165б].

Сөйтіп Қазақ хандығының батыстағы шекарасы Еділге дейін созылып, Астрахан хандығымен шектеседі. Бұл жағдай Қазақ хандығына Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның батыс бөлігіндегі саяси істерге араласуына мүмкіндік береді. Қазан, Қырым хандықтарымен және Мәскеу кінәздығымен мәмілегерлік қатынастар осы кезде қалыптасады. Орыс деректерінде осы жылдары Қырым хандығына қазақтардан елші келгендігі туралы мәлімет кездеседі [2, 47б].

Мәскеу кінәздығы да күшейген Қазақ хандығымен байланыс орнатуға ұмтылды.

Қасым хан тұсында Қазақ хандығы батыста Еділге, оңтүстікте Мәуреннахрға, оңтүстік – шығыста Шығыс Түркістанға дейінгі жерлерді қамтып, бұрынғы Жошы ұлысының территориясынан да асып түседі. Алтын Орда езгісінен енді – енді құтыла бастаған Мәскеу кінәздығы үшін бұл аса қатерлі еді. Сондықтан да Мәскеуде Қасым хан туралы, Қазақ хандығы туралы әрбір дерек, әрбір мәлімет, хабар жинақтала бастаған. XVI ғасырдың 70 – жылдарында құрастырылған патша архивінің тізімінде былай делінеді: «38 – ші жәшік. Онда Қасым хан тұсындағы қазақтар туралы кітаптар мен тізімдер бар» [3, 23б].

Қасым хан кезіндегі Қазақ хандығы жайындағы хабарлар Еуропаға да жетеді. 1525 жылы Ресей туралы кітап жазған итальян әдебиетшісі Иовии Мәскеудің шығысындағы көршілерді жалпылама атаумен «қазақтар» дей келе, «олардың территориясы Қытайға дейін созылып жатыр» деп түсіндіреді [4, 123б].

Ал 1516 және 1526 жылдары Мәскеуде екі рет болған австриялық елші Сигизмунд Герберштейн «Волга бойындағы бұл патшалық (Қазақ хандығын айтып отыр) оңтүстікте және шығыста далалық аймақпен шектеседі. Шығыста олар шайбанилық және қазақ деп аталатын татарлармен араласып тұрады», – деп жазады [5, 124б].

Қасым ханның кезінде бұрыннан қолданылып келе жатқан «Дешті Қыпшақ», «көшпелі өзбектер», «өзбек–қазақ» деген атаулардың орнына бір ортақ этникалық атау – «қазақ» және этнографиялық атау – «Қазақстан» қолданыла бастайды. «Қазақстан» ұғымы алғаш рет жазба деректерде XVI ғасырдың 1 – жартысында кездеседі [6, 180б].

Кейбір зерттеушілер бұл терминді Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат – талибин» атты еңбегінде 1512 жылғы оқиғаларда кездеседі дейді [7, 252б].

Осылайша өз мемлекеті , ерекше мәдениеті, тек өзіне тән салт – дәстүрі бар қазақ деген халық әлемде бар екені Батыс Еуропа елдеріне де мәлім бола бастады.

Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығын шығыс жазба деректері әр түрлі айтады. М.Х. Дулати мен Хайдар Рази 1518 – 1519 жылы қайтыс болды деп жазса, Гафари, Мунаджим – баши және т.б. авторлар көрсететін бірнеше орыс дерегі бар.

1519 жылы Қазақ хандығы Еділге дейін жетіп, Астрахан хандығымен шектескенде, Астраханда Занко Зудов деген рязандық 1520 – 1521 жылдың қыс айларыда 3 – 4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығындағы оқиғалардың бірталайын З.Зудов тұтқында жүріп естиді. 1521 жылдың сәуірінде оның III Василийге жіберген хабарламасында: «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды», – деп жазады [8, 476].

Бұдан басқа Мәскеуге Қасым ханның 1521 жылы қайтыс болғандығы туралы тағы бірнеше мәліметтер жетсе керек. Осы кезде орыс патшасы Түркияға барған орыс елшісі В.М. Третьяк – Губинге; «Да и про Казатцкую Орду ему пытати, кто ныне в казакех государь. И где кочует» деген тапсырма берген [9, 6786].

Демек, Қасым хан 1518 жылы не 1524 жылы емес, 1521 жылдың қыс айында қайтыс болған. Қадырғали Жалайыри Қасым хан Сарайшықта жерленген деп жазады [10, 2586]. Қасым хан қайтыс болғанда 75 – 76 жастар шамасында болса керек. Сонымен Қасым ханның билік құрған жылдары Қазақ мемлекеті, Қазақ хандығы тарихындағы ең жарқын және маңызды кезең болды. XVI ғ. үшінші онжылдығына Қазақ хандығы Орталық Азияның қуатты мемлекеттерінің біріне айналды. Осы жылдары қазақтың этносаяси аумағы толығымен қалыптасып, тұңғыш рет қазақ халқының үш бөлігі де бір мемлекет шаңырағы астына бірікті. Қырғын әкелген талай соғыстарға қарамай, Қазақ мемлекетінің халқының саны 1 миллионнан асты.

Елбасы айтқандай: «Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін көп нәрсе жасап жатырмыз. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз» дегенді нығырлап тұрып айтты. Бұл – санасы бар жанға сіңіріле айтылған сарабал сөз. Тәуелсіздік алған 25 жылда Қазақстан өзінің бұрынғы, ежелгі тарихының ғасырлар бойына армандап, ұмтылып, қол жеткізе алмаған жағдайларына қол жеткізе алды. Біз, бүгінгі ұрпақ, келер ұрпақ соның құндылығын қадірлей білуге міндеттіміз.

Әдебиет:

1. Исин А. Материалы Посольского приказа Русского государства в Казахском ханстве XVI – начала XVIII в в. А. 1988.
2. Исин А. Новые источники по истории Казахстана первой четверти XVI в. Известия АН Каз ССР, серия обществ. наук №3 1985.
3. Описи царского архива XVI века и архива Посольского приказа 1614 года. 1960.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.). Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунта. М – А., 1935.
5. Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.). Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунта. М – А., 1935 МИКХ.
6. Абусейтотова М., Жанбасаева Ж. Значение археологических экспедиции для источниковедения истории Казахстана XVI – XIX вв. Мына кіт: Вопросы историографии и источниковедения Казахстана. А, 1988.
7. Исин А. Новые источники по истории Казахстана первой четверти XVI в. Известия АН Каз ССР, серия обществ. наук №3 1985.
8. Памятники дипломатических отношений Московского государства с Крымом, ногаями и Турциею. Т2. 1508 – 1521 / Сборник РИО.СПб, 1895 Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». Алматы, 1991.

**XX ҒАСЫРДЫҢ 20 – 30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК
ҮКІМЕТКЕ ҚАРСЫ “ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ” КӨТЕРІЛІСТЕР**

Дүйсенбай С.К.
(*М. Қозыбаев ат. СҚУ*)

XX ғасырдың 20 – 30 жылдары Қазақстан территориясы Кеңестік жүйенің басқаруына тиеді. Сол кезеңдегі Қазақ АКСР – нің жағдайы күрт өзгере бастады. Азамат соғысы (1918 – 1920 жж.) аяқталған соң, бұрынғы Ресей империясының аумағында жеңіске жеткен кеңестер экономиканы тұрақтау, бағынышты округтер мен губернияларды қайтадан реформалау, әскерді жандандыру және жалпы әлеуметтік саланы көтеруге жөнеледі. Бұл альтерация (өзгеріс) Қазақстанға да көп әсерін тигізді. Ең алдымен, 1917 жылы желтоқсанда құрылған Алашорда үкіметі 1920 жылы 9 наурызда кеңестердің қаулысымен таратылады. Біраз уақыт өткен соң, 1920 жылы 20 тамызда Қазақ АКСР – ін құру туралы декрет шығады. Айта кететін жәйт, арнайы мемлекеттік басқару жүйесін орнату Кеңес үкіметінің Қазақстандағы билігін нығайтуға көзделген еді. Осылайша олар біртіндеп келесі саясатқа жол аша бастайды. 1921 – 1925 жылдар аралығында Қазақстанда жаппай ашаршылық (2млн 350 мың адам қайтыс болды, соның 82% – ы Батыс Қазақстанға келген, мал басы 40млнға кеміді, егіс алқаптары, жиналған астық мөлшері күрт кеміді), индустрияландыру (көшпелі халықты қағаз жүзінде, бейбіт түрде машина техникасымен қамтамасыз ету, инфраструктураны дамыту сияқты көрінді, алайда бұл келешекте жаңа қырғын саясатқа әкеліп соқтырды) [1]. Индустрияландыру қазақ және басқа ұлттарды күштің арқасында өзгертуді бастады. Оны кейінірек жалғастырушы ретінде Ұжымдастыру және бәріміз білетін «Кіші Қазан» саясаты болды. Осы тұста қазақ қоғамындағы наразылық оты жана бастайды. Кеңестердің ұжымдастыру жоспары тікелей қатігездік және күштің арқасында номад салтын ұстанған қазақтарды жаңа өмір дағдысына көшіру міндет еді. 1927 жылы XV съезде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты қабылданған соң, ірі бай – шонжарлардың мал – мүлкін тәркілеу басталды. Бұл жағдайдағы негізгі фактор ол аудандардағы шаруашылықтардың ерекшіліктері, өндіріс процесінің ерекшілігі, қоғамдастырудың ерекшілігі, көшпелі өндіріс құралының ерекшілігі ескерілмегені болатын. Қиын қыстауда 145 000 ірі қара мал саны тәркіленді, кейін орталық шаруашылыққа берілді, 140 – қа жуық кооперативтік бірлестіктер құрылды, тіпті астық дайындау барысында 31 000 шаруа жазаға тартылды [2]. Кеңестердің бұндай қатал саясаты халықтың ашуын тудырмай қоймады. Өйткені қамауға алынған мал санын қысқы кезеңде қалай дұрыс бағу керектігін білмеген кеңестердің өлкелік басқармасы арнайы бұйрық шығарған болатын. Ол бұйрық бойынша әрбір тәркіленген мал басы қарапайым баздарда қысқы кезеңде тұру керек делінген. Алайда мұндай процесс кейін малдың қырылуына әкеліп соқтырды. Халық аш қалып, өлкедегі өндірістің оларға пайдасы тимегендіктен, алғашқы көтеріліс ошағы туындай бастайды. Ертіс өзенінің төменгі ағысындағы Семей, Тобыл өзенінің ортаңғы шағындағы Торғай мекендерінде кішіден үлкенге ұласқан протест болады. Торғайлықтар «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен шығады. Бұл мезетте Иран мен Ауғанстанға көшуге мәжбүр болған қазақтар қайта жиналып, Маңғыстау және Ойыл аймақтарында шоғырланады. Біртіндеп Қазақстанның түпкірінен түрлі топтар құрыла бастайды. Олар аудан орталықтарына басып кіріп, партия және кеңес үкіметінің өлкелік мекемесін ойрандайды. Аудандық партия осы көріністерді орталық билікке хабарлауға мәжбүр

болады. Дәл осы кезеннен, яғни 1928 жылдың 1 – ші қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін 277 шаруа атылады [3]. Халық толқуы енді көтерілістерге ұласа бастады. 1929 жылы 1 қараша айында Қостанай округінде Торғайлықтардың ұранын жалғастыруға және кеңестердің әділетсіз саясатына қарсы **Батпаққара ауданында көтеріліс** бұрқ етеді. Кейбір деректердің мәліметінше, соның ішінде Талас Омарбековтың «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» кітабында көтерілістің басталуына себеп болған фактор ол Алаш партиясының қоғам қайраткерлері А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Есболовтың, 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс басшыларының бірі Ә. Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы болатын делінген. Көтерілісшілер мақсаты – тұтқында болған адамдарды босату еді. 1929 жылы 2 қарашада наразылыққа қатысушылар Батпаққара ауданының орталығына шабуылмен кіреді. Аудан басшылары, жергілікті өкімет адамдары тұтқынға алынады. Жергілікті партия, кооператив, милиция, шаруашылық мекемелері орналасқан үйлер өрттеледі. Көтерілісте белсенділікті қарапайым шаруашылар Абайділдә Бекжанов, Сейтбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов танытты [4]. Көтерілісшілер қатарында 5 ауылдық кеңес мүшесі, 12 комсомол, 2 «Қосшы» одағының төрағалары болды. Көтеріліс басшылары аудандағы барлық ауылдарды жинап «ақсақалдар үштігін» құрады. Оларға әрбір ауылдан 50 сарбаз шығару міндеті жүктелді. Жалпы саны 1000 адамға жететін топ құру (800 – і Батпаққара ауданынан, 200 – і Наурызым ауданынан) көзделді. Жергілікті мешітке Омар Бармақовты көтерілісшілер хан етіп сайлайды. Батпаққарадан кейін көтерісшілер Наурызым ауданындағы елді мекендерді қосып алып, Қостанайға шабуыл жасауды жоспарлайды. Бірақ олардың жоспары іске аспай қалады. Себебі адам саны 530 – ға ғана жеткен топтың, 75 – ке жуық мылтықтармен ірі әскери қимылдар ұйымдастыруға шамалары жетпеді. Жазалаушы отрядтармен айқаста қарапайым қаруланған шаруалар ештеңе істей алмады. Жазалаушы отряд Бармақовты және оның 200 адамға жететін тобын тұтқынға алады. ОГПУ «үштігі» Батпаққара көтерілісіне байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 – 10 жылға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагеріне, 17 адамды шартты түрде соттайды [5]. Қазақ өлкелік партия комитеті осы көтеріліс туралы былай деген: “Торғай шаруаларының бандиттік – басмашы қозғалысының көрінісі”. Көтерілістің жаншылуына қарамастан, оның барша Қазақстанға әсері өте зор болды. Бір жылдан кейін Оңтүстік аймақтарда **Созақ көтерілісі** басталып кетеді...

1930 жылы 7 ақпанда таң атқан сәтте 400 – ге жуық адам Шолаққорған ауылын басып алып, аудандық партия комитетінің басшысы К. Жүнісбековты өлтіреді. Созақ аймағында көтерісшілер ошағы қалыптаса бастайды. Оның басталуына ауданда мал – мүлкінен айырылған кулактар мен олардың туыстары үшін бірнеше тұтқындар лагерінің ашылуы мен мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Ораза айында діни әдет – ғұрыптарды орындағандарға өкімет орындарының айып салуы сылтау болды. Көптеген тарихшылар, соның ішінде профессор Әбдімәлік Нысанбаев «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының бас редакторы ретінде Созақ көтерілісі туралы былай айтып кеткен: «Шаруалардың бұл бас көтеруі Қазақстанда ХХ ғасырдың 20 – 30 жылдарында ең ірі және елеулі көтерілістің бірі болды. Адам саны 5 мыңға жетті. Сонымен қатар бұл бас көтеруді «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» ретінде сипаттауға болады». Тіпті Тұрар Рысқұлов осы көтерілістің басталуына себеп ретінде күштеп ұжымдастыру дәстүрлі көшпелі қоғамның бірқатар ережелерін бұзумен қатар жүргізілгенін және өмір салтын бұлайша қорлау қоғамдық наразылық пен қарсылықтың өсуіне әкеп соқты деп санаған. Оның айтқаны әдетте дұрыс болды. Кеңестердің көшпелі халықтың әлеуметтік құрылысына деген жайбарақаттылығы және озбырлы саясаты осындай қанды саяси процесстерге әкелді. Әбдімәлік Нысанбаевтың

«Қазақ энциклопедиясы» еңбегінде бас редактор болып, осындай деректер айтып кеткен: «Созақтағы көтерілісті С. Шолаков және Жақыпов деген қарапайым шаруалар бастады. Олардың басқаруымен қарулы жігіттер тобы Сырдың бойындағы Түркістаннан Жаңақорғанға дейін қазақ даласын «оятып», көтерілісті көтеріп, аудан орталықтарына шабуыл жасап, ел арасында пропаганда жүргізді. Алғашқы маңызды шайқас 1930 жылы 12 ақпанда өтті. Осы кезде Қазақстан ОГПУ – дің басшысы Ольшанский қызыл армияны көтерілісшілерге қарсы бастады. 16 – 17 ақпан күндері Ташкенттегі Ленин әскер мектебінен 500 винтовка және төрт зеңбірекпен қаруланған, Алматыдан Акаев басшылығындағы кавалерлер эскадроны, Қызылордадан 50 адамнан тұрған винтовка және пулеметпен қаруланған күштер келіп жетеді. Сонда екі жақта (көтерісшілер және ОГПУ) нәтижеге жете алмады. Алайда Батпаққарадағыдай қару сапасы төмен болған шаруалар оңтүстікке ығысып, қуғында болды. Біреулері Ташкент түбіне, кейбірі Шу өзені жағына беттеп кетеді. Қазақстандағы өкілетті органдар осы адамдарды іздеу барысында, көптеген ауылдарды, жазықсыз адамдарды ату жазасына кесіп, этноцид саясатын жүргізе бастайды. Созақтағы басталған шаруалар көтерілісі басқа толқуларға жігерлік рухын бағыштап, сол бас көтеруге қатысқандардың өздері 1938 жылға дейін партизандық күресті жалғастыра берді. Бірақ кейінде ұсталып, сотталып, кейбірі ату жазасына кеткен болатын.

Созақтағы қырғын шайқас Батыс Қазақстандағы өлкелерді бас көтеруге итермеледі. Батыста тұратын адай, тама, байбақты, шеркеш руларында толқулар басталып, Маңғыстау, Ойыл төңірегінде 300 – ге жуық адам топтасты. 1931 жылы қыс кезінде Сарыарқаның шығыс бөлігінде **Шыңғыстау көтерілісі** бұрқ ете салады. 200 – ге жуық адамды басқарған шаруалар Медеуов Сәнияз бен Торайғыров Емілжан көздегендері басқа көтерілістерге қарағанда әлдеқайда амбициялы көрінді. Себебі олар халықты жұмылдырып, кеңес үкіметін жоюды көздеді. Қазақстанның шығысында Алтай (Урянхой) өлкесінде тұрақты қызыл армия бөлімдері тұрған. Орталық басқармадан нұсқаулық келген соң, олар Шыңғыстаудағы бас көтеруді жаншуға аттанады. Ұйымдастырушылар және 180 – ге жуық адам тұтқындалды. 1931 жылы 15 мамырда ерекше үштігің (оны құрған Голощекин, І. Құрамысов, Г. Рошаль) бұйрығымен 47 адам ату жазасына кесілді, 105 адам еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілді, 23 адам сотталды [6]. Бұл сәтсіздік жергілікті халықты келесі маңызды бас көтеруге шығарды. Сол жылдың наурыз айында **Шұбартауда** 11 – ге жуық ауыл топтасып көтерілді. Осының бәрін ақсақал Қарамұрзин Мырзаш басқарды. 5 наурызда олар кеңес кооперативтерін басып алып, оның мүлкін елге үлестірді. «Бидайық» жайлауында көтерілісшілердің алғашқы жиналысы өтті. Сароба жайлауында жиналған 30 шақты адам Молдабаев Қалидің бастауымен Аягөз стансасынан Шұбартауға келе жатқан тауар тиелген жүк арбасын тонайды. «Кеңжайлау» жайлауындағы жиналыста аудан орталығына шабуыл жасау туралы шешім қабылданып, онда 200 – дей көтерілісші жиналды. Көтерілісшілерді шабуылға Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан бастап арттарынан 300 – ге тарта адам ерді. Жолда көтерілісшілерге басқа ауылдың жігіттері қосылып, адам саны 700 – ге таяп қалады. Негізінен сойылмен қаруланған көтерілісшілер 8 наурызда аудан орталығын қарсылықсыз, қантөгіссіз басып алады. Олар ең алдымен қамауда отырған 41 адамды босатады [7]. Мұнан соң аудандық мекемелерді жаппай талқандап, ондағы құжаттарды өртеп жібереді. Талас Омарбековтың «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» кітабына сүйенетін болсақ, Шұбартау ақсақалдары Мырзаш Қарамұрзинды хан етіп сайлайды. Осындай саяси көрініс Біріккен мемлекеттік саяси басқарма мен коммунистік жасақтарға мүлде ұнамады. Сондықтан көтерілісті аяусыз қыру үшін қызыл армия жеберіледі. Нәтижесінде 28 көтеріліс басшысы ату жазасына кесілді, 66 адам 3 – 10 жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілді. Қазақстанның

өз ішіндегі аудандарға 3 – 5 жылға дейінгі мерзімге 17 адам жер аударылды, шартты түрде 22 адам сотталды. Осыдан кейін аймақты қадағалау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылады. Алайда Шұбартау көтерілісі сол жылдардағы Қазақстанда Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталды. Жалпы Шығыс Қазақстандағы бас көтерулердің түпкі мақсаты кеңестік режимді құлату еді. Күші басым кеңестер әр көтерілісті жаншудан жалыға бастады. Бір толқудан екінші толқу пайда болып, барша қазақ жерінде жалпыхалықтық көтерілістер кезеңі басталады...

Көп уақытқа созыла алған көтерілістер **Батыс Қазақстан (Ақтөбе), Солтүстік Қазақстан (Қостанай), Оңтүстік Қазақстан (Қызылорда) округтерінде** байқалды. Қостанай округінің Жетіқара ауданында 4 хан – А. Қанаев, Ж. Бәйімбетов, М. Саматов, И. Сатыбалдин сайланады. Көтерілісшілер барлық жерде ауылдық кеңестерді талқандап, құжаттарды жойды, астық дайындауға бөгет жасады, колхоздарды таратты. Кейінірек ауылды аймақтардан қосымша күш жинау мақсатымен Ырғыз даласына шығып, сол жақтарда 14 – 15 наурыз айларында жазалау отрядтарымен, милициямен, атты дивизиямен шайқасқа түседі [8]. Көтерісшілердің әрбір шайқасы олардың қару сапасына және ішкі тұрақтылығына байланысты болды. Екінші жақтан бәрі жақсы болғанымен, қару сапасы соғысқа толық жарамды болмады. Шайқастар сәтсіз аяқталып, шаруалар ығыстырылды. Шаруаларды бастап келген Ж. Бәйімбетов, Д. Қараев пен А. Әйменовтер атты сарбаздар партизандық күресті жалғастыруға жөнеледі. Олардың талабы әдетте 1928 жылдан заңсыз тәркіленген ірі қара малды халыққа қайтару, мешіттерді қайтару, діні қағидаларды ұстанатын адамдардың ісіне мемлекеттің араласпауы, жүріп жатқан ұжымдастыру саясатын доғару, салық мөлшерін нормаландыру, аудандардың мәселесін өлкелік басқарма емес, тікелей жалпы жиналыста шешу болатын. Айта кететін болсақ, осы талаптар XIX ғасырдың 30 – 40 жылдарындағы өткен Кеңесары Қасымұлының Ресей империясына қойған талаптарымен бір – екі ұқсастыққа ие. XX ғасырда көтерісшілердің кеңес үкіметінің билігі Қазақстаннан кетсін, ұжымдастыру саясаты жойылсын деген ірі талаптары Кеңесарының орыс самодержавиесі қазақ жерінің еркіндікте жатқан аймағын жөнге қалдырып, ұлы Дешті қыпшақ аймағынан кетуге керек деген талабымен бірдей көрінеді. Қазақтардың күресі көшпелі далада үлкен шу шығарды. Талаптар орындалмай, көтерісшілер тобы жазаға тартылды, кейбірі сотталып, еңбекпен түзеу лагерлеріне аттанды. Ырғыз даласында 16 ауыл бірігіп, көтерісшілер саны 1 600 – ге дейін жетті. Алайда оларды талқандау үшін арнайы әскери топ – 11 атты әскер дивизиясы жеберіліп, кейін көтерісшілер Қармақшы ауданындағы Қараүңгір аймағына қашып кетеді [9].

1931 жылдың ақпан – наурыз айында Шығыс Қазақстан облысының **Абыралы аймағында көтеріліс** ошағы шығады. Шыңғыстаудағы секілді бұл жиында халық кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына және 1928 жылдан бастауын алған ірі – қара малды тәркілеу заңына қарсы шықты. 1931 жылдың қысында өлкелік комитет бүкіл дала бойынша өкіметке мал тапсыру науқанын бастайды. Шығыста халықтан 3300 – ге жуық ет талап етілді. Алайда бұндай іс – шара жергілікті тұрғындарға, ауылды мекендерге мүлде ұнамады. Біртіндеп толқу біршама ірі көтеріліске ұласып, 14 ауылдан шыққан 700 – ге тарта жігіттер Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұловтардың басқаруымен орталық аудан басқармасы – Қайнарға шабуыл жасайды. Негізгі мақсат мал тапсыруды тежеу және кеңестік билікті өлкеден ығыстыру еді [10]. Сойылмен қаруланған қазақ шаруалары Қайнарда ОГПУ отрядтарымен кездесіп, қырғын шайқаста артқа шегінуге мәжбүр болды. Партизан күресі маусым айына дейін жалғасты. Кейін бас көтеруді жақтаушылар **Қарқаралы ауданында** (қазіргі Қарағанды обласы) Томар, Аққора ауылдарынан 300 – ге тарта адамды жинап, Ысқақ Кемпірбаев атты адамның бастауымен кеңес үкіметінің зорлық–зомбылық әрекеттеріне қарсы шығады. Себебі сол

кезде Қазақстандағы кеңестік басқарма қарапайым халықтан мал мүлкін түгел дерлік алуды бастайды. Соның әсерінен ашаршылық, кедейлік көбее түседі. Ысқақ бастаған топ аудандық коммуналар отрядын талқандап, алынған мал мен астықты жұртқа қайтарады. Бір айға созылған көтеріліс кейін Семей қаласынан келген тұрақты әскермен шайқаста (15 ақпан) жеңіліске ұшырайды. Көтерілісшілерді қоршауға алған қызыл әскер мынадай құрамда болды: Тоқабайдағы отряд 700 қылыштан, 30 пулеметтен, үш зеңбіректен; Қарсақпайдағы отряд 150 қызыл әскер, бес пулеметтен; Торғайдағы отряд 120 қызыл әскер, үш пулеметтен; ал теміржол бойында Жосалы, Қазалы, Арал сияқты стансаларда 200 – ге жуық қарулы комотрядтар орналасты. Бұл өзара телеграф және радио – телеграф арқылы байланысып отырған қарулы отрядтар Қарақұмнан шығатын жолдың бәрін бақылауда ұстады. Сондағы шайқаста жеңілген көтерісшілерден 274 адам сотқа тартылып, 85 адам атылады. Ысқақ және оның серіктестері ОГПУ шешімімен Семей қалалық түрмесінде атылады. Осындай ерлік пен жігер ешқашан ұмытылмайды. Халқы үшін жанын берген ерлер тізімі Қазақстан тарихының беттерінде мәңгілік сақталып қалады [11].

Ең бір елеулі бас көтерулердің бірі, ол **Адай көтерілісі** болатын. Сонау 1929 жылдан 1932 жылға дейін созылған бұл күрес кеңес үкіметінің коммунистік асыра сілтеушілігіне қарсы бағытталды. Ең алдымен көтеріліске тікелей себеп басқару жүйесінің өзгеруі, салық мөлшерінің көбеюі және адай ханы атанған Тұбанияз Әлниязовтың қамауға алынуы, кейінірек Голощекиннің Маңғыстау аймағында жылдам түрде ауылдарды ұжымдастыру кезеңінің көрінісі болды. Сол жылдары кеңестерге қарсы контрреволюциялық үгіттеу жүргізетін «Адайды құтқару» тобы құрылады. Олар 1928 – 1929 жылдың қыс айларында «Қызыл жүн» аталған жүн салығы, онымен қатар тері, сүйек, шүберек жинап тапсыру міндетіне қарсылық білдіріп көтеріледі. Табын, Жылқосы, Маңғыстау, Доссор аймақтары да көтерілді. Маңғышылақ ауданында 800 – ге жуық адам жергілікті басқарма мекемелерін талқандап, үйлерін өрттеген. Кейінде Оразбай есімді адам бастаған 150 жігіт Қарабұғаз шығанағындағы сауда орталарын басып алады. Күрес бір жыл бойы кеңестер үшін еш нәтижесіз өтеді. Әрекет ету үшін аудандық басқарма тұрақты әскерді осы топтарға қарсы аттандырады. Дейме жерінде 1000 – ға жеткен көтерісшілер қоршауға алынады. Тіпті Барсакелмес аймағында шоғырланған ірі топтар орыс әскерімен шайқаста жеңіліске ұшырайды. Бұған себеп әдеттегідей қарудың сапасыздығы болатын. Орыс отрядтары көтерісшілерді ығыстырып, көшіп кетуге дайын болған 3000 – ға тарта қазақ отбасыларын қайтарып алып, 26 көтерілісшілерді түрмеге қамайды [12]. Гурьев жаққа ығысқан топтарда ұсталып, 96 адам сотталады. Қашып үлгерген адамдар көршілес Қарақалпақстанға, Түрікмен АКСР – не көшіп кетеді.

1929 – 1931 жылдар аралығында Қазақстанда толқулар мен көтерілістер саны 372 санын құрады. Әрбір көтерілген азамат өз Отанының дербестігін, оның болашағын ойлаумен үкіметке қарсы шыққан. Меніңше барлық көтерілістерді бір мезетке қосуға болады. Себебі сонау ХІХ ғасырда Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмағамбетұлы т.б кейін ХХ ғасырда Амангелді Иманов, кейін міне Абайділдә Бекжанов, Сейтбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов, С. Шолаков, Жақыпов, шаруалар Медеуов Сәнияз бен Торайғыров Емілжан, Қарамұрзин Мырзаш, Молдабаев Қали, Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан, А. Қанаев, Ж. Бәйімбетов, М. Саматов, И. Сатыбалдин, Д. Қараев пен А. Әйменов, Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов, Ысқақ Кемпірбаев, Оразбай, Бәйімбетов, Ы. Әлмағамбетов, Б. Байбахтин, М. Қыпшақбаев, С. Қуандықбаев, Ө. Өмірбаев, Б. Талқанбаев, Т. Ахметов және тағы да аттары айтылмаған немесе белгісіз қалған ерлеріміздің бостандық пен әділдік жолындағы ұлы күресі нәтижесіз қалды деуге мүлде болмайды. Қазақ жұрты

XX ғасырда талай қиындық көрді. Соның 1929 – 1930 жылдары аштық, күштеп ұжымдастыру, мал – мүлікті тәркілеу, заңсыз соттау, ату, жер аудару, ішкі әлеуметтік реформалардан ұлтымыз зардап шегіп, кейін 1931 – 1933 жылдар кезінде 2 млн – нан астам адам қырылып, 500 мыңы ауыр жағдайда өмір сүрді, 300 мыңға адам көрші Қытай және Ауғанстан территориясына көшіп кетеді. Қазақ ұлтының басқа халықтармен ассимиляциясы кейін жергілікті этностың пайызын төмендете бастайды. Жалпы айта кететін болсақ, XIX ғасырда көтерілістер ұлт–азаттық сипатта болса, оның жалғасы ретінде ресми түрде 1929 – 1930 жылдар кезіндегі бас көтерулерді жатқызуға болады. Себебі мақсаты кей – кезде келісетін көтерілістер Қазақстанды Ресейден және Кеңес үкіметінен еркін республика ретінде құруға талпынған. Сол жылдардағы көрініс тапқан батырлық, елге деген жаңашырлық, Отан сүйгіштік келешектегі тәуелсіздік пен әділеттік жолындағы күрестерге стимул бола алды. Меніңше еліміздің осындай тарих беттерінен біздің қазіргі тәуелсіз ұрпағымыз үлкен сабақ алуы тиіс. Сол сабақтың негізі ең алдымен Отан алдындағы борышынды өте, еліңді, жұртыңды, туған жеріңді жаудан сақтап қал деген. Ұлы Отан соғысының ардагері, танк батальонының командирі Бауыржан Момышұлының айтқан сөздері осы көтерілістерге сай келеді: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!». Осы сөздердің астында зор мағына жатыр. Қазақтың бостандығы мен өмір салты үшін күрес жүргізген ата – бабаларымыздың аңсап жеткен арманын бұзып алмай, еліміздің даңқты азаматтары мен патриоттары болу біздің басты міндетіміз. Келешегіміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында. Әрбір жас бала Отанының тарихында осындай жігерлі, айбатты ерлердің болғанын ұмытпауы тиіс. Солардың жандарына дұға етіп, арттарынан ұлы істі жалғастыруы тиіс деп санаймын.

Әдебиет:

1. Хұсайынқызы Х.Г. «Қазақстан тарихы», Нұр – Сұлтан қаласы, 2017;
2. Қозыбаев М., Алдажұманов І., Әбілғожин Ж., «Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық», Алматы, 1992;
3. Нусупбеков А.Н. «Формирование рабочего класса в Казахстане», Ресей, 1966;
4. Талас Омарбеков «Зобалан» (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929 – 31 жылдары болған халық наразылығы), Алматы, 1994;
5. Талас Омарбеков, «20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», Алматы, 1997.
6. Ивницкий Н.А. «Коллективизация и раскулачивание», 1994;
7. Талас Омарбеков, «20 ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», Алматы, 2001;
8. Аяған Б.Ғ., «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», Алматы, 2009.
9. Шаяхметов Н. «XX ғасырдағы Қазақстан тарихы», А., 2015
10. Асылбеков М.Х., «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық», Алматы, 2010;
11. Талас Омарбеков, «Қазақстан тарихы», «Қазақ университеті», Алматы, 2016;
12. Жұмабай Қалиев «Адай көтерілісі», Алматы, 2010.

УДК: 930.2:51.002

ҚОҒАМДЫ ЖАҒАНДЫҚ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Жәкежан С. А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Тарих ғылымы табиғатымен өзі пәнаралық сипатта. Біріншіден, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды анықтау көп деңгейлі болып табылады, өйткені табиғи – климаттық,

биологиялық, экономикалық, әлеуметтік – психологиялық, мәдени – этикалық, идеологиялық және басқа детерминанттардың бірлескен әрекеті біз тарихи процесс деп атайтын нәрсені тудырады. Демек, белгілі бір кеңістік–уақыт интервалында тарихи процестің барысын сипаттайтын тарихи теориялар өздерінің танымдық «арсеналына» басқа пәндердің сәйкес заңдылықтары мен құбылыстарын еріксіз енгізеді.

XX ғасырдың ортасында ғылыми танымның дамуындағы интеграциялық үрдістердің тікелей нәтижесі әдістер мен құралдардың, тұжырымдамалық аппараттың, іргелі және кешенді ғылымдардың әдістемелік, техникалық және технологиялық құралдарының – математика мен информатиканың – қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласына енуі болды. Тарих ғылымы да ерекшелік болған жоқ.

1960 жылдардағы ғылыми – техникалық революция дәуірінде тарих ғылымының математизациясы мен машинизациясының ауқымды процестерімен сипатталып, тарих, деректану және қолданбалы математика тоғысында шекаралық ғылыми бағыттардың бірі – компьютерлерді және ауқымды ақпараттық массивтердің деректерін өңдеудің машиналық технологияларын қолдану негізінде тарихи дереккөздерді өңдеу кезінде математикалық статистика және тарихи процестер мен құбылыстарды математикалық модельдеу әдістерін пайдаланатын квантитативті тарих пайда болды. 1980 жылдардың ортасындағы «микрокомпьютерлік революция» кезеңінде деректану, квантитативті тарих және информатиканың пәнаралық өзара әрекеттестігі нәтижесінде тарих ғылымы мен тарихи білім беруді ақпараттандыру процесінің заңдылықтарын зерттейтін тарихи информатика (AI) дамыды [1].

Тарих ғылымының дамуы, ғылыми білімнің басқа салалары сияқты, танымдық мүмкіндіктерін кеңейтетін жаңа технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі жағдайда–негізгі ресурстар компьютерлік технологияны қолдану саласында шоғырланған. Дәл осы салада тарих ғылымының әдіснамалық құралдарын жетілдірудің перспективалы мүмкіндіктері бар. Компьютер тарихшының қайнар көзімен жұмыс істеуінің түбегейлі жаңа жағдайларын жасайды: ол көптеген мәліметтерді өңдеуге, көп өлшемді талдауға және тіпті тарихи процестер мен оқиғаларды модельдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдар зерттеушінің өзіне жаңа талаптар қояды: оны көбінесе деректермен жұмыс істеу технологиясын, оларды «қолмен өңдеуді» егжей – тегжейлі білу қажеттілігінен босатып, оны зерттеу қызметінің формальды – логикалық компонентіне анағұрлым мұқият қарауға мәжбүр етеді.

Тарихи зерттеулерде компьютерлік технологияларды қолдану тарихи білімді математикалауды талап етеді, пәнаралық тәсілдерді кеңінен қолдануға негіз береді, соның арқасында өткен туралы нақты мәліметтер алуға және тарихшылардың алдыңғы ұрпақтарының теориялық жетістіктерін тексеруге мүмкіндік туды. Математикалық әдістердің маңызы көп қырлы, олар бір уақытта зерттеу арсеналында қуатты құрал ретінде әрекет етеді және пәнаралық синтезге мүмкіндік беретін «коммуникативті ресурс» ретінде әрекет етеді.

Ақпараттық зерттеу әдістерінің тарихнамасы ақпаратты бекіту мен берудің әмбебап формасына негізделген тарихи дереккөзді ғылыми тану әдісі ретінде бақылау. Тарихи зерттеулерді ақпараттық технологиялар әдістерімен және құралдарымен байыту мүмкіндігі мен рұқсат етілуінің негіздемесі білім теориясының заңдылықтарына негізделген.

Шетелде тарихи информатика саласындағы зерттеулер белгілі бір дамуға ие болды, Қазақстанда бұл ғылыми бағыттың қалыптасу процесі енді ғана жүріп жатыр. Зерттеулер ақпараттық зерттеу әдістерінің тарихнамасы, ақпаратты бекіту мен берудің әмбебап формасына негізделген тарихи дереккөзді ғылыми танудың тәсілі ретінде. Тарихи зерттеулерді ақпараттық технологиялар әдістерімен және құралдарымен байыту

мүмкіндігі мен рұқсат етілуінің негіздемесі білім теориясының заңдылықтарына сүйенеді.

Сандық талдау әдістерімен жүйелі түрде жұмыс істейтін тарихшылардың саны салыстырмалы түрде аз. Зерттеушілердің көпшілігі оқиғалар мен құбылыстарды теориялық түсіндіруде өзін шектемей, белгілі бір мәселені шешу үшін сандық өңдеу әдістерін белгілі бір дәрежеде алады. Сандық әдістер мен талдау процедураларын рәсімдеу негізінде тарихи зерттеу техникасын жетілдіру негізгі тенденцияны өлшеу және дисперсия, ықтималдық теориясы мен гипотезаларды статистикалық тексерудің негізгі ұғымдары, сенімділік деңгейлерін белгілеу және іріктеу әдісі, вариацияны талдау, регрессивті талдау, көп және ішінара корреляция, факторлық талдау және масштабтау сияқты салаларда мұқият білімді қажет етеді [2].

Отандық ғылымда тарихи информатиканың дамуы дәстүрлі тарихтың нақты мәселелерін шешуде таза қолданбалы мәселелерді шешуден басталды. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы ақпарат теориясы, дереккөздердің табиғатын, ең алдымен бұқаралық сипаттағы жаңа түсінік негізінде тарихты білуге теориялық және әдіснамалық, деректанулық, инструменталистік көзқарастарды тұрақты дамыту қажеттілігі туындады. Тарихи информатиканың – негізгі теориялық мәселелерін шешу өте маңызды болып көрінеді – математика мен информатика арқылы алынған тарихи тұжырымдардың үлкен дәлелдерін, тереңдігі мен дәлдігін анықтау, зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттыру, яғни тарих ғылымын аз релятивизм бағытында алға жылжыту мәселелері. Бірақ бұл мәселені шешу зерттеу әдістері мен технологияларын ғылыми негізделген таңдаумен тікелей байланысты. Сондықтан тарихи информатиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық компоненттерін зерттеу мәселесін тұжырымдау жаңа білімнің өсуі үшін, біздің елімізде осы бағыттың даму перспективалары үшін өте маңызды.

Қолданбалы аспектіде тарихи информатика тарихнамасын талдау және сынақтан өткен әдістемелерді пайдалану қазақстандық тарихшылар мен деректанушыларға жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды талап ететін проблемалар шеңберін едәуір кеңейтуге, дәстүрлі тәсілдермен өңдеудегі қиындықтарға байланысты бұрын талап етілмеген жаппай сипаттағы дереккөз базасын тартуға мүмкіндік береді.

Осы тақырыпта қойылған мәселені әзірлеу тағы бір өзекті мәселені шешуге мүмкіндік береді. XX ғасырдың тарихи білімінің әдіснамалық негізінің ерекшеліктері көбінесе ғалымдардың әдіснамалық және эпистемологиялық көзқарастарының эклектизміне әкелетін және нақты тарихи білімнің мүмкіндігіне күмән тудыратын тең парадигмалардың көптігін анықтады. Бүгінгі таңда бұл процестің жағымсыз жағы – нақты тарихи мәселелерді зерттейтін отандық зерттеушілердің (әсіресе жас ғалымдардың) жеке бөлігінің жалпы әдіснамаға, тарих әдіснамасына, атап айтқанда, болашақ тарихшылардың оның негіздерін түсіну дағдылары мен қажеттіліктерінің жоқтығы. Ғалымның зерттеу тәжірибесі теориялық рефлексиямен тығыз байланысты болғандықтан, қазақстандық зерттеушілердің жас буынының ғылыми ізденістері деңгейінің айтарлықтай төмендегенін айтуға болады. Сондықтан қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында жалпы ғылыми ғана емес, сонымен қатар арнайы және нақты ғылыми зерттеу әдістерін, қазіргі тарихшылардың ғылыми әзірлемелерінің техникасы мен технологияларын байытатын тарихи информатика әдіснамасын қолдану мәселесін жасау өте маңызды [3].

Жаңа ақпараттың экспоненциалды өсу қарқыны, сәйкесінше, жаңа, дәстүрлі ғана емес, сонымен бірге электронды тарихи көздер, әлеуметтік философтар мен футурологтар болжап отырған «ақпараттық жарылыстың» жаңа толқыны бүгіннің өзінде жаңа ақпараттық ортаның сын – қатерлерін жылдам қабылдауға және Қазақстанның ақпараттық қоғамға көшу жағдайларына бейімделуге қабілетті тарих

ғылымы саласындағы мамандарды даярлауды талап етеді. Бұл тұрғыда тарихты оқытуды компьютерлендіру тәжірибесі негізінде қазақстандық тарихи білім берудегі оқу пәні ретінде тарихи информатика мәселелерін әзірлеу өте өзекті болып көрінеді.

Тақырып қазақстандық қоғамды ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалармен, сондай – ақ іргелі зерттеу тақырыбы шеңберінде Тарих, тарихнама және әлеуметтік – тарихи процестерді модельдеу әдіснамасының іргелі әзірлемелерімен тікелей байланысты.

Бұл жұмыстың идеялық – теориялық негізі Т. Кунның парадигмалық тарихи – ғылыми тұжырымдамасының когнитивтілік, танымдық, әлеуметтік тұрғыдан анықталған ғылымның құндылығы туралы іргелі көзқарастарымен байланысты жеке ережелері болды; ғылымның бір сапалық күйден екіншісіне объективті ауысуы туралы, бұрынғы парадигманы жаңаға өзгерту арқылы. Сондай – ақ, кванттық тарих пен тарихи информатиканың қалыптасуын түсіну үшін Т.Кунның уақытша секірулер, яғни «ғылыми төңкерістер» арқылы дамиды ғылым туралы тұжырымдамасының орталық ережелерінің бірі өте маңызды [4].

Қазіргі заманғы ғылыми таным әдістерінің өзара іс – қимылының диалектикасы, қазіргі қоғамның түбегейлі өзгеруі жағдайындағы ғылым әдістерінің өзара іс – қимылын талдау мәселесіне арналған көптеген ғылыми зерттеулерге қарамастан, А.Н. Нысанбаев және басқада қазақстандық философтар ұжымдық монографиясын бөліп көрсету қажет, екінші, әлеуметтік – мәдени контекстегі ғылым әдістерінің өзара әрекеттесу процесі туралы пайымдау мен жалпылаудың нақты құрылымы мен логикалық өзара байланыстылығымен ерекшеленеді [5].

Ақпараттың мәнін оның семиотикалық сипаттамаларының үштілділігі тұрғысынан зерттеу мәселесін шешу үшін К. Шеннонның іргелі еңбектері өте өнімді болып көрінеді, статистикалық ақпарат теориясының негізін қалаушы Н. Винер, кибер ғылымының негізін салушы Ю.А. Шрейдер, семантикалық ақпарат теориясын жасаушы, коммуникацияның логикалық – прагматикалық моделін құрған Д. Харраx, логикалық – семантикалық ақпарат теориясының негізін жасаған Р. Карнап пен Дж. Бар – Хиллел.

Өркениеттің одан әрі дамуы үшін қоғамды жаһандық ақпараттандыру процесінің стратегиялық маңыздылығы, сондай – ақ оны зерттеу мен болжау үшін іргелі ғылыми негіз құру қажеттілігі әлеуметтік ақпараттың біртұтас теориясын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан А.Д. Урсулдың еңбектерінде көрсетілген. К.К. Колиннің зерттеулері қазіргі ғылым жүйесіндегі информатиканың орнын және әлеуметтік – гуманитарлық және табиғи пәндермен байланысын талдауға арналған [6].

Теориялық және ақпараттық көзқарас тұрғысынан тарихи дереккөздердің ақпараттық мүмкіндіктерін белгілеу, материя қозғалысының барлық формаларын қоғамның бейнелеуінің нәтижесі болып табылатын әлеуметтік ақпарат туралы ілім аясында ақпарат көздерінің ақпараттық қайтарымдылығын арттыру мәселесін шешу И.Д. Ковальченко терең аналитикалық деңгейде жасаған ақпараттың әртүрлі формаларының тасымалдаушысы ретінде дереккөздің практикалық таусылмайтындығы туралы ережелерге ықпал етті. Шын мәнінде, бұл көзқарас өзінің классикалық түсінігінде ашық ақпаратты тасымалдаушы ретінде қарастырылған дереккөзді талдаудың негізгі объектісі – дереккөз туралы ойлардың өзгеруіне әкелді. И.Д. Ковальченко пікірінше, дереккөзді талдау жасырын, ашық түрде көрсетілмеген ақпаратты түсіндіру үшін жүргізілуі мүмкін және қажет, бұл жүйелік көзқарасты және жүйелік – құрылымдық талдауды, математикалық әдістер мен компьютерлерді қажет етеді.

В.И. Бовыкин әлеуметтік ақпарат теориясының контекстінде тарихи дереккөздерді зерттеу қажеттілігін, сәйкесінше, ақпараттық деректану мәселелерін

дамыту, жазудың пайда болуынан бастап ақпараттық процестер аясында тарихи дереккөздерді типологизациялау қажеттілігін алға тартады. Г.В. Можаяның бірқатар мақалалары тарихи дереккөз мен тарихи ақпараттың, ақпарат тасымалдаушысы мен оның аудармашысының арақатынасының теориялық мәселелеріне, тарихи және тарихнамалық дереккөздердің ақпараттық әлеуетін анықтауға арналған [7].

Л.И. Бородин, И.М. Гарскова, В.Н. Владимиров, В.Н. Сидорцов, Ю.Ю. Юмашева және т.б. ұзақ уақыт бойы тарихи информатиканың теориялық және әдіснамалық мәселелерін дамытуда, оның дамуының негізгі тенденциялары мен перспективаларын талдауда. И.М. Гарскованың жұмысы, тарихтағы геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) – В.Н. Владимировтың монографиясы тарихи деректер базалары мен банктерін дамытудағы теориялық және қолданбалы мәселелерді жан-жақты қарастыруға арналған. Е.Н. Балыкина, А.Ф. Оськинаның ғылыми қызығушылықтары тарихи білім беруді ақпараттандыруды білдіреді; Т.Я. Валетов – интернеттің ақпараттық ресурстары; В.В. Канищева, И.В. Журбина, Ю.Ю. Юмашева, В.И. Тихонов және т.б. – тарихи демография, мұрағаттану, археология, этнография, просопографиялық зерттеулер, мұражайтану саласындағы мамандандырылған ақпараттық тәсілдер.

Қазақстанда тарихи зерттеулердің теориясы мен практикасына заманауи тәсілдер М.Қ. Қозыбаев, М.Х. Асылбекова, Б.Е. Кумеков, С.Ф. Мәжитова, М.Х. Абусейтова және басқалар. Теориялық деректану мәселелері К.М. Атабаевтың тікелей зерттеу объектісі болып табылады. Қазақстандық ғалымдар арасында зерттеудің әдіснамалық пәнаралық қағидаттарын әзірлеу К.А. Берденова, З.Г. Сақтағанова, тарихи этнодемография проблемаларына қатысты жүзеге асырылады – Г.М. Меңдіқұлова; мәдениет тарихы бойынша – Р.М. Жұмашев, А.Т. Қапаева, Г.М. Какенова және т. б. Алайда, бұл зерттеулерде сандық деректерді өлшеудің жеке әдістері анық ақпарат деңгейінде қолданылды. Ж.Б. Абылхожин мен Н.Э. Масановтың жұмыстары ерекшелік болып табылады, онда жекелеген бұқаралық дереккөздердің деректерін өңдеу кезінде жиынтықтар жиынындағы үлестіру концентрациясының дәрежесін өлшеу әдістемелері және олардың графикалық көрсетілімі пайдаланылған.

Қазақстанның ақпараттық қоғам жолында дамуы отандық тарихшылардың кәсіби қоғамдастығына жаңа сын – қатерлер туғызады. Объективті түрде біз бұрын немесе кейінірек өзге ақпараттық ортада жұмыс істеуіміз керек, оның негіздерін бүгінгі күні тарихи информатиканың тұжырымдамалық, әдістемелік және технологиялық әзірлемелері қалыптастырады, ол Қазақстанда өте баяу дамып келеді және бүгінде жетекші елдердің ғылыми әзірлемелері деңгейінен көптеген жылдарға артта қалып отыр. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге дайын емес тарихшылардың жаңа буыны таяу жылдары дәстүрлі мұрағат материалы жеткілікті түрде толық зерттелетін, ал жаңа электрондық массив ғылыми зерттеулерден тыс қалатын дағдарысты жағдайға тап болады, өйткені киберкеңістіктің даму эволюциясы жедел қарқынмен жүріп жатыр және ақпаратты жасау, өңдеу және беру технологияларының қарқынды дамуына негізделген. Электрондық құжат айналымы мен интернет – ресурстар ашатын жаңа көкжиектер ХХІ ғасыр деректануының алдына жаңа міндеттер қояды.

Әдебиет:

1. Вайнштейн О.Л. XIX–XX ғғ. буржуазиялық философия мен тарих әдіснамасының даму очерктері – Л.: ғылым. Ленинград бөлімшесі, 1979. – 270 б.
2. Касавин И.Т. Таным философиясы және пәнаралық идея // Эпистемология & философия ғылымы. – 2004. – Т. II. – № 2. – 5–14 б.; Казютинский В.В., Стёпин В.С. Пәнаралық синтез және әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің дамуы // Философиядағы сұрақтар. – 1988. – № 4. – 31–42 б.
3. Книгин А.Н. Пәнаралық: негізгі мәселе // Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Философия. Әлеуметтану. Саясаттану. – 2008. – № 3(4). – 14–21 б.
4. Кун Т. Әлеуметтік төңкерістердің құрылымы. – М.: Прогресс, 1977. – 387 б.

5. Нысанбаев А.Н., Косиченко А.Г., Кадыржанов Р.К. және т.б.. Ғылыми таным әдістері. – Алматы: Ғылым, 1996. – 160 б.
6. Савельева И.М., Полетаев А.В. Онда, бұрылыста: тарихтың басқа әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдармен өмір сүру режимі туралы // жаһандану және ақпараттандыру ғасырындағы тарих ғылымының жаңа бейнесі / ред. Л.П. Репнина. – М.: ИВИ РАН, 2005. – 73 – 101 б.
7. Бородкин Л.И. ХХІ ғ. басындағы тарих ғылымындағы пәнаралық көзқарастар: өрлеу немесе құлдырау? дөңгелек үстел доклады» [Электрон. ресурс] // «Әлеуметтік – гуманитарлық және саясаттану білім беру» білім беру порталының сайты – URL: <http://www.humanities.edu/db/msg/45611>.

ДУСТОРОННИЕ ОТНОШЕНИЯ УЗБЕКИСТАНА И КАЗАХСТАНА

Иззатова Р. У., Гаффоров Я.Х.

*(Чирчикский государственный педагогический институт
Ташкентской области, Узбекистан)*

Аннотация: В данной статье рассказывается о двустороннем развитии узбекско – казахстанских отношений, встречах на высшем уровне и их значении.

Ключевые слова: Узбекистан, Казахстан, сотрудничество, контакты, встречи на высшем уровне.

Среди государств Центральной Азии Узбекистан и Казахстан издревле считаются двумя братскими народами, связанными не только географической близостью, но и общими корнями, языком, религией, традициями, общей культурой и давним историческим прошлым. С момента установления дипломатических отношений между Узбекистаном и Казахстаном прошло более 29 лет. Также прошло 23 года с момента установления «вечной дружбы» между двумя странами и 8 лет с момента подписания договора о стратегическом партнерстве. За столь короткий срок партнерские отношения достигли своего пика.

Двусторонние отношения Узбекистана с Казахстаном укрепляются на основе Договора «о дружбе и сотрудничестве между Республикой Узбекистан и Республикой Казахстан», подписанного Нурсултаном Назарбаевым и Исламом Каримовым 24 июня 1992 года во время официального государственного визита Первого Президента нашей страны в Казахстан.

В последующие годы, 1993 ноября 10 года, Ислам Каримов совершил поездку в Алматы. Президенты Узбекистана и Казахстана обсудили вопросы интеграционных связей, экономической политики двух стран. Договорились о путях и способах осуществления взаимных инвестиций, создания совместных предприятий, высоких технологий. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев посетил Узбекистан с официальным государственным визитом 10 – 12 января 1994 года. Два президента подписали соглашение между Узбекистаном и Казахстаном, предусматривающее свободное перемещение товаров, услуг, инвестиций и рабочей силы, а также согласованную кредитно – расчетную, бюджетную, налоговую, ценовую, таможенную и валютную политику. 1998 октября 31 года между Узбекистаном и Казахстаном был подписан договор о вечной дружбе. Во время встречи президентов Узбекистана и Казахстана в Ташкенте 20 – 21 апреля 2000 года состоялась встреча, посвященная четкому определению границ двух государств, по итогам переговоров было подписано «совместное заявление Первого Президента Республики Узбекистан Ислама Абдуганиевича Каримова и Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева». 16 – 17 ноября 2001 года с официальным визитом Казахстан посетил Первый Президент Узбекистана Ислам Каримов. Президенты двух государств

подписали договор о узбекско – казахстанской государственной границе. 9 сентября 2002 года по приглашению Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева Ислам Каримов посетил Астану. Подписано «соглашение об отдельных участках узбекско – казахстанской государственной границы». Актуальные вопросы, касающиеся границы между двумя странами, нашли свое решение в юридическом аспекте. Объем товарооборота между двумя странами в первом полугодии 2002 года составил 124 тысячи долларов США. За период до 2011 года в Узбекистане функционируют 38 совместных узбекско – казахских предприятий, в Казахстане – 92 совместных казахско – узбекских предприятия [1].

В мае 2003 года, в ходе очередного Ташкентского саммита ШОС в 2004 году, Узбекистан посетил Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, в июле 2005 года состоялась очередная астанинская встреча ШОС, в сентябре 2006 года в ходе неформальной встречи глав государств Центральной Азии в Астане Казахстан посетил Президент Узбекистана Ислам Каримов, что еще больше укрепило отношения сторон. Кроме того, 26 июня 2007 года в нашей стране побывал премьер–министр Республики Казахстан Карим Масимов, а 22 октября того же года – первый заместитель Премьер – Министра Республики Казахстан Умирзак Шукеев. В ходе таких встреч отношения между двумя странами укрепились [2].

6 – 7 сентября 2012 года Президент Республики Узбекистан посетил с официальным визитом Казахстан. Президенты отметили, что этот визит еще раз подтвердил многовековую историческую, культурную и духовную близость узбекского и казахского народов, общность интересов и неразрывную связь судеб наших стран, эти ценности и впредь будут составлять основу взаимоотношений и сотрудничества двух государств. По итогам переговоров Ислам Каримов и Нурсултан Назарбаев подписали Совместное заявление [3].

Подписанный в 2013 году договор о стратегическом партнерстве между Республикой Узбекистан и Республикой Казахстан также является одним из важнейших документов. В 2014 году с официальным визитом Республику Казахстан посетил Первый Президент Республики Узбекистан Ислам Каримов. В июне 2017 года по случаю Астанинского саммита Шанхайской организации сотрудничества Шавкат Мирзиев посетил Казахстан. В сентябре 2017 года в Узбекистан с официальным визитом прибыл Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. По итогам встречи президентов Узбекистана и Казахстана подписан ряд документов. Шавкат Мирзиев наградил Нурсултана Назарбаева орденом «Эл – юрт Хурмати» [4].

Изначально Президент Республики Узбекистан Шавкат Мирзиев по приглашению Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева 22 – 23 марта 2017 года находился с государственным визитом в этой стране.

Президенты продолжили диалог в расширенном составе переговоров официальных делегаций двух стран. На нем было обсуждено текущее состояние и перспективы дальнейшего развития сотрудничества между Узбекистаном и Казахстаном в политической, торгово – экономической, инвестиционной, транспортно – коммуникационной, культурно – гуманитарной и других сферах, состоялся обмен мнениями по региональным и международным вопросам, представляющим взаимный интерес [5].

По итогам переговоров будет подписано 13 межгосударственных, межправительственных и межведомственных документов. Вновь откроются пункты пропуска «белое золото» и «Малик», расположенные на трассе М – 39 и закрытые в 2006 году. Следует отметить, что последовательным продолжением диалога на высшем уровне стал государственный визит в нашу страну Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева 22 – 23 сентября 2017 года [6].

Также во время визита Президента Казахстана в 2017 году было отмечено, что в 2018 году в Казахстане пройдет «Год Узбекистана», а в 2019 году в Узбекистане – «Год Казахстана» [7].

Президент Республики Узбекистан Шавкат Мирзиев 29 апреля 2017 года посетил Южно – Казахстанскую область и провел практическую встречу с Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым.

В первом квартале этого года значительно возросли практические контакты в различных секторах экономики. Особо следует отметить межрегиональное сотрудничество в транспортно – логистической, автопромышленной сферах. «За первые три месяца 2017 года взаимный товарооборот увеличился на 37%», – сказал Президент Казахстана [8].

По приглашению Президента Республики Узбекистан Шавката Мирзиева нынешний президент Республики Казахстан Касим – Джумарт Токаев 14 – 15 апреля 2019 года посетил Узбекистан с государственным визитом. В ходе встречи подчеркнута заинтересованность обеих сторон в доведении объема двустороннего торгового оборота до 5 млрд долларов в ближайшей перспективе. За прошедший период было проведено несколько переговоров по демаркации межгосударственной границы на участках, прилегающих к границам Сырдарьинской и Джизакской областей и Туркестанской области Казахстана. По итогам 2020 года двусторонний внешнеторговый оборот превысил 3 млрд долларов [9].

Узбекистан и Казахстан плодотворно сотрудничают в рамках таких международных структур, как ООН, ШОС, СНГ, ОЭС, Международный фонд спасения Арала. Стороны положительно оценили итоги первого узбекско – казахстанского межрегионального форума сотрудничества, прошедшего в ноябре 2018 года в городе Чимкент, и первого регионального экономического форума стран Центральной Азии, прошедшего в марте 2019 года в городе Ташкенте. Также приняты программа сотрудничества между министерствами иностранных дел на 2019 – 2020 годы, меморандум о сотрудничестве между Комитетом по делам религий при Кабинете Министров Республики Узбекистан и Министерством информации и социального развития Республики Казахстан [10].

Принятие Генеральной Ассамблеей ООН 22 июня 2018 года специальной резолюции по Центральной Азии стало историческим событием, положившим начало новому этапу регионального сотрудничества [11].

По данным на 2018 год, взаимовыгодное сотрудничество между нашими странами носит характер доверительного и конструктивного диалога. Отмечается, что за последние двадцать пять лет между нашими государствами была создана прочная договорно – правовая база. Существует более 200 договорно – правовых актов, касающихся различных сфер [12].

Следует отметить, что “сотрудничество Узбекистана и Казахстана” осуществляет широкий спектр мероприятий по охвату различных сфер.

В частности, в 2018 году вузы Узбекистана готовы к совместной с образовательными учреждениями Казахстана подготовке современных специалистов, о чем сообщил министр высшего и среднего специального образования Узбекистана Иномжон Маджидов после встречи с послом Казахстана. В связи с этим особое внимание уделяется подготовке кадров для нефтехимической и агропромышленной отраслей, пользующихся высоким спросом. Наряду с обучением молодежи будет расширено взаимодействие профессорско–преподавательского состава. На встрече стороны договорились о дальнейшем развитии отношений. В настоящее время около 20 научных учреждений подписали соглашения о сотрудничестве [13].

В 2017 году в нашей стране функционируют около 230 предприятий, созданных с участием казахстанского капитала, и более 130 предприятий, созданных в Казахстане совместно с бизнесменами Узбекистана. По данным на 2018 год, в Узбекистане действует более 280 предприятий с участием казахстанского капитала. С 2019 года в нашей стране действуют 336 предприятий с участием казахстанского капитала и 16 представительств компаний, на территории Казахстана – 199 предприятий, созданных совместно с бизнесменами Узбекистана [14]. Рост этих цифр также свидетельствует о том, насколько развиваются наши партнерские отношения.

10 апреля 2021 года премьер – министры Узбекистана и Казахстана Абдулла Арипов и Аскар Мамин заложили фундамент Центра международного торгового – экономического сотрудничества “Центральная Азия” на узбекско – казахской границе. Центр будет построен на территории контрольно – пропускного пункта” кирпичный мост «(«Жибек Жоли»). Об этом сообщила пресс – служба премьер – министра Узбекистана.

На совещании стороны обсудили вопросы сотрудничества в торгово – экономической, транспортно – логистической, сельскохозяйственной, туристической, космической сферах, промышленности, рационального использования и сохранения трансграничных водных ресурсов, межрегионального и трансграничного сотрудничества, а также в других сферах. Общая площадь Международного центра составляет 400 га, пропускная способность – 35 тысяч человек в обе стороны и 5000 грузовых автомобилей в сутки. Ожидается, что для реализации совместных инвестиционных проектов с участием Узбекистана и Казахстана будет создана крупная промышленная и торгово – логистическая площадка. В качестве наиболее перспективных направлений промышленной кооперации рассматриваются обрабатывающий сектор, сельскохозяйственная промышленность, легкая промышленность [15].

Выступая на 76 – й сессии Генеральной Ассамблеи ООН, президент нашей страны Шавкат Мирзиёев отметил: «Наша главная цель – превратить Центральную Азию в процветающее и устойчиво развивающееся пространство доверия и дружбы. Для этого мы уделяем приоритетное внимание укреплению взаимодействия с соседними и соседними регионами», – настаивали они [16].

Подводя итог, можно сказать, что развитие многопланового сотрудничества между Узбекистаном и Казахстаном в различных сферах также имеет большое значение в жизни двух стран. Сотрудничество, дипломатические отношения между Узбекистаном и Казахстаном, которые были установлены и колонизированы при первом Президенте Республики Узбекистан Исламе Каримове, последовательно продолжают и поднимаются на новый уровень президентом нашей страны Шавкатом Мирзиёевым. Важное значение для дальнейшего развития этих отношений сотрудничества имеют взаимная гармония, дружба, доброжелательность президентов двух государств.

Литература:

1. Usmonov Q. “O‘zbekiston tarixi” 1991–2012. T.: “O‘qituvchi” 2011. bet – 280 – 281
2. G‘afforov Y. “Xalqaro tashkilotlar hamkorligi” 2 – qism T.: “Turon – iqbol” – 2021. bet – 157
3. <https://www.gazeta.uz>
4. Jo‘rayev N., Zamonov A. “O‘zbekiston tarixi” T. “G‘afur G‘ulom nomidagi Toshkent matbaa uyi” 2018. b – 115 – 117
5. <https://www.President.uz>
6. <https://kun.uz>
7. Jo‘rayev N., Zamonov A. “O‘zbekiston tarixi” T. “G‘afur G‘ulom nomidagi Toshkent matbaa uyi” 2018. b – 116
8. Gazeta.uz

9. <https://kun.uz>
10. <https://mineconomy.uz>. Qozog'iston yaqin qo'shnimiz, ishonchli hamkorimiz va qalin sherigimiz 2019 – yil
11. Mirziyoyev Sh.M. “Niyati ulug' xalqning, ishi ham ulug' hayoti va kelajagi farovon bo'ladi”. T., O'zbekiston 2019, bet–348
12. <https://mineconomy.uz>. Qozog'iston yaqin qo'shnimiz, ishonchli hamkorimiz va qalin sherigimiz 2019 – yil
13. uzbekistan.lv/uz/ozb. O'zbekiston – Qozog'iston: yaqin qo'shnichilik va o'zaro ishonchga asoslangan hamkorlik 2018 – yil
14. President.uz 2017, 2. Xalq so'zi 2018,3.<https://mineconomy.uz> Qozog'iston yaqin qo'shnimiz, ishonchli hamkorimiz va qalin sherigimiz
15. Gov.uz 2021 – yil President.uz

УДК 40(10).020.9/3.(201)

ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: «ТАРИХ И РАШИДИ» ШЫҒАРМАСЫ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Максутова А.А.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Мақалада ортағасырлық көрнекті тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы кең көлемдегі деректік материалдарға негізделді. Сондай – ақ жаңа әдіснамалық ұстаным басшылыққа алына көрсетілді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих и Рашиди» еңбегіне Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы жаңа тұжырымдамалық ұстанымдар тұрғысынан тарихнамалық талдау жасалды. Тарихнамалық талдаудың Тәуелсіз Қазақстандағы методологиялық негізін қалыптастыру аясында ғылыми айналымға енді қосылған жаңа аудармалық немесе зерттеу еңбектері арқылы – Мырза Хайдардың «Тарих – и Рашидиді» жазудағы негізгі және қосалқы дерек көздері анықталып, олар салыстырмалы әдіс арқылы талданады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих и Рашиди» еңбегінің ортақ құндылық ретіндегі Орталық Азия, Үндістан, Ресей және Қазақстан мемлекеттерінің деректануы мен тарихнамасына жасаған ықпалы анықталып, оның Моғолстан мен Қашғарға қатысты деректерінің маңызы мен тарихына баға беріледі. Зерттеу әдістерінің негізін мәтіндік–салыстырмалы және тарихи – салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау құрайды. Соның ішінде, зерттеудің тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі, тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтілік деңгейі, тарихи деректерді сыныптау, деректердің ғылыми құндылығын анықтау қағидаттары және тәсілдері негізге алынды.

Дулати шығармашылығының ең маңызды еңбегі қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдеріне аударылған. Оның шығармаларынан ғылымның көптеген салаларын зерттейтін ғалымдар Қытай, Үндістан, Ауғанстан, Ирак елдерінің тарихы бойынша көп құнды материалдар табуға. Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі және оның «Тарих и Рашидиді» шығармасы терең зерттеуге лайық. «Тарих и Рашиди» сияқты классикалық, энциклопедиялық шығарманың бұлай аталуының үш себебі бар. Ол туралы автордың өзі: «Біріншісі, Тоғылық Темір хан Ислам дінін Маулана Аршададдин ықпалымен қабылдады.

Екінші бір себебі Тоғылық Темірге дейін – ақ исламды Барақ хан, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал күдіретті де мәртебелі Тоғылық Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден,

қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан болғандықтан, бұл тарих соған арналып оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих и Рашиди» («Хақ жолындағылар тарихы») деп аталынды.

Ел тарихына қатысты деректерді орыс, неміс, түрік, француз, венгр және т.б. шетелдік ғалымдар зерттеп, қыруар іргелі еңбек қалдырды. Отандық ғалымда сол тарихи деректерді зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдарға арқа сүйеп, солардың еңбектеріне сілтеме жасаумен шектелу, тәуелділік сезіну үрдісі сақталып келеді. Жаңа тұжырымдамасы жасалып жатқан қазақ тарихы бұл сұрлеумен қайта жүрмесе керек. Деректің түпнұсқасына түсіп, текспен жұмыс істейтін Ә.Қ. Муминов, И. Жеменей, Ж. Төлеубаева, Ғ. Зардыхан, Б. Еженхан, Н. Базылхан секілді кейінгі буын ғалымдар бар.

Тарихшы ғалымдар Т.Омарбеков, Ш.Омарбеков «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде «Тарих и Рашиди» шығармасын негізгі дерек ретінде қолданған. [1, 126]. Ал, тарихшы ғалымдарымыз Болат Көмеков пен Берекет Кәрібай «Тарих и Рашиди» еңбегін өз зерттеулерінде пайдалана отырып, көпшілікке арналған көркем әдеби сипаттағы «Мырза Хайдар Дулат» атты еңбек жазды. [2, 376]. Мырза Хайдар Дулаттың өзі және еңбегі туралы пікір айтып, назарында ұстап келе жатқан ғалымдар арасында түркітанушы ғалым Немат Келімбетовті айтуымызға болады. [3, 1266].

Еңбегінің кіріспесінде айтқанындай, ол мақсатты түрде Моғолстан мемлекетінің 1347 жылы таққа отырған Тоғлық Темір дәуірінен бастап автордың өзі өмір сүрген заманына дейін толық тарихын жазып шыққан. Еңбектің жазылу мақсаты туралы автор: «Моғолдарда ислам дінін қабылдағаннан кейінгі дәуірге байланысты шағын болса да бір тарихи еңбек жоқ. Моғолдар қазір де сахараны мекендеуде. Даңқты, гүлденген дәурен тек ауыздан – ауызға айтылып келе жатқан тарихи аңыз – әңгімелер де ғана сақталып қалған. Егерде мен батыл түрде осы маңызды іске бел шешіп кірісіп, бет бұрмасам, моғол хандарының шежіресі тарих бетінен мүлдем жойылып кетеді – ау – деген жүрек лүпілі еді бұл. Мен бұл тарихты Тоғлық Темір ханнан бастап жаздым. Оның да үш түрлі себебі бар еді.

Бірінші себебі, Тоғлық Темірден бұрынғы хандар туралы көп жазылғанымен одан кейінгілері жайында айтылмайды. Осыдан келіп мен тарихи кітапта жазылмаған нәрселерді қағаз бетіне түсіруге бекіндім. Тоғлық Темір ханға дейінгі белгілі тарихты қайталау – «Ефраттың жағасынан құдық қазумен бірдей» еді. Екінші себебі, Тоғлық Темірден кейінгі хандардың салтанаты, мәртебесі ол жеткен өреге жете алмады. Үшінші себебі, мынау – моғол хандарының ішінде исламды алғаш Тоғлық хан қабылдады. Соның нәтижесінде ол моғол ұлысын мойнына ілініп тұрған кәпірлік тұзағынан құтқарып қалды. Сондықтан да бұл тарих оның даңқты есімінен басталып, ол хақында жазылмақ» . [4, 1866] деп жазды.

«Тарих и Рашиди» екі бөлімнен тұрады. Автор оларды «Дәптер» деп атайды. Бірінші дәптерде Моғолстан және Қашғарда билік құрған Шағатай хандардың тарихы, олардан бірінші болып ислам дінін қабылдаған Тоғлық Темір ханнан бастап, 1533 жылы таққа отырған Әбдірашид хан тарихы турасында жазылған. Екінші дәптер 1541 – 1542 жылдарда жазылған. Онда тарихи оқиғалар және автордың өмірбаяны – бастан өткен естеліктері жанрында баяндалады. Естеліктер XV ғасырдың соңына таман болған оқиғалардан басталып, 1524 жылға дейінгі мерзімді яғни Мырза Хайдар Кашмирді өз билігіне алып, сол жерде тұрақтап қалған кездерін баян етеді.

Бұл еңбек те Мика Валтари арқасында әлем жұртшылығына танылды. [5, 796]. Бұдан да басқа француз жазушысы Сен – Симонның (1675 – 1755) «Естеліктері», американдық саясаткер ғалым Бенд Жэмин Франклиннің (1706 – 1790) «Менің күй – жайым», германиялық жазушы – ақын Иоанн Вольфганг Гетенің (1742 – 1832) «Поэзия

және ақиқат» сынды еңбектерін атай аламыз. Мырза Әлихан Әминәд–дауленің (қайтыс болған жылы 1909) «Саяси естелік тері», Абдолла Мостуфидің (1876– 1950) қажарлар билік еткен кезеңнің қоғамдық және басқару тарихына арналған «Менің өмірбаяным» орыс жазушысы Александр Иванович Герценнің (1812 – 1870) «Былое и думы», қазақ қаламгерлері арасынан Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» өмірбаяндық хикаятын, Сәбит Мұқановтың (1908 – 1973) «Менің мектептерім», Дінмұхаммед Қонаевтың (1912 – 1993) «Өтті дәурен осылай» сынды еңбектерін атауға болады.

Мырза Хайдар ез еңбегін әлем әдебиетінде кеңінен танымал ғұмырнамалық жанрда жазған. Қазіргі мәліметтерге қарағанда, ғұмырнамалық шығарма алғаш рет Мысыр елінде жазылды. Оның авторы біздің заманымыз дан 1350 жыл бұрын перғауын сарайының бас дәрігері болған Синuhe еді. Оның жазбалары финляндиялық Мика Валтари тарапынан оқылып, қалың кітап болып өз оқырманымен қауышты. Синухенің еңбегінде сол дәуірдегі Мысыр, Шам, Бабыл, Грек, хати елдерінің патшалары туралы айтылған және сол елдерде өткен тарихи оқиғаларымен таныса аламыз. [6, 85б]. Осыдан кейін көптеген ғұмырнамалық еңбектер жазылды. Әсіресе ислам *шығыс* елдерінде «Сапарнаме» және «Зафарнаме» атауымен сан – алуан кітаптар жазылған. Бұл үрдістен Еуропа да қалыс қалған емес. Мәселен, бұдан XV ғасыр бұрын финляндиялық Микаилдің шығармасы немістердің шабуылына ұшыраған Финляндия тарихын және өзінің елінен ажырап, османды түріктерді паналап, сонда мұсылман дінін қабылдаған оқиғаларын баяндайды.

Бұл еңбек те Мика Валтари арқасында әлем жұртшылығына танылды. [7, 12б]. Бұдан да басқа француз жазушысы Сен – Симонның (1675 – 1755) «Естеліктері», американдық саясаткер ғалым Бенд Жэмин Франклиннің (1706 – 1790) «Менің күй – жайым», германиялық жазушы – ақын Иоанн Вольфганг Гетенің (1742 – 1832) «Поэзия және ақиқат» сынды еңбектерін атай аламыз. Мырза Әлихан Әминәд–дауленің (қайтыс болған жылы 1909) «Саяси естелік тері», Абдолла Мостуфидің (1876 – 1950) қажарлар билік еткен кезеңнің қоғамдық және басқару тарихына арналған «Менің өмірбаяным» орыс жазушысы Александр Иванович Герценнің (1812 – 1870) «Былое и думы», қазақ қаламгерлері арасынан Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» өмірбаяндық хикаятын, Сәбит Мұқановтың (1908 – 1973) «Менің мектептерім», Дінмұхаммед Қонаевтың (1912 – 1993) «Өтті дәурен осылай» сынды еңбектерін атауға болады. Мырза Хайдар Дулати – ел билеп, қаһарман қолбасшы, өткен дәуір шежіресін жазып кеткен ұлы тарихшы ғана емес, ұлы ғұлама, терең ойшыл.

Оның ой – толғамдарынан кең байтақ сахараға тән дархандық, уақытқа үйлесімділік, жаңашылдық, тереңдік сезіледі. Әсіресе, ұлттық рухани тұлғаларымыздың әрбірінің ойлары Дулатидің көзқарастарымен өзара астасып, ұлттық тарихи – мәдени басымдықтарымызбен үндесіп жатқандығын байқаймыз. Ойшылдың ислам діні жайындағы пікірлері, түркілік дүниетаным жүйесіндегі діни ұғым – түсініктері терең зерделеуден өтті. Себебі, Дулати Бабыр сынды ұлы тұлғаның бай кітапханасынан сусындап, шығыстық мәдениетпен жете танысқан. Осы себепті де, тектілікті ту еткен бабаның кісілік, адамгершілік жайлы, адам өмірі туралы ой – толғамдарының тәрбиелік маңызы терең. Әсіресе, өскелең ұрпақты ел ертеңіне саналатын адамдық негізде тәрбиелеп, отансүйгіштік сезімдерін оятуға, ұлттық тарихымыздың терең қатпарларын толыққанды зерделеуге М.Х. Дулати баға жетпес үлесін қосты.

Иран ғалымы доктор Хұсейін Рәзмжу мемуарлық әдебиетке идеологиялық, саяси және қоғамдық құны бар шығарма ретінде қарай келіп, «егер парасатты автор естеліктерінің қыр – сырын көркемдеп бере алса, ол айрықша тартымды болары анық.

Сондай – ақ басқа деректерде табылмайтын тақырыптар қарапайым шынайы түрде жазылса, оның артықшылығы одан әрі арта түсері де шындық» деп жазды [8, 126]. Осы тұрғыдан қарағанда, Мырза Хайдардың еңбегі ғұмырнамалық әдеби шығарма қатарына жатады.

Қорыта келгенде, осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал күдіретті де мәртебелі Тоғлық Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден, қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан болғандықтан бұл тарих соған арналып, оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих и Рашиди» деп аталынды. Осыдан – ақ автордың ислам дініне шынайы ықыласында болатыны анық.

Автор еңбегі әдебиет тарихын зерттеушісіне де мол мәлімет береді. Кітаптың сөздік қоры, тілдік, тарихи, саяси, философиялық, әдеби, мәдени, тағы басқа да деректері ғылыми жағынан аса маңызды. Бұл жөнінен шығармада аталған Тараз, Тұран патшаеы және қазірге дейін сол күйінде, сол мағынада қазақ тілінде қолданылып келе жатқан сөздерін айта аламыз. Мәселен, сұңқар, томаға, олжа, талқан, көкірек, көңіл, қараңғы тау, тағы сол сияқты сөздер ғылыми нысана, зерттеу объектісі бола алады. Сондай – ақ автордың шығыстың классикалық әдеби жанрларын, тарихи оқиғаларды әңгімелеу барысында орынды пайдаланып келгені шығарманың әдеби нәрін байыта түседі.

Мырза Хайдар оқырманын ислам дініне қатысты имандылық негізінде тәрбиенің мән – маңызына көңіл бөліп келгенш түсіне аламыз. Сол себептен «Тарих и Рашиди» тек қана тарихпен шектелмей, әдеби шығарма ретінде қоғамның жамандықтан арылып, жақсылыққа беттеуің кездейді. Екіншіден, Мырза Хайдар өз шығармасын исламдық құндылық тармен қатар шығыстық әдеби стильмен жазып шыққандықтан шығыстық әдеби жанрларды зерттеуге оң алып барады.

Бұдан Шығыс әдебиетіне, оның бір бұтағы қазақ әдебиетіне қатысты жаңаша ой түюге болатынын аңғарасыз. Осы орайда академик Р.Бердібай: «Жалпы, қазақ тарихи өлеңдерінің құрамы мен жанрлық ерекшелігі – арнайы зерттелетін сала, халқымыздың әяеуметтік, мәдени дамуының ерекшелігіне байланысты тарихи өлеңдердің жасалуы мен сақталуына түрлі өзгешеліктер болуы табиғи» [8] – деп айтқаны еске түседі. Тіпті тарихи жырларды айтпағанда, қазақ поэзиясының тарихи тамырлары әлі күнге дейін ойдағыдай терең зерттеле қойған жоқ.

Әдебиет:

- 1 Жолдасбайұлы С. Дулат М.Х. және XV – XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақ университеті, – 2000. – 112 б.
- 2 Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих – и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей). Жалпы ред. Басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. – Алматы: Тұран, 2003. – 616 б.
- 3 Дербісәлі Ә. Мұхаммед Хайдар Дулат. Өмірбаяндық – библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1999. – 160 б.
- 4 Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих – и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба)
- 5 Мика Валтари. Синuhe естеліктері (парсы тіліне аударған Исмаил Каһреманипур): Тегһран – Зеррин, 1366.
- 6 Дұғлат Мырза Хайдар. Тарих – и Рашиди. – Өзбекстан ғылым академиясы. Бируни атындағы шығыстану институты, қолжазба қоры. № 1430
- 7 Хусейн Рәзмжу Әдеби шығармалардың түрлері. Машхад, 1370, 150 б.
- 8 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 464 б.

КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТ ТАРИХЫ: М.Х ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ – И – РАШИДИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТЫҢ МӘЛІМЕТТЕР

Максутова А. А.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

«Тарих и Рашиди» – XIV ғасырдан XVI ғасырдың орта шеніне дейінгі екі жүз жылдық тарихи кезеңді, яғни Орта және Алдыңғы Азия халықтарының басынан кешкен бірнеше ғасырлық саяси – қоғамдық және мәдени – әлеуметтік оқиғалардың даму, өзгеру және жаңару құбылыстарын жеткілікті деңгейде сипаттайтын энциклопедиялық сипаттағы ұлы шығарма. Осынау маңызы зор, баға жетпес тарихи әрі әдеби – ғұмырнамалық жәдігердің жанрлық табиғаты, стильдік ерекшеліктері мен поэтикалық құнары әлі күнге шейін толық саралаудан өтіп, ғылыми тұрғыдан оның әдебиетке қатысты тұстары түгелдей екшеліп, сөз өнерінің талаптарына сай өзіндік бағасын алмаса да, Мырза Хайдар Дулаттың бұл кітабы соңғы ғасырларда көптеген ғұлама тарихшылар мен оқымысты филологтарды таңырқатқан ғажайып көркем туынды ретінде де әлем жұртшылығына танылды. Шынында да «Тарих и Рашиди» – тарихи шығарма, ғылыми тұрпатта жазылған ғұмырнамалық баян екендігі даусыз. Дегенмен, аталған еңбектің жанрлық ерекшеліктері туралы біраз ойланып, ізденетін жақтары да жоқ емес. Өйткені бүгінге дейін қазақ ғалымдарының көпшілігі шығарманың тарихи мән – мағынасына баса назар аударып келеді. Солардың бірі әдебиеттанушы Ш. Елеукенов: «Қазақстан тарихына қатысты жайларды солтүстікте Қадырғали Жалаири баяндап берсе, оңтүстікте тарихымыздың және бір маңызды беттерін Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих и Рашиди» атты еңбегінде төгілтіп жазып берді» деп жазған. Әрине, тәжірибелі ғалым тарихи шығарма туралы деректеме бере отырып, автордың замана халін жай ғана сипаттап қоймай, «төгілтіп жазып бергені» сүйсіне баяндайды. Мұның өзі зерттеуші тарапынан Мырза Хайдар мұрасының оқырманға заманауи оқиғалар мен қоғамдық – саяси бағыттағы мәліметтер берумен шектелмей адамға аса қажетті эстетикалық қуаты мен жан дүниесіне әсер етерлік көркемдік құнары бар толыққанды шығарма екендігін тұспалдайды. Міне, жоғарыда аталған жайттар бұл еңбекке деген тарихнамалық талдауды қажет етеді [1, 196].

Мақаланы жазу барысында ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларындағы архив деректері, Мемлекет тарихы институтының кітапханасы материалдары, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының сирек қолжазбалар мен кітаптары қорлары, Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің кітапханасы қорлары пайдаланылды.

Тарихи деректердің маңыздылығын күшейте түсуде Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих и Рашиди» еңбегінің орны ерекше. Қазіргі таңда Қазақстанның тарих ғылымының әлемдік аренаға тартылуына орай зерттеудің тың бағыттарын басшылыққа алу міндеттері туындағаны белгілі. Міне, осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу негізіне алған тақырыбымыз деректі тарихнамалық талдауға алу бағытындағы жаңашылдығы бар болып табылады.

Мақаланы жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық.

«Тарих и Рашиди» шығармасының жанры туралы сөз болғанда ежелгі әдебиет тарихының маманы профессор Н.Келімбетовтың: «Жанрлық тұрғыдан келгенде, «Тарих и Рашиди» – ғылыми еңбек, әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі,

сондай – ақ, тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды» деген пікірінің жаны бар [2, 86 б].

Мырза Хайдар өз еңбегінде халқымыздың наным – сеніміне, салт – дәстүріне, күнделікті тіршілігіне, тарихы мен мәдениетіне қатысты қазіргі кезге дейін сол күйінде, сол мағынасында пайдаланып келе жатқан жүзден аса қазақ сөздерін пайдаланған. Әр сөздің өзіндік философиясы, өзіндік мағынасы бар екені мәлім. Демек, әрбір сөздің өзіндік ұғымы, өзіндік жүктемесі бар. Автордың қазақ сөздерін еш өзгеріссіз, аудармасыз қолдануының өзі әдебиет тарихы мен тіл тарихын зерттеушілерге үлкен ой салатындығы белгілі. Мырза Хайдар қолданған түркі халықтарына ортақ түркі–шағатай әдеби тілінің сөздік қорында қазақ сөздерінің молдығы сол тілдің бірден – бір мұрагері қазақ халқы екендігін аңғартады. Автор нақты өмір құбылыстарын, олардың белгілі бір ортақ немесе дара ерекшеліктерін, заңдылықтарын көркем баяндайды. Оларды талдап, саралап, тиісті жерінде пікір түйіп, өз ойларын да ұсынып отырады. Ол өзі көрген, естіп не оқып білген өмір құбылыстарын тұтасып, жалғасып, өзара байланысып, сабақтасып жатқан күйде әңгімелейді, суреттейді, болған оқиғаның, істің сипатын, мазмұнын, мезгілі мен мекенін, себебі мен салдарын, орындалу амалы мен құралын, пәнін т.б. көрсетеді. Сөйтіп солардың бәрін оқырманның көз алдына елестетеді. Сондықтан «Тарих и Рашиди» ортағасыр тарихы бойынша баға жетпес тарихи дерек көздері әрі тарихи танымдық маңызы зор әдеби көркем шығарма болып табылады. «Тарих и Рашидидің» тарихи дерек көзі болуы оның тарихи танымдық әдеби шығарма ретіндегі құндылығына көлеңке түсірмейді. Мұның өзі «Тарих и Рашидидің» әдеби шығарма ретіндегі жанрлық табиғатынан туып жатқан ерекшеліктер қатарына жатады» деп толыққанды да тамаша түйіндеп бағамдайды [3, 126].

Түркі дәуірі мен өркениеті бірнеше жылдар бойы тарихшылар тарапынан еуроцентристік көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Түркі кезеңі негізінен ұзақ уақытты қамтиды. Олардағы мәдениеттің, оның ішінде, ғылым мен білім сияқты рухани мәдениеттің дамуы соңғы уақыттарда ғана өзінің оң бағасын алып келеді. Түркі халықтарындағы руханият өзінің эволюциясында әрбір кезең сайын жалғасын тауып отырды. Көне Сақ заманындағы Грек жеріне әйгілі болған Анахарсистен бастап, XIX – XII ғасырлардағы мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі түркі ойшылдарының бір топ легімен жалғасын тауып, кейіннен, Алтын Орда және оның ыдырау кезеңіндегі ойшылдармен келіп сабақтасып, одан соң, түркі халықтары әр түрлі хандықтар мен жеке мемлекеттер құрып тұрған кезінде де руханияттық деңгейін паш етіп келді. Бірақ олардың кейбірі, парсы, араб халықтарына телінді [4, 2016].

Қазіргі таңда түркі халқының рухани деңгейі өзінің шынайы бағасын алған сәтте, олардың идеялары мен ашқан жаңалықтарын ғылыми – теориялық тұрғыдан негіздеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, ұлт руханияты мен ұлттық кодты қайта жандандыруға қарай бет бұрып, рухани жаңғыру қажеттігіне сәйкес рухани тұрғыдан өркендеу стратегиясын алға тартты. Шындығында, түркі дүниетанымы – өте күрделі мәдени – тарихи кеңістікті қамтығандықтан, қазіргі таңда түркі – қазақ халқының ойшылдарын жан – жақты зерттеп, оларды әр қырынан ашу қолға алынып келеді. Түркі халықтарына ортақ тұлғалардың еңбектері қазіргі түркі ғалымдарының одан әрі зерттеу нысанына айналып отыр. Оларды әлемге таныту мақсатындағы бұндай зерттеулер заман талабынан туындаған рухани – мәдени қажеттіліктердің бірі.

Бұндай зерттеулер өз кезегінде түркілік рухани құндылықтарды тұтастай жаңғырту мен «түбір бір түркі халқы» идеясының стратегиясына да сәйкес келеді. Кез–келген халықтың, ұлттың дербес мәдениеті болатыны заңдылық. Осы орайда,

бүгінгі түркі тілдес халықтар мәдениетіндегі әрбір зерттеудің түркілік өркениеттің маңызын, әлемдік өркениеттегі үлесін жан – жақты бағамдауымызға мүмкіндіктер беретіні даусыз.

Дулатитанушы ғалымдар пікірінше, түркілік өркениеттің әрбір жетістігін талдау арқылы, ұлы тұлғалар шығармашылығы негізінде бүгінгі түркі тілдес халықтардың мәдениетінің бастауы түркілік дүниетанымда жатқандығын айтады. Осы себепті де, қазақ халқының мәдени – тарихи құндылықтарының толыққанды саралануы мн әлемдік өркениеттегі маңызын зерделеуде түркілік өркениетті жан – жақты зерттеудің мәні артады.

Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен географиялық кеңістікте бүгінде жүздеген мемлекеттер өмір сүруде. Егер біз Еуразия сахарасындағы өркениетті Ұлы Қыпшақ даласындағы өркениет дей келіп, Мұрад Аджидың пікірімен келтірсек, «Бұл мәдениетті печенегтер, бұлғарлар немесе басқалар қалыптастырды десек те, төркіні бір. Өйткені, далада түркі тілі үстемдік еткен. Ұла дала бір ғана түркілік мәдени дәстүрлермен өркендеген. Түркілік рухани құндылықтарды қалыптастырған» [5, 153б].

Түркілік өркениет «өмірдің әсер – ықпалымен» туындаған, өз мазмұн қуатымен дараланатын рухани мағынаға ие. Оны бүгінгі зерттеулер мен асыл ойлар керуені дәлелдеп беруде. Түркі дүниесіне ортақ ғұлама ғалымдарымыздың сүбелі ойлары мен тұжырымдары ғылыми сипатымен және терең философиялық қуатымен дараланып, әлемдік мәдениет пен руханиятта айрықша бағалануда.

Осы тұрғыдан келгенде, Дулати сынды түркі жұртына ортақ ойшылдар дүниетанымдары мен шығармашылық мұрасы негізінде рухани – мәдени құндылықтарымыздың тарихи тамырын тереңдетіп, келешек дамуымызға бағыт – бағдар етудің қажеттілігі арта түседі.

Бүгінде Қазақстан – бабалар арманы болған тәуелсіз мемлекет. Аздаған уақыттың ішінде әлемдік аренада өз орнын белгілеп, дамыған мемлекеттер қатарына ену жолында мәңгілік елге айналу үдерісі жүзеге асырылуда.

«Мәңгілік Ел дегеніміз не?» деген сауалға нақты анықтамалар беріле бермейді, өйткені, ол аксиома іспеттес. Дегенмен, кейбір түсіндірмелерге қысқаша тоқталып өтуімізге болады.

Ғалым Ж. Сәрсенбаева: «...еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел стратегиясы шарттары мен бағдарлары уақыт өзгере келе ұмтылатын, бір кездерде жоққа шығарылатын концепциялармен емес, барынша мәңгілік және тұрақты тұғырнамаға айналатын негіздер», – дей келіп, мәңгілік ел дегеніміз өркениеттің озық үлгісіндегі, зайырлы, құқықтық еркіндікті жақтаған, еркіндікке ұмтылған, демократиялық мемлекет екендігін, бұл жолды таңдауымыз жайдан – жай еместігін, біздің тарихи жолымызда ұстанған басты тұғырымыз екендігін баяндайды [6, 102 б].

Әрбір мемлекет пен халықтар, ұлттар мен этностар белгілі бір уақыт өткен сайын циклды түрде жаңғырып отырады немесе соны қалайды. Еліміздегі рухани жаңғыру бағдарламасының тарихы мен әлеуметтанулық – саясаттанулық ұстанымдары бүгінгі таңда кемелдене зерттеліп келеді. Біз осы орайда, түркілік рухани құндылықтар мен М.Х. Дулатидің осы үш тағанға қатысты қырларына тоқталып өтетін боламыз.

Мәңгілік елдің тарихи – танымдық қырлары туралы зерттеушілеріміз өз ойларын: «Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл – Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» тарихи шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық–методологиялық тұрғыдан

тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны», – дей келіп, осылардың барлығында ел тұтастығы, бірлігі идеясының айтылатындығын, барлық күштердің кепілі – бірлік болу қажеттігін, кейінгі ұрпаққа бұларды аманаттау әрбір қазақтың аманаты екендігін, тәуелсіздік, азаттық идеясынан нәр алып жатқандығын пайымдайды.

Бұл тұста, негізінен Мәңгілік Ел туралы толғаған жазбалар мен ойшылдар нысанаға алынған. Дегенмен, Мәңгілік Ел идеясына басқа да түркі ойшылдарының қатыстылығын немесе сол ойшылдар тұжырымдары негізінде мәдени – рухани дамуға жаңаша серпін бере алатынымызды ұмытпаған жөн. Мәселен, Дулати қазіргі таңда негізге алынып жүрген Қазақ хандығының құрылуына қатысты жайттар бойынша қазақ ұлтының тарихын әріден бастап, тарихи айғақтар жазып қалдырған. Ол өз еңбегінің кейбір жолдарын «Зафар – намадан» алғандығын ескерсек, мынадай айғақтарды келтіруімізге болады.

«Содан барлық жұртшылыққа жақсы мен жамандық өздерінің іс – қимылының нәтижесіне байланысты екені белгілі болды. Сондай – ақ, «Құран» Кәрімнің мына аятына сай: «Бұл дүниеде кім жақсы іс істесе, оны өзінің пайдасы үшін істейді, ал кім жаман іс қылса, оның зиянын өзі тартады» (кейін бәрінде Тәңірдің алдына барасыңдар) дегеніндей, Әзіреті Сахиб Қыран ол аймақтан өтіп, қазақ жұртуәлаятына шабуыл жасады. Жеңімпаз әскердің жауынгерлері барлығын билік күйдіруші семсерінің қармақ жеміне айналдырды. Қазақ даласын талан – таражға салды. Ол жерде көптеген мал – мүлік пен олжаға қол жеткізді [7, 36 б].

Осы тұста Шоқан Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі» еңбегінде: «1932 жылы Әмір Темір Алтын Орда ханы Тоқтамысқа шабуыл жасағанда Қарақұмды мекендеген Алаша ханның ұрпақтары Әмет пен Сәметті дарға асып, өлтіргендігін айтады. Ал авторлардың Жүсіп Баласағұнды бөліп көрсетуі оның «Құтты білік» дастанында адам мен қоғам тірлігі туыстыққа, бірлікке, «кісіңді іздеуге», «тәнге ерік бермеуге», «нәпсі мен құмарлықтың күш алмауына», «иманды әлсіретпеуге» негізделгенде ғана мәңгілікке жететіні туралы ойына бағытталған деп ойлаймыз.

Сондай – ақ, Асан Қайғы бабамыздың «Жерұйықты» іздеуі де түптеп келгенде Мәңгілік Ел идеясымен келіп орайласады. Міне сондықтан да, түркі – қазақтық руханиятымыздың тарихындағы Мәңгілік туралы арнайы ой толғаған даналарымыз да бар, дегенмен, басқа да тарихи тұлғалар осы мәңгілік ел болуымыздың шарттарын құрап келгендігі сөзсіз. Бұл тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектері тарихымызды айшықтап жазғандығы және оның бүгінгі күнге дейін сақталғандығы аса маңызды. Өйткені, тарихтың шынайы ақиқатын білмей, Мәңгілік Ел туралы сөз қозғау өзіндік орнықты логикаға жеткізе бермейді. Бүгінгі таңдағы еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел идеясы болашақ тарихқа бой сермейді, бірақ ол жалаң, фантастикалық, қияли, алдамыш, күдікті болашақ емес, өткен тарихты алғышарт ретінде қабылдайтын, бұрынғы өткенімізбен сусындайтын және сол арқылы сенімділік орнықтыратын уақыттың үш мезгілінің «өткен – бүгін – болашақ» тұтас үлгісі деп айта аламыз.

Белгілі ғалым Б.М. Сатершинов айтқандай, «Осылайша «өткен шақ – осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ – болашақ», «өткен шақ – келешек» сынды модификацияларына ие болады». Демек, Мәңгілік ел мұраты постмодернистік пафос емес, ол – өткен мен болашақтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, логикалық пен тарихилықтың бірлігінен құралған түркі – қазақ халқының өміршендігінің тұтас құрылған формуласы іспетті. «Мәңгілік елдің қазіргі таңда басты жеті ұстанымы бар. Оларды санамалап айтатын болсақ, бірінші, ел тәуелсіздігі мен Сарыарқа төсіндегі Астанамыз. Екіншісі, қоғамымызда үстемдік

етіп отырған ұлттық бірлік, бейбітшілік пен ұлтаралық келісім. Үшіншісі – зайырлы қоғам мен жоғары руханият, төртінші ұстыны – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық дамуымыз. Ал, бесіншісі жалпыға ортақ еңбек қоғамы болса, алтыншысы тарих, тіл мен мәдениеттің үш тұғырлылығы, соңғы ұстыны – бүкіләлемдік мәселелерге қатысуымыз» [8, 65 б].

Зерделей қарасақ, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы – түркі халықтарының ортақ тарихи тағдырымен де тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстандағы жергілікті ұлт қазақтардың тарихы, мәдениеті, тілі ортақ екендігі күмансыз, бірақ, ол бүгін ғана қалыптасқан елдік атрибут емес, көне замандардан бері сабақтасқан мұраттардың жиынтығымен оның өміршендігінен құралған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих и Рашиди» шығармасында Қазақ хандығының құрылуы мен оның бастапқы кезеңдері туралы айтылады, дегенмен, оның басқа да жазған тарихи оқиғаларының өзі көбінесе түркі халықтары арасындағы кикілжіндер мен достық қарым – қатынастардан бастап, олардың тұрмыс – тіршілігі туралы баяндалады. Әрине, XIV – XV ғасырларда Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы түркі халықтарының дифференциациялану кезеңі басталды, олар ірілі – ұсақты ұлыстарға бөлініп кетті.

Міне, Дулатидің бұл тарихи еңбегінде осы ыдырау үдерісі және оның субъектілерінің өзара қарым – қатынасы баяндалады. Бұдан нақты логикалық сауал туындайды: «Алтын Орда неліктен Мәңгілік Ел бола алмады?». Егер де бабамыздың осы тарихи еңбегіндегі оқиғалар тізбегіне назар салсақ, оған жауап ала аламыз: бірліктің болмауы, алауыздық, жеке билікке ұмтылу, басқыншылық, сыртқы жауларды ескермеу, тақ үшін талас және тағы басқа жағымсыз себептердің бәрі осы еңбекте баяндалған. [9, 125 б]. Бұл оқиғалар нені меңзейді? Әрине, біз мұны: «Өткеннен сабақ – болашаққа мақсат» деп қысқаша тұжырымдай аламыз. Мәңгілік Ел ел ішіндегі мұндай кикілжіндерді жоққа шығарады, сондықтан, жоғарыда айтылып кеткен Мәңгілік Ел идеясының ұлттық бірлік, қоғамдық келісім мен бейбітшілік тұжырымының біз қарастырып отырған тақырыппен қаншалықты деңгейде байланысты екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Қорыта келгенде, бүгінде ұлы даланың жеті қырына баланып отырған Ұлы жібек жолы түркілік өркениеттің кең қанат жайып, өркендеуіне, әлемдік өркениетке зор ықпал – әсерін тигізуге себепші болды. Осыған байланысты, түркілік өркениетті, сондай – ақ қазақ өркениетін «осытқ өркениет» деп бағалады. Ал, заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов болса, «дүниежүзілік мәдени осы» деп санаған болатын.

Мырза Хайдар Дулати – ел билеп, қаһарман қолбасшы, өткен дәуір шежіресін жазып кеткен ұлы тарихшы ғана емес, ұлы ғұлама, терең ойшыл. Оның ой – толғамдарынан кең байтақ сахараға тән дархандық, уақытқа үйлесімділік, жаңашылдық, тереңдік сезіледі. Әсіресе, ұлттық рухани тұлғаларымыздың әрбірінің ойлары Дулатидің көзқарастарымен өзара астасып, ұлттық тарихи – мәдени басымдықтарымызбен үндесіп жатқандығын байқаймыз. Ойшылдың ислам діні жайындағы пікірлері, түркілік дүниетаным жүйесіндегі діни ұғым – түсініктері терең зерделеуден өтті. Себебі, Дулати Бабыр сынды ұлы тұлғаның бай кітапханасынан сусындап, шығыстық мәдениетпен жете танысқан. Осы себепті де, тектілікті ту еткен бабаның кісілік, адамгершілік жайлы, адам өмірі туралы ой – толғамдарының тәрбиелік маңызы терең. Әсіресе, өскелең ұрпақты ел ертеңіне саналатын адамдық негізде тәрбиелеп, отансүйгіштік сезімдерін оятуға, ұлттық тарихымыздың терең қатпарларын толыққанды зерделеуге М.Х. Дулати баға жетпес үлесін қосты. Әрбір арлы қоғам өз тектісін даралап, шығармашылығын терең зерделеу арқылы дамудың жоғары биігіне шығуға мүмкіндік алады. Осыған байланысты бүгінгідей өзгермелі қоғамда әр адамның тұлғалық негізде қалыптасып, имани ақыл мен даналыққа

бастайтын тұжырымдарын зерттеп, бағалаудың жас мемлекетіміз үшін жаңа даму басқышы болумен қатар, жаңаша жетістіктер беретіні даусыз.

Әдебиет:

- 1 Дербісәлі Ә., Мұхаммед Хайдар Дулат. Өмірбаяндық – библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1999. – 160 б.
- 2 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы. 2004. – 388 б.
- 3 Көмеков Б., Кәрібаев Б., Мұхаммед Хайдар Дулат – тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруана, 2004. – 95б
- 4 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 5 Қасқабаяв С. Золотая жила. – Астана: Елорда, 2000. – 320 с.
- 6 Бердімбек Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989 – 360 б.
- 7 Жолдасбайұлы С., Дулат М.Х. және XV – XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақ университеті, – 2000. – 112 б.
- 8 Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей). Жалпы ред. Басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. – Алматы: Тұран, 2003. – 616 б.
- 9 Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих и Рашиди (парсы тіліндегі қолжазба)

**XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЖБҮРЛІ
ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІНІҢ
ТАРИХНАМАЛЫҚ КОНТЕКСІ**

Мамытова С.Н.

т.ғ.д., асоц. профессор

(Astana IT University, Нұр–Сұлтан қ., Қазақстан)

Қазақ қоғамында XX ғасырдың 30 – жылдарындағы ұжымдастыру мен ашаршылық уақытындағы қайғылы оқиғалар жайлы тарихи естеліктердің маңыздылығы тек тарихи әділеттілікті қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар әлеуметтендіру мәселелерін шешу, азаматтарда патриоттық сезім қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту үшін де маңызды. Осыған орай, отандық тарихнамада осы тақырыпқа байланысты ізденістің жоғарылағаны байқалады. Сөзсіз, зерттеу бағыттарының кеңеюіне бұрын жабылған мұрағат қорларының құпиясыздандырылуы, арнайы сараптамалық комиссиялардың құрылуы, әртүрлі диалог аландарының ұйымдастырылуы сияқты мемлекеттің жүргізіліп жатқан саясаты ықпал етуде. Соңғы кезде отандық тарихнамада қарқынды айналыс алып жатқан ашық пікірталастар мифологиялық процестердің шектелуіне ықпал етеді. Бүгінгі күнге дейін жарияланған кешенді ғылыми еңбектер терең және объективті талдауды қажет етеді. Бұл, әсіресе қоғамдық сананың деформациялануының алдын – алуы үшін қажет.

Бұл мақала мақсаты белгілі бір дәрежеде тарихнамаға шолу жасау арқылы қазақ «көшпенділердің» тарихымен байланысты ғылыми еңбектерді жүйелендіру мен жинақтауға ықпал ету. Оған жету үшін тақырыптың ең даулы аспектілері көрсетіліп, тарих ғылымының дамуының әртүрлі кезеңдеріне тән мәселені зерттеу ерекшеліктері қарастырылды.

Тарихнамалық талдау жүргізілу барысында XX ғасырдың 30 – жылдары қазақтарды күштеп қоныс аударылуы туралы мәліметтерді қамтитын ұжымдық еңбектер, монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық зерттеулер, конференциялар мен семинарлардың материалдары қолданылды.

Зерттеліп жатқан тақырып бойынша, тарихи көрініс қалыптастыру ерекшелігі мәселелік принципке сүйенуге тірек болды. Сонымен қатар, әдіснамалық негізді жүйелік тәсіл мен тарихнама қағидатын құрады. Мәселелік – хронологиялық, тарихи – салыстырмалы, типологиялық әдістер қолданылды. Тарихнамалық фактілерді зерттеу барысында олардың пайда болу шарттары мен өзара әсері ескеріле отырып, логикалық талдау әдісі қолданылды.

XX ғасырдың 30 – жылдарында «көшпенділер» деп аталатын қазақтардың қайғылы тағдырымен байланысты мәселелерді негізінен Қазақстандағы XX ғасырдың 20 – 30 жылдары ашаршылық тарихы жөніндегі зерттеулер шеңберінде талқылана бастады. Бұл үдерісті кеңес тоталитарлық режимінің құлауымен және Республиканың тәуелсіздік жариялануымен байланыстыруы заңдылық.

Белгілі болғандай, XX ғасырдың 90 – жылдары басында тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында, Кеңес үкіметінің қылмыстарын толық ашу, жазықсыз қуғын–сүргінге ұшырағандарды ақтау мақсатында арнайы комиссиялар құрылды. Академик М.К. Қозыбаевтың жетекшілігімен ғылыми комиссия құрылып, оның құрамында танымал қазақстандық ғалымдар К. Нұрпейсов, Г.С. Сапарғалиев, Ж.Б. Абылхожин, М.К. Қойгельдиев, К.С. Алдажұманов, Т.О. Омарбеков, М.Б. Татимов, В.К. Григорьев, Ю.И. Романов, М.Ж. Хасанов және т.б. жұмысын бастады. Комиссия мүшелері жаңа, ертерек құпияланған құжаттарды пайдалана отырып, «Қазақстандағы ашаршылық» атты алғашқы тұжырымдаманы қалыптастырды. Алғаш рет аштық қазақ халқына қарсы геноцид ретінде жарияланды. Осы кезеңде жарық көрген мақалаларда ашаршылық себептері мен салдарын объективті түрде талдауға талпыныстар жасалды. XX ғасырдың 20 – 30 – жылдарындағы Қазақстандағы адамдардың жаппай қырылуына әкелген оқиғалардың драматизмі бойынша ерекшелігі байқалды. М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, М.Б. Татимов ұсынған санақ бойынша 1,75 млн. адам аштықтан қайтыс болды [1, 71б].

Қазақ диаспорология саласындағы жетекші маман Г.М. Мендикулова қазақтардың жаппай қырылуына әкелген Қазақстандағы заңсыз күштеп ұжымдастыру жылдарын, қазақ халқына қарсы жасырын геноцид екенін растап, баға берді. Ол бұл қайғылы жағдайларды «этноцид» деп атады. Оның айтуынша, бұл процесс Қазақстандағы үлкен адам шығынымен, сондай – ақ шамамен 1 млн 30 мың халықтың көрші Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қытай, Иран, Ауғанстан аумақтарына кетуімен қатар жүрді. Олардың 616 мыңы біржолата қоныс аударып, 200 мыңға жуық қазағы Қытай, Моңғолияға, Ауғанстан, Иранға көшіп, кейін 414 мың қазақ Қазақстанға оралды [2, 29б]. Г.М. Мендикулова Қазақстанмен шектесетін Ресейде (Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы–Алтай автономиялық облысы), Өзбекстанда (Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандары) және Қытайда (Алтай аудандары, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, ШҰАР – дағы Баркөл Құмыла) тұратын қазақтарды «соғыстар, аннексия, шекара даулары немесе отарлық модельдер кешені» нәтижесінде «олар тарихи отанынан тыс жатқанымен өз аумақтарында тұрады» деп ирредентке жатқызды [2, 29б]. Авторы (Мендикулова, 1997 ж.) «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры: пайда болуы мен дамуы» монографиясында қазақ диаспорасының қалыптасу процестері мен себептерін талдай отырып, «қазақ диаспорасы өзінің бүкіл тарихында көшіп – қонуы күштеу немесе мәжбүрлі сипатқа ие болды» деп жазды. Ғалым зерттеуге маңызды сұрақтардың бірі– үштұғырлылық мәселесін көтерді. Ол – «үш негізгі компоненттен өзара қарым – қатынас, өзара тәуелділіктен және өзара байланыстан тұратын қазақ диаспорасы, Қазақстан Республикасы және біздің Отандастарымыз» [2, 174б].

Ашаршылық туралы жалғыз жеке дара тәуелсіз түсіндірулермен қатар конференция мен семинарлардың материалдар жинағы мен ұжымдық еңбектері шықты

(Халық үнсіз емес, 1996) [3]. 1995 жылы Алматыда өткізілген «Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын–сүргін» конференциясы кең резонанс тудырды. Конференцияға жаппай қуғын – сүргіннің – ГУЛАГ – тың бұрынғы тұтқындары, атылған кулактар мен байлар деп аталатындардың балалары мен немерелері, сондай – ақ жер аударған халықтардың ұрпақтарының қатысуы ерекше атмосфера келтірді. Олардың қатысуы, сондай – ақ қалың жұртшылықтың осы тақырыпқа деген қызығушылығы, қойылған тақырыптың ғылыми ғана емес сонымен қатар қоғамдық – саяси дыбысқа ие болғандығын куәләндырады.

XX ғасырдың 30 – жылдарында аштықтан қашқан қазақтардың қайғылы тарихымен тікелей байланысты алғашқы ғылыми еңбектердің бірі – М. Малышева мен В. Познанскийдің «Қазақтар – Батыс Сібірдегі аштықтан босқындар. 1931 – 1934 жж.» атты ұжымдық монографиясы болды [4]. Авторлар XX ғ. 20 – 30 жж. Республикадан тыс, Сібірге қоныс аударған қазақтардың өмірлері үшін күрес тарихын зерттеді. Олар 1921 – 1922 мен 1930 – 1934 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық дағдарысқа қалай әкелгенін көрсетті. Бұған шаруалар көтерілістерін басуға, кулактарды жоюға Сталиннің қуғын – сүргінгі бағытталған жазалау саясаты әсер етті. Сондай – ақ олар Сібірдегі орыс халқының қазақ диаспорасына ықпал ету мәселесін қарастырып, жергілікті халық тарапынан босқын қазақтарға достық қарым – қатынас пен көмек көрсету фактілерін келтірді.

Зерттеулердің жаңа өрлеуі 2000 жылдары байқалды. Бұл ресми саясат пен жаңа мұрағат қорларының қолжетімді болуымен байланысты болды. Белгілі қазақстандық тарихшы Талас Омарбеков Қазақстанның құпия мұрағаттарын пайдаланып, 2003 жылы «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» атты кітабын басып шығарды. Онда ол адам шығынын 3 млн 379 мың 500 адамға бағалап, оның миллионға жуығы босқындар деп көрсетті. Оның ойынша, аштықтың басты себебі ұжымдастыру соңына қарай мал басының 40 миллионнан 4,5 миллионға қысқаруымен қатар дәстүрлі қазақ мал шаруашылығының жойылуы болды [5].

1932 – 1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық уақытының нақты көрінісін қалпына келтіру үшін Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Мемлекет Тарих институты орасан зор жұмыс атқарды. 2012 жылы Б.Ғ. Аяған, Ж.У. Қыдыралина, А. Аунасова, А.Н. Қашқымбаевтың «1392 – 1933 жылдардағы ашаршылық туралы ақиқат» атты ұжымдық монографиялары жарық көрді. Онда ұжымдық қарсылық пен колхоз құру саясатына қарсы тұрып, аштықтан құтылудың дұрыс әдісі жаппай қоныс аударуға баға берілді [6, 228б].

Тарихшылардың мәселені бірлесіп талқылаулары және «Қазақстандағы ашаршылық: халықтың қасіреті және тарих тағылымы» [7], «1930 жылдағы Украина мен Қазақстандағы ашаршылық: тарихнама сұрақтары және мәселелерді зерттеудің жолдары» [8] атты конференциялар жинақтарын жариялаулары жоғары бағалауға лайық. Онда көрсетілген сенімді құжаттарға негізделген баяндамалар, жалпы қасіретті ашуға мүмкіндік беріп, оның сабақтары ғасырлар бойы халықтар достастығының тарихи байланыстарын нығайтуға көмектесуі қажет. Қазақстандық тарихшы ғалымдар Е.Б. Сыдықов, Б.Ғ. Аяған, З.Е. Кабулдинов, М.О. Абсеметов, Т.С. Садықов және т.б. баяндамалары үлкен қызығушылық тудырды.

Кеңейтілген пікірталастардың осы мәселе бойынша басты қатысушылары қазақстандық, украиндық, ресейлік зерттеушілер болды. Ғалымдар пікірталасы негізінен 1932 – 1933 ашаршылық себептері, ауқымы мен салдары туралы болды. Көпшілігі Қазақстан мен Украина аумағындағы ашаршылық құрбандарының ауқымының кеңдігін растағанымен, түрлі себептерге байланысты әртүрлі көзқарастар байқалды. Егер біреулері ашаршылықты, Сталиннің орталықта және Голощекиннің Қазақстанда жіберген Кеңес үкіметінің асыра сілтеу нәтижесі ретінде қарастырса, енді

біреулері жасанды түрде жасалған жаппай ашаршылықты ұлттың және халықтардың бірігуін басып–жаншу үшін жасалған деп есептеген.

Профессор Е.Б. Сыдықов партиялық–кеңестік басшылықтың қателіктері ресми түрде «көшпенділер» деп аталатын «бақытсыз адамдардың» үлкен массасының пайда болуына әкеп соқтырғанын атап өтті [9, 96]. Ғалым қазақ халқының республикадан тыс жерлерге қоныс аудару контекстінде ашаршылық мәселесінің бірқатар маңызды аспектілері: саны, қайғылы жағдай ауқымы, қоныс аудару бағыттары, тұратын жердегі өмір сүру жағдайларын көтерді.

Талқыланып жатқан мәселелердің бірі – Қазақстанға ХХ ғасырдың 30 – жылдарында ашаршылық кезінде қоныс аударған көшпелілер санын анықтау. Кеңес уақытында олардың есепке алынбауы бұл мәселенің зерттелуіне едәуір қиындық туғызуда. Тек Батыс Сібірдің аумағына қоныс аударған қазақтар саны 50 мыңға жуық адам екендігі ресми түрде мәлімделді. Бірақ З.Е. Кабулдиновтың мәліметі бойынша «олардың саны кем дегенде 18 –20 есе көп болды деп көрсетілген» [10, 546]. Е.Б. Сыдықов Қазақстаннан қоныс аударғандар саны 1030 мың, оның 616 мыңы елге қайта оралмады деп көрсетті.

Зерттеушілер үшін азды – көпті шешілген мәселелердің бірі қоныс аудару бағыты туралы мәселе. Ғалымдар Қазақстандық босқындардың ең көп ағынын шекаралас аймақтардан Қырғызстан, Орта Азия Республикалары, сондай – ақ Поволжье, Оңтүстік Орал, Батыс Сібірде тіркеді.

Е.Б. Сыдықовтың айтуынша: «қазақтардың бір бөлігі Шығыс Сібірге де келген»... Сібір негізінен Ұлы және Орта жүз руларынан кем дегенде 100 мың қазақты қабылдады [9, 146]. Новосібір облысы мемлекеттік мұрағатының қорының үлкен дерекқор базасында, ғалым қазақ халқының қасіреті, бүкілхалықтық бақытсыздықтың құрбаны болған жетім балалардың тағдырына ерекше назар аударды.

Дала өлкесі мен Батыс Сібір қазақтарының тарихының жетекші маманы З.Е. Кабулдинов бай этнографиялық және мұрағаттық материалдарды қолдана отырып, ХХ ғасырдың 30 – жылдарындағы оқиғаларға «орталық өкілдері құрастырған, жасанды ұйымдастырылған аштықтан қазақтар мен украин халқы көп жағдайда және едәуір дәрежеде көп зардап шекті, нағыз этникалық геноцид, – деп баға берді» [10, 646]. Ол қазақтардың мәжбүрлі түрде қоныс аудару бағыттарын, жаңа қоныс орындарында қазақ «көшпенділердің» мәселелерін қарастырып, неге қоныс аударылған қазақ халқының саны жасырылып жатыр? – деген сұрақты көтерді.

Зерттеуші В.И. Сергийчук көптеген ашыққан қазақтар үшін қоныс аударуды құтқарылудың жолы деп көрді. Оның пікірінше, сол кездегі ҚАСКР басшылығының өтініші, бойынша халықтың белгілі бір уақытқа қоршаған көрші аймақтарға уақытылы қоныс аударуы мыңдаған адам өмірін аштықтан құтқарды [11, 1646]. Ол астық дайындау науқаны кезінде биліктің қазақ халқына қарсы жүргізген террор әрекеттері қоныс аудару себептерінің бірі деп көрсетті. Қазақстан Президенті мұрағатының 141 қорындағы құжаттарға сүйене отырып, ол Қазақстан билігінің «көшпелі элемент» мәселесін шешуге тырысқанын көрсетті. Аудандық және облыстық партия ұйымдарының алдына қойылған басты міндет: «көшпенділерді» дереу ауылдағы өз орындарына оралуын ұйымдастыру. Осы мақсат үшін сол кезде басым болған топтық–әкімшілік саясаты негізінде кейбір іс әрекеттер жасалды. Атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстанға ашаршылықтан зардап шеккен қазақтарға мақта жинауға вагондар жөнелтілді. В.И. Сергийчук «қазақтардың 38 вагоны құрылып, Пахта–Арал ауданына жөнелтілді» деп жазды. Алайда, Ташкентке дейінгі жолда 3 килограмм нан орнына жолға тек 500 грамм бидай беріліп, ол ашығуға әкеліп, 2 баланың, 2 ересектің қайтыс болуына әкеп соқтырды [11, 1736].

Қазақтар «көшпенділер» туралы ақпараттарды қамтитын мақалалар «Еуразия қазақтары: тарихы мен мәдениеті» (2016) ғылыми еңбек жинағында бар. А.Б. Алдашева, Г.Т. Телебаев «Қырғызстандағы қазақтар: тарих және қазіргі заман» мақаласында ХХ ғ. саяси оқиғалардың (1916 ж. көтеріліс, 1920 – 1930 ашаршылық, қуғын–сүргін) Қырғызстандағы қазақ диаспорасының қалыптасу процесіне әсерін талдады [12]. Профессор З.К. Құрмановтың деректеріне сүйене отырып, олар «125 мың қазақ босқындары Қырғызстанға келді» деп жазды [13]. Жаппай ашаршылық жылдарында қазақтар Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан кейін Иран мен Ауғанстанға 1921 – 1922 және 1932 – 1933 жылдары неғұрлым қарқынды көшті [12, 76].

Шекаралық аудандардағы қазақтардың этникалық сана–сезімін белгілі тарихшы Ж.А. Ермекбаев зерттеді. «1991 – 1997 жылдары РКФСР және КСРО құрамындағы ресей қазақтары» атты еңбегінде ол ұжымдастыру мен ашаршылық кезеңіндегі мәжбүрлі қоныс аудару туралы мәселені қозғады [14].

